Пропитка малых изделий производится в термостате при температурах $40\text{-}60^{0}C$ по определенной схеме. На пропитываемое изделие раствор ПЭГ наносится кисточковым методом и помещается в закрывающуюся пластиковую коробку. Режим пропитки состоит из двух этапов: в начале температура устанавливается $55\text{-}60^{0}C$, раствор ПЭГ наносится 1 раз в сутки, на втором этапе температура уменьшается до $40\text{-}45^{0}C$, раствор ПЭГ наносится 1 раз через 2-3 суток.

При пропитке водонасыщенной древесины для увеличения коэффициента проницаемости пропиточного состава раствора ПЭГ необходимо начинать его

использование в высококонцентрированном виде, проводить постоянную подсушку изделия с постепенным уменьшением концентрации используемого ПЭГ в этиловом спирте.

При пропитке водонасыщенной древесины использовался спиртовой раствор ПЭГ без добавления воды. Начальная концентрация ПЭГ 35-40% в этиловом спирте, постепенно уменьшалась до 20%.

При постепенном вытеснении почвенного раствора консолидирующим составом не возникает проблем неравномерной деформации древесины и обусловленного этой причиной разрушения изделия. При пропитке водонасыщенной древесины надо использовать спиртовый, но не водный раствор ПЭГ, т.к. необходимо достижение максимального вытеснения почвенного раствора.

Для пропитки изделий до 50 см использовался кисточковый метод нанесения раствора ПЭГ и изделия помещались в термостат в герметично упакованном виде. Крупные образцы погружались в ванну со спиртовым раствором ПЭГ на 1 сутки, затем их оттуда вытаскивали и в герметично завернутом виде выдерживали 2-3 суток. Но в дальнейшем мы от такой пропитки отказались и пропитку крупных изделий проводили методом распыления спиртового раствора ПЭГ и периодической медленной сушкой, когда изделие находится в герметичной упаковке. Надо уточнить, что герметичность достаточно условная, внутри упаковки свой микроклимат с максимальным содержанием паров спирта и минимальным парциальным давлением воздуха. В сумме давление паров спирта, паров воды от высыхания древесины и воздуха внутри упаковки будет равно внешнему давлению, но будет происходить массообмен и постепенное высыхание древесины. Таким образом процесс пропитки древесины и ее обезвоживание будет происходить одновременно.

*Консервация сухой археологической древесины.*

Деградированная археологическая древесина, особенно сухая, характеризуется продольным и поперечным сжатием волокон древесного материала, которые сопровождаются уменьшением его линейных размеров и объема, ростом пористости. Сжатие волокон древесины приводит к нарушению связей между ними в продольном и поперечном направлениях, уменьшению гибкости этих связей и гибкости самих волокон. При нанесении жидкости в виде пропиточного состава на поверхность изделия происходит неравномерное набухание древесины, связанное с особенностями сорбционных процессов.

Для исключения этих негативных явлений необходимо пропитку деградированной сухой древесины проводить так, чтобы пропиточный раствор ПЭГ в этиловом спирте проникал равномерно во весь объем изделия. Это возможно в случае, когда коэффициент проницаемости пропиточного раствора будет иметь равное значение во всем объеме пропитываемого образца. Это достигается использованием малых концентраций ПЭГ на начальной стадии пропитки (не более 5% ПЭГ в этиловом спирте). Далее, постепенно концентрация ПЭГ увеличивается до 20-25%. Пропитка должна производится в

изолированном объеме насыщенной парами спирта. Процесс пропитки может быть представлен в виде адсорбции раствора на поверхности пор древесины, поглощения раствора всем объемом в виде капиллярной конденсации, набухания материала. Все эти процессы возможны только при смачивании раствором поверхности данного материала. Нами показано, что предварительное насыщение образца деградированной сухой древесины парами спирта приводит к увеличению степени проникновения раствора в пропитываемый образец, к ускорению процесса пропитки, исключению его разрушения. Достижение такого эффекта объясняется тем, что предварительное насыщение пор древесины парами спирта увеличивает коэффициент смачивания поверхности для жидкости на спиртовой основе и коэффициент проницаемости для этого раствора. Происходит также рост гибкости древесного материала.

*Некоторые общие результаты.*

Удаление воды из водонасыщенной древесины, особенно археологической, будет приводить к образованию трещин на ее поверхности, размер которых с глубиной уменьшается. Это связано с волокнистой структурой древесины и характером связи между ними. Медленная или бережная сушка не может предотвратить это явление, но она может быть использована при пропитке с применением спиртовых растворов ПЭГ. При постепенном вытеснении воды из водонасыщенной древесины консолидирующим составом не возникает проблем неравномерной деформации древесины и обусловленного этой причиной разрушения изделия. Поэтому для пропитки водонасыщенной древесины надо использовать спиртовый, но не водный раствор ПЭГ, т.к. необходимо достижение максимального вытеснения воды из древесины.

Удаление воды из водонасыщенного образца производится ее одновременным замещением полиэтиленгликолями молекулярной массы 1500 – 4000. Такой процесс предупреждает сжатие волокон древесины от удаления воды. Один раствор – почвенный вытесняется другим – консолидантом. Проникновение высоких концентраций ПЭГ в древесину является медленным процессом. Проникновение высоких концентраций ПЭГ в древесину происходит за счет использования следующей порции раствора ПЭГ более низкой концентрации и тепловой обработки в термостате. Пропитка должна производится в изолированном объеме, насыщенной парами спирта.

Все деревянные изделия в берельских курганах изготовлены из хвойных пород дерева, в основном, лиственница. Размеры небольших изделий до 50 см и толщина не более 3-4 см. Крупные образцы древесины доходили до 2-3 м, с толщиной до 30-50 см. Содержание воды в водонасыщенной древесине составляло от 80-90% до 150-200%. Плотность изделий зависела от степени деградации и была ниже, чем у недеградированной свежей древесины и составляла 0,55-0,40 г/см$^3$.

В процессе работы, проведено исследование изменения массы двух обрабатываемых предметов. Результаты исследований представлены на графиках зависимости массы от времени (рисунок 1 (а, в).

Из рисунков 1 видно, что процесс вытеснения почвенного раствора начинается после поглощения некоторого количества ПЭГ. Здесь ПЭГ действует как более активное ПАВ. Спирт как растворитель ускоряет выход воды из пористой среды. Вместе с этой смесью растворителей происходит выход на поверхность пропитываемого изделия других веществ, поглощенных ранее из почвы.

Используя эти рисунки, можно найти начальную массу изделия без поглощенных веществ, количество воды в древесине (начальную водонасыщенность), пористость материала, количество поглощенного ПЭГ.




( а )




( в )

*Рисунок 1. Изменение массы изделия №1,(а) и №2, (в) в процессе пропитки.*

Из графиков следует, что указанные изделия не были насыщены водой на 100%; часть пор свободна и в них происходило накопление консолиданта. Это может означать также, что часть поглощенной воды была потеряна при транспортировке и хранении перед консервацией.

*Консервация крупных изделий.*

Первоначально крупногабаритные изделия (доски сруба, колода, и прочее) погружаются в специально созданную ванну из нержавеющей стали, часть изделий помещались приспособленную по их размерам ванну со спиртовым раствором ПЭГ. Пропитка указанных изделий производилась в отдельном изолированном от лаборатории помещении. Ванны с пропитываемыми изделиями плотно укрывались сверху. Быстрого испарения спирта и заметного запаха спирта не замечалось, восстановление уровня спирта в ванне производилось ежедневно.

Большая толщина и габаритные размеры крупных предметов обуславливают значительно более длительный процесс консервации по сравнению с небольшими предметами подобной степени сохранности и может занимать до 12-20 месяцев.

*Выводы.* Длительные и тщательные экспериментальные работы привели к разработке эффективных способов консервации деградированной водонасыщенной древесины из курганов Берел [1, 2, 3, 6]. Применяющиеся составы и методики позволяют консервировать древесину относительно менее затратным способом, сохраняют внешний вид изделий, не требуют создания специального микроклимата для хранения и экспонирования предметов. На основе наших опытов мы рекомендуем хранить изделия после консервации в сухом помещении в закрытом обеме при температуре 20-30$^0$С, относительной влажности не более 40-50% , без попадания прямых солнечных лучей и интенсивного воздушного потока. После пропитки и чистки изделия имеют твердую структуру и гладкую поверхность. Текстура дерева четко выражена, цвет дерева натуральный, поверхность древесины не крошится. Степень пропитки консолидантом не менее 70%.

## Литература

1 Алтынбеков К.Р. Ахметкалиев Л. Чарлина. Научно-реставрационная лаборатория «Остров Крым»: опыт сотрудничества с археологами. Мәдени мұра. – Астана, 2009, 1(22). – 90-96 с.

2 Ахметкалиев Р.Б., Алтынбеков К. Инновационный патент РК №24689 «Способ определения степени деградации археологической древесины». Бюллетень изобретений Республики Казахстан №5. 2011.

3 Алтынбеков К. Возрожденные сокровища Казахстана: опыт научной реставрации. – Алматы: Остров Крым, 2014.

4 Кундо Л.П., Ревацкая Г.К., Мороз М.В. Консервация и реставрация крупногабаритных деревянных изделий «замерзших» курганов пазырыкской культуры Горного Алтая (IV-III вв. до н.э.), 2005.

5 Самашев З.С. Берел. – Алматы: Таймас, 2011.

6 Самашев З.С., Ахметкалиев Р.Б., Алтынбеков К.. Консервация и реставрация деградированной древесины Берельского кургана №11. – Алматы: Иль-Тех-Кітап, 2002.

**ҒТАМР 16.01.45**

# ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР

**К.З. Елшибаева**
*Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.*
**Б.Ш. Абылгазина**
*Қазақстан-Ресей медициналық университеті МЕББМ, Алматы қ.*

Өмір сүру барысында біз жаңа білімдерді, идеяларды кездестіреміз. Олай болса, оқыту үдерісі, әдістері де осы жаңашылдықтарға сәйкес өзгеріп отыруы тиіс. Өмір сүру барысында біз жаңа өнімдерді, заттарды, білімдерді, идеяларды кездестіреміз. Олай болса, оқыту үдерісі, әдістері де осы жаңашылдықтарға сәйкес болуы тиіс. Бүгінгі таңда педагогикалық тәжірибеде бірнеше ондаған жаңа стратегиялар, оқыту әдіс-тәсілдері, оның ішінде интерактивтік оқыту әдісі қолданылып келеді. Қазіргі заман педагогы оқытатын пәніне қарамастан интерактивтік оқыту әдістерінің қажетті «арсеналдарын» меңгеруі және оларды оқу үрдісінде қолдана білуі тиіс.

***Түйін сөздер:*** білім беру, әдіс, әдістеме, инновациялық технологиялар, педагогикалық инноватика, интерактивті технология.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9-тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

XX ғасырдың 30-жылдарында Еуропада ғылымның жаңа саласы, жаңашылдық ғылымы пайда болып, ал 50-жылдары педагогикалық инноватика қалыптасты. Жалпы, инноватика – жаңару үдерісі, жаңалық үдерістерінінің теориясы, жаңалық ендірулер туралы ғылым. Яғни, педагогикалық инноватика осы ғылым саласындағы жаңалықтар үдерісін зерттейді. Бұл мәселені шетелдік ғалымдармен (К. Ангеловский, М.В. Кларин, В.Я. Ляудис, М.М. Я.А.Пономарев және т.б.) қатар отандық Ш.Т. Таубаева, Ж.А. Қараев, Г.К. Нұрғалиева және т.б. педагог ғалымдар тарпынан біршама қарастырылған.

Инновациялық технологиялардың пайда болуы, мәдени байланыстың кеңеюі мен тереңдеуі, ақпараттар ағынының сапасы мен санының тұрақты түрде артуы уақытпен бірге қарқын алып отырған ақпараттар ағынына

бейімделу тәсілдерін меңгеру үшін тиісті ептіліктер мен білімді қажетсінеді. Бұл үшін ақпаратты қабылдау және есте сақтау қабілетімен бірге оны шығармашылықпен өңдеу, мәселелерді көріп, оларды шеше білу керек [1, 139 б.].

Педагогикалық тәжірибеде «оқытудың белсенді әдістері мен формалары» термині ертеден қолданылып келеді. Ол білім алушылардың оқу іс-әрекеті белсенділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізетін педагогикалық технологиялар тобын біріктіреді.

Интерактив сөзі – ағылшын тілінен аударғанда, *inter* – аралық, бірнеше, *action* – әрекет дегенді білдіреді. Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде білім алушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді.

Интерактивті әдістің мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, студенттерге жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту.

Психолог-ғалымдардың айтуынша, білім алушылар білімді төрт түрлі жағдайда алады екен:

– дайын білімді қабылдап алу;
– зерттеу барысында жаңалық ашу;
– әр түрлі жағдайда әсерді сезіну;
– синтез арқылы бұйым құрастыру немесе өнім жасау.

Интерактивті оқыту – бұл білім беру үрдісін ұйымдастырудың арнайы формасы, оның мәні әрбір проблеманың жалпы, бірақ маңызды шешімін табатын оқу материалын меңгерудегі, білім, идея, іс-әрекет тәсілдерімен алмасудағы білім алушылардың ортақ іс-әрекеттен тұрады.

Интерактивтік оқыту стратегиясы – педагогтың білім беру үрдісін нақты жолдардың, әдіс-тәсілдер жүйесінің көмегімен ұйымдастыруы, ол негізделеді:

– педагог пен студенттің субъект-субъектілік қатынасына (паритеттік, яғни екі жаққа да тең);
– көпқырлы коммуникацияларға;
– өзіндік бағалау және кері байланыс орнатуға;
– білім алушылардың белсенділігіне.

Интерактивті әдіс қолдану кезінде мыналар ескерілуі керек:

– тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
– тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау;
– педагогикалық қолдау көрсету.

«Жағада тұрып жүзуді үйренуге болмайтыны сияқты» дайын білімді қабылдап алу арқылы қажетті икем-дағдыларды дамыту мүмкін емес. Сондықтан студенттердің арнайы іс-әрекет барысында икем-дағдыларды меңгеруі маңызды роль атқарады. Ол үшін оқыту білімді студенттердің өздігінен оқып-үйренуге бағытталуы керек.

Қоғамның дамуы осы аталған іскерліктердің барлығының болуын талап етеді, дегенмен білімдерді қолдану, синтездеу мен бағалау ішіндегі аса маңыздылары болып табылады [2, 72 б.].

Интерактивті әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, сын тұрғысынан ойлау әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат, т.б.

Интерактивті әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды: тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайдтар, флипчартттар, постерлер, компьютерлер және т.б. пайдалана отырып,таныстырулар жатады.

«Миға шабуыл» («ми шабуылы», «ми штурмы» немесе «дельфи») әдісі бойынша берілген сұраққа әр студент жауап бере алады. Маңыздысы – айтылған көзқарасқа баға қоймау керек, барлық жауап қабылданады және әр пікір тақтаға немесе қағазға жазылғаны дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері тиіс. Бұл әдісті кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Қазіргі таңда білім беру процесінде жоғарыда көрсетілген интерактивті әдістердің ішінде көп кездесетіндері төмендегідей:

1. көкейкесті – мазмұнды әдіс презентация;
2. дисскуссия кейс-стади;
3. топта жұмыс істеу мимен ойлау әдісі викториналар сыни ойлау әдісі кіші – зерттеулер іскер ойындар ролдік ойындар;
4. Insert әдісі (студенттер 10 минутта ассоциативті эссе жазады).

Презентацияның мақсаты – тыңдаушыларға презентация нысаны туралы толық ақпаратты ыңғайлы түрде жеткізу. Қазіргі уақытта презентация маркетингте қолданылады. Презентацияда бір мақсатта жұмылдырылған мәтіндер, гипермәтіндік сілтемелер, компьютерлік анимациялар, графика, видео, музыка және дыбыстық жазбалар болуы мүмкін (бірақ барлығы болуы міндетті емес).Сонымен қатар, презентация ақпаратты оңай қабылдау үшін ұйымдастырылған сюжет, сценарий және құрылымға ие. Сондықтан бұл студенттер үшін үй тапсырмасын дайындауда маңызды құрал болып табылады.

Оқытудың интерактивті әдісі ретінде кейс-стади студенттер тарапынан қолдау табуда: олар мұнда оқу материалының теориялық ережелерін меңгеру мен практикалық игеруді қамтамасыз ететін ойынды көреді. Сонымен қатар, жағдайды анализ жасау студенттердің кәсіби жетілуіне өте күшті әсер етеді, олардың есеюіне әкеледі, олардың сабаққа деген қызығушылғы мен оң көзқарасын қалыптастырады.

Педагогикалық іс-тәжірибеде қолданыс тапқан, студенттер арасында апробациядан өткен тағы бір интерактивті технология – TBL (Team Based Learning) немесе Командалық бағдарламалы оқыту технологиясы. Бұл технологияны 1970 жылы Оклахомск Университетінің профессоры, доктор Ларри К.Мичельсен өңдеген болатын [3], ал алғаш рет 2008-2009 оқу жылында Нью-Мексика университетінің медициналық мектебі адам ағзасының құрылымын, қызметі мен дамуын зерттейтін пәндер үшін (анатомия,

гистология, эмбриология курсымен) осы әдіс енгізілсе, Канадада бұл әдіс «Обучения без границ» Центр Современной Педагогики ұйымында зерттеліп ізденіске енгізілген.

Қазіргі таңда TBL технологиясы Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігінде лайықты, командалық оқыту технологиясы болып саналады. Сондықтан әрбір топ шағын (5-7 студенттен тұратын) дұрыс топтастырылған командаларға бөлінеді. Команданың жұмысын қажетті бағытқа бағыттап, студенттің оқуға ынтасын арттыратын, команданың дамуына және өзара байланысына үлес қосатын тапсырмалар беріледі [4, 87-89 б.].

Іскерлік ойында әр қатысушы өзінің рөлі мен функциясына сәйкес белгілі бір тапсырманы шешеді, ал қатысушылардың өзін-өзі оқыту олардың бірлескен қызметі барысында жүреді.

Іскерлік ойында маңызды нәрсе-білімді бірлесіп игеру процесінде пайда болатын қарым-қатынас нақты зерттелген іс-әрекеттегі адамдардың қарым-қатынасын еліктейді және көбейтеді, бұл ынтымақтастық дағдылары мен дағдыларын алуға мүмкіндік береді [5].

Қазіргі білім берудің барлық технологиялары, мазмұны мен материалдық базасындағы айырмашылықтарға қарамастан, бірқатар ортақ белгілерге ие. Негізгі біріктіруші қасиеттердің бірі – білім алушыны өз бетінше білім алуға және себептік қатынастарды құруға үйрету. Белгілі бір техникалар жиынтығы бар сыни ойлау әдісі тиімді деп саналады. Солардың бірі – INSERT.

Әдістің қысқартылған атауының анықтамасы:

I – interactive (интерактивті).

N – noting (танымдық).

S – system for (жүйе).

E – effective (тиімді).

R – reading (оқу).

T – thinking (және ойлау үшін).

Бұл әдісті американдық ғалымдар Д. Воган мен Т. Эстес әзірледі, содан кейін оны сыни ойлау технологиясының негізін қалаушылардың бірі С. Темпл, К. Меридит және Д. Стил толықтырды. Олардың анықтамасы бойынша, INSERT – бұл жаңа ақпаратты сыни тұрғыдан түсіндіру және мәтінмен жұмыс жасау арқылы бұрын зерттелген нәрселермен байланыс орнату мүмкіндігі [6, 38 б.].

Қорытындылай келе айтарымыз, интерактивті негізде оқудың мақсаты – білу емес, үйрене білу. Оқу нәтижесінде білім алушылар төмендегідей нәтижелерге қол жеткізе алады.

– өзіне деген сенімге тәрбиелейді;
– шешендік өнерін жетілдіреді;
– танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын);
– сыни ойлау дағдыларын дамытады;
– өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады;

– пікірлердің көптігін түсінесің және т.б. деп жауап берген.

Жоғарыда аталғандарды «үйрене білу» деген ұғыммен жинақтауға болады. Яғни, үйрене білу – қажетті дағды, өйткені ол интеллектуалды тәуелсіздіктің негізі болып табылады.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Жансугурова К. Эффективное использование интерактивных технологий обучения в высших учебных заведениях // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №2(66), 2020.

2 Есекеева А. Оқытудың интерактивті әдістерін қолданудың ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы, №1 (36) 2012. – 209 б.

3 Parappilly, Maria; Schmidt, Lisa; De Ritter, Samantha. Ready to learn physics: a team-based learning model for first year university // sep 2015 Том: 36, Выпуск: 5.

4 Шакерхан Н. Интерактивті әдістер қолдана отырып оқытудың тиімділігі. «Сейфуллин оқулары – 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. 2017. – 393 б.

5 Жумадилов К., Абдалова А. Студенттерді интерактивті оқытудың заманауи әдістері. URL: http://turaninform.kz.

6 Lipman M. Critical thinking: What can it be? // Educational Leadership. 1988. № (46)1. – С. 38-43.

ҒТАМР 16.21.25

# МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ АУТЕНТТІ МАТЕРИАЛДАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

**Д.Е. Жұмабек**
*Магистрант, Х.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.*

Бұл мақалада студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілігін дамыту үшін аутентті материалдарды қолдану әдістері жайлы жазылған. Коммуникативтік құзіреттілік – шет тілін меңгеруде қойылатын талаптардың маңыздысы. Зерттеу жұмысы екі ай жүргізілді, және екі кезеңнен тұрады. Бұл зерттеудің мақсаты – шет тілін оқыту барысында түпнұсқа аудио және видео жазбаларды қолданудың мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілікті дамытудағы тиімділігін дәлелдеу, шет тілін тасымалдаушысымен тілдесудің пайдалылығын көрсету, оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыру. Зерттеу нәтижесінде студенттердің шет тілін білу деңгейі айтарлықтай өсті, сөйлеу қабілеті дамыды, өз ойын еркін жеткізе алатын деңгейде болды.

***Түйін сөздер:*** түпнұсқа материалдар, құзіреттілік, шет тілі, тіл тасымалдаушы, дағды, аудио-видео материал.

Еліміздің халықаралық экономикалық және білім кеңістігіне енуі, заман талабына сай бәсекеге қабілетті, теңқұқықты мамандарды даярлауды қажет етеді. Жаһандану және еуропаландыру саясатының белең алуынан, мамандарға қойылатын талаптар да өзгеруде. XXI ғасыр – интерактивті ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды даму уақыты. Бұл процесс адам өмірінің барлық салаларын жетілдіруге, оның ішінде білім беру жүйесін жаңартуға, білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері мен әдістерін құруға, оқыту мен тәрбиелеудің тиімді модельдерін, сондай-ақ білімгерлерді белгілі бір пәндерді оқуға ынталандыру құралдарын іздеуге бағытталған [1].

Қазіргі жағдай контексінде жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі тілдік дайындық білім алушылардың шет тілін қазіргі әлемнің мәдениеттері мен өркениеттері диалогында қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін қабілеттерін дамытуды қамтамасыз етуі керек [2]. Бұл коммуникативтік, әлеуметтік-мәдени және мәдениетаралық қабілеттердің бірігуінің негізінде жүзеге асуы мүмкін. Бұл өз кезегінде білімгерлердің шетел

тілін басқа елдің мәдениетіне енуіне қолданатын құрал ретінде қолдануына мүмкіндік беруі қажет. Жаңа тілді меңгерген адам жаңа мәдениетті меңгергенімен парапар. Тіл үйрену әркімнің қолынан келе бермейді, тіл үйренуге әуесі бар жандар ғана жаңа тілді тез үйреніп алады. Тіл үйренуге машықтанған адамға жаңа тілді үйрену қиындыққа соқпайды. Себебі оның миында, тіл үйрену механизмасы іске қосылған. Сол секілді әр істің өз маманы болады, тіл үйренушілер филологтар, тілді үйретушілер педагогтар. Жастарды сапалы біліммен қамтамасыз ету мұғалімдердің қолында, сол себепті заман талабына сай жаңашыл оқу-әдістемелерін қолданысқа енгізу керек. Оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін арттыру мәселесі күнімізде өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Сондай-ақ мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік шет тілін меңгерушілердің жаңа тілді меңгеру барысында ие болуы қажетті дағды. Бұл тіл меңгеруші шеттілдік ортада өзін еркін ұстауы, өз ойын ашық айта алуы, сол елдің мәдениетімен таныс болумен негізделеді. Бір елдің мәдениетін үйрену үшін ең алдымен тілін білу қажет, тіл арқылы сол елдің мәдениеті, музыка, өнер, ақын-жазушылары, сәулет өнері, салт-санасы, дәстүрі, барлығына қол жеткіземіз.

Соңғы жылдары бұл мәселе бойынша жазылған ғылыми еңбектердің саны айтарлықтай артты. Кейбіріне тоқтала кетсек, М.В. Плеханова еңбегінде техникалық ЖОО білімгерлерін шетел тіліне оқыту кезінде түпнұсқалы материалдарды пайдалану негізінде мәдениетаралық құзіреттілікті қалыптастыру мәселесін қозғаған және аутентті материалдарды қолданудың әдістері мен жаңа технологияларын мысалға келтірілген [2]. Жалпы мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттіліктің әр тарапынан Е.В.Коляникова, В.И. Наролина, С.В. Еловская, А.В. Анненкова, Н.С. Руденко, Б. Кристофер, М.Н. Раздобарова, Г.А. Бобылева, А.И. Капичников, К.С.Киктева, Джем Альптекин, М. Бирам, Дороти М. Чун және т.б. шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылады. Қазіргі таңда бұл тақырыптың өзектілігі артуда, сол себепті алдығы уақытта да жан жақты қарастырылатын мәселе болып қала бермек.

Кейінгі уақытта лингводидактикада коммуникативті компонентті мәдениетаралық құзіреттіліктің құрылымымен қосу көптеп кездесуде, бірақ та екі ұғымның қарастыратын алаңы екі түрлі. Мәдениетаралық құзіреттілік және мадениетаралық коммуникативтік құзіреттілік ұғымдарының мағынасына үңілетін болсақ, айырмашылығын байқау оңай. Мәдениетаралық құзіретке шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланбайтын тұлғаны айта аламыз, ал мәдениетаралық коммуникативтік құзіретке ие тұлға деп, шет тілін жоғары деңгейде меңгерген және тіл тасымалдаушысымен ашық түрде сөйлесе алатын, өз ойын еркін жеткізе алатын тұлғаны айтамыз. Олар өз кезегінде мәдениетаралық диалогтарды оңай құра алады. Шет тілін тасымалдаушысының мәдениетін түсіне отырып, әртарапты әңгіме өрбіте алады.

Мәдениетаралық құзіреттілікке А.Ю. Муратов келесідей анықтама берген: «Бұл, басқа мәдениет өкілдерімен мәдениетаралық өзара іс-қимыл

тәжірибесі процесінде тиімді қалыптасатын, дағдылар мен жеке қасиеттерді құрайтын күрделі жеке білім» [3].

Түпнұсқа материалдарды пайдаланудың бірінші қадамы оқушылардың қажеттіліктері мен мақсаттарын анықтау болып табылады. Мұғалімдер мұны әртүрлі жолдармен жасай алады: студенттермен жеке сұхбат алуды жоспарлау, апта сайын оқушылармен фокус-топтар мен талқылаулар өткізу, қажеттіліктерді бағалау сауалнамасын жүргізу, студенттің мақсаттары т.б. Студенттердің жауаптарын анық белгілі емес, «Мен оқуды үйренгім келеді» дегеннен, нақты «Мен жол карталары мен автожол белгілерін оқи алғым келеді» дегенге дейін қысқартуға дейін мұғалімдерге бірнеше әрекет жасап, сұрақтарды қайта құру қажет болуы мүмкін. Мұғалімдер сыныпқа тапсырыс бланкілерін, талондарды, рецепттерді және басқа да мектептен тыс материалдарды әкелуді сұрағанда, оқушылар таң қалуы мүмкін. Олар бұрынғы академиялық тәжірибелеріне немесе мәдени көзқарастарына сүйене отырып, бұл материалдарды мектепке жарамсыз деп санауы мүмкін. Мұғалімдер оларды шынайы материалдарды пайдаланудың негіздемесі туралы әңгімеге тарта алады және оқу мақсаттарын қолдау үшін түпнұсқа материалдарды жинап, сыныпқа әкелуді сұрай алады. Көптеген мұғалімдер әртүрлі қауымдастыққа барғанда аутентті материалдарды жинауды әдетке айналдырған. Түпнұсқалық мәтіндер түріне, аймағына және контекстіне қарай өзгереді. Зерттеулер студенттерге олардың өмірлілігі жойылған материалдардан гөрі жергілікті түпнұсқа материалдарды пайдаланудан көбірек пайда көретінін айтады. Мысалы, өмірлік дағдылар оқулықтарындағы жалпы диаграммалар мен карталар студенттерді жергілікті театр кестесі, жергілікті жауын-шашын диаграммалары немесе муниципалды автобус картасы сияқты ынталандырмауы мүмкін. Қалалық кеңес отырысының күн тәртібі, кітапхана кестелері және сүйікті аймақтық тағамдарға арналған рецепттер сияқты желіде көптеген жергілікті түпнұсқа материалдар бар [4].

Аутентті материалдар еш өзгеріссіз, табиғи, күйінде қолданылатын материалдар тізбегі. Елдің шынайы өмірінде қолданылатын тіл үйренушілерге арналған материалдар. Оларға газеттер мен журналдар, көлік билеттері, театр билеттері, хаттар, жарнамалар, радио және теледидар бағдарламалары, хабарламалар және т.б. жатады [5]. Аутенттілік өз негізін 1970 жылдары пайда болған тілді комуникативті оқыту бағдарламасының шығуынан бастау алған. Аутенттілік грек тілінен аударғанда негізгі, түпкі деген мағынаны білдіреді. аутентті материал дегеніміз, Longman сөздігіне сүйенсек, табиғи сөйлеу мен жазылым әрекетінің дәрежесінде қарастырылған тілдік материалдар [6]. Ал, Крамштың пікірі бойынша, «аутенттік мәтіндер дегеніміз – педагогикалық салада емес, табиғи күйінде, күнделікті қарым-қатынаста қолданылатын мәтіндер» [7]. Г.Видоусон, Д.Нунан сияқты белгілі лингвистердің деректеріне сүйенетін болсақ, аутентті материалдың мынадай анықтамасын көре аламыз, ол – шетел тілін үйренушілерге емес, сол тілде сөйлейтіндерге арналған, яғни материалды қолданушылардың өзара қатынасы және қолдану жағдайларында туындайтын тілдік материал. Бұл сөйлем түрлері, көп жағдайда, газет

мақалаларының тақырыптарында жиі кездеседі. Морроудың пікірі бойынша, «аутенттік мәтін – ол, нағыз тілдік, нақты динамикті әсер ететін, белгілі бір аудиторияға нақты мәлімет беру үшін спикер маманы немесе жазушы тарапынан түпкі негізде жазылған мәтін екенін біле аламыз.

Р.Гауэр, Д.Филлипс және С. Уолтерс «аутенттік» терминіне келесі анықтамаларын ұсынды: «Барлық тіл тасымалдаушы естиді, оқиды немесе пайдаланады және шынайы материал ретінде сипатталуы мүмкін: театр бағдарламасы, газеттер, журналдар, өлеңдер, әндер, брошюралар, парақшалар, мәзірлер, бағдарламалар мен фильмдер және бұл тізімді шексіз жалғастыруға болады. Ағылшын тілін шет тілі ретінде оқитын студенттер үшін түпнұсқалық материалдар әзірленбегендіктен, олар деңгей бойынша жіктелмейді, бірақ олардың кейбіреулерін басқалардан гөрі түсіну қиын» [8, 82 б.]

Осыған орай сабақ өту формаларының бірі бейне сабақ болып табылады, оның ішінде аутенттік мультипликациялық, көркем, бейне және ғылыми танымдық фильмдерді қолдану. Аутенттік фильмдер ағылшын тілін үйрету үрдісі кезінде өте үлкен эмоционалдық әсер береді. Себебі, аутенттік бейнематериалдар шынайы, табиғи әрі жергілікті халықтың түпнұсқа тілі болып табылады. Сонымен қатар, көптеген аутенттік фильмдерді түпнұсқасында көру тілдің мәдениетін арттыру үшін қажет. Мысалы, сюжет арқылы оқиға болып жатқан қаланың көрнекі орындарымен танысуға болады және де тілін үйреніп жатқан елдің мерекелері мен дәстүрлерінің ерекшеліктерімен де танысуға болады. Сонымен қоса жергілікті халықтың вербалды, эмоционалды мимикаларын, белгілі бір жағдайға байланысты қимыл-әрекетін байқауымызға болады.

Аутентті материалдардың маңыздылығы шет тілін меңгеруде аса ерекше көңіл аударатын мәселе болуы тиіс. Себебі, түпнұсқа материалдар шет тілін ғана меңгеріп қоймай, сол елдің мәдениетін қоса зерделеуге көмектеседі. Яғни, үйретіліп жатқан тілдің тілдік ерекшеліктерін, сөз сөйлеу мәнерін, сөз саптау мәнерін, дауыс ырғағын, диалект сөздерін, слэнг сөздерін қоса игереді. Бұл болашақта сол елге барған жағдайда мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілікке ие оқушыны дайындайды, ол оқушы еш қиындықсыз шет тілін түсініп кетуіне себеп болады. Аутенттік бейнематериалдарды пайдаланудың әдістемелік мақсаттылығы олардың оқу мақсаттарында болып табылады «объективті және субъективті жоспардың (тілді қоса алғанда) өзара іс-қимыл жасайтын нақты факторларының динамикалық жүйесі, адамды тілдік коммуникацияға тартатын және тыңдаушы рөлінде бір қарым-қатынас актісі шегінде оның тілдік мінез-құлқын анықтайтын вариативті коммуникативтік жағдайларды аудиовизуалды көрсетуге мүмкіндік беруімен расталады» [9, 142 б.].

Аутентті материалдарды сыныпта пайдаланудың өзіндік қиын тұстары да бар, оқушы жаңа өтілген материалды, жаңа сөздерді жаттау үшін ұзақ уақыт жұмсайды. Сондай-ақ, түпнұсқа материалдар оқушылардың білім деңгейіне сай таңдалуы керек, бұл демотивацияның болдырмауына септігін тигізеді. Оқушының миына шет тілінде ауызша және визуалды ақпарат қабылданып

жатады, оның үстіне бұл материалдың деңгейі жоғары болса, оқушыға ауыр тиетіні белгілі және оның ары қарай үйренуге деген құлшынысын жоюы мүмкін. Жаһандану заман талабына сай жастардың ағылшын тілін үйренуге деген құлшынысы күннен күнге артып барады. Бірақ та үйренушілердің көпшілігі грамматиканы үйреніп, тек оқу-жазумен шектеліп қалады, сол себепті қолайлы және дұрыс тіл үйрету мұғалімнің шеберлілігінде. Өз білгенін жеткізе алу, сыныпты сабаққа қызықтыру, шет тілін үйренуге деген құлшынысты арттыру мұғалімге тікелей байланысты.

Түпнұсқа бейнематериалдарды пайдаланудың тиімділігі орасан зор. Оған мысал ретінде, фильм, қысқа метражды фильмдер, шет тіліндегі видеолар, әлеуметтік желідегі шетел азаматтарының түсірген видеолары, шет тіліндегі жарнамаларды айта аламыз. Бейнематериалдарды көре отырып, оқушы саналы түрде дамиды, шет елдің өмір сүру әдебін, топ ішінде коммуникация құру әдебін бақылайды, сол арқылы коммуникативтік дағдылары қалыптасады. Бейнематериалдар дегеніміз – ақпарат беру функциясын қамтамасыз ететін оқытудың техникалық құралдары, сондай-ақ оны қабылдау және меңгеру процесінде ағылшын тілі сабақтарында коммуникативтік немесе басқа да дағдыларды (соның ішінде сөйлеу дағдыларын) одан әрі дамыту мақсатында кері байланыс алу болып табылады. Оқытушылар шетел тілі сабақтарында қолданатын бейне материалдар түпнұсқа, яғни тіл тасымалдаушылар (native speaker) тарапынан жасалынған болуы тиіс [10].

Х. Мирван «Сыныпта бейнематериалдарды пайдалану студенттердің оқуға деген ынтасын арттыра алады» [11]. Бұл оқушыларды жаңа заман талабына сай, оларға шет тілін үйрену қызықты әрі оңай болуы үшін таптырмас мүмкіндік, осы арқылы шет тілін уйретуде қолданылатын аутентті бейнематериалдардың тиімді тұстарын дәріс беруде қолдана аламыз. Электронды-цифрлы дамыған мемлекетте қазіргі жастардың әртүрлі гаджеттерге, электронды құралдарға, желілік ойындарға құмар екенін түсінеміз. Бұның барлығы оқушылардың мәдениетаралық коммуникацияға әлдеқашан өтіп кеткендігінің бір көрінісі. Бірақ та бұл мүмкіндікке әр отбасы қол жеткізе бермейді, көп балалы отбасылар, орта таптан жағдайы төмен отбасылар бар. Сол себепті, аутентті материалдарды шет тілін үйретуде сыныпқа еңгізу барлық балаларға бірдей мүмкіндік туындатады, бұл дегеніміз болашақта білімді, коммуникативті құзіретті, саналы, ой-өрісі дамыған ұрпақтардың көбеюінің нышаны.

Сабақ барысында бейне материалдарды қолдану тіл үйренушілердің сөйлеу белсенділігін дамытуға ықпал жасайды және оларды ынталандырады. Бейнематериалдарды пайдаланудың оң әсерлері, елтанушылық білім алуға мүмкіндік береді және жаңа лексикалық бірліктерді зерттеуге мүмкіндік береді. Білімгерлердің үйреніп жатқан шетел тілінің жергілікті халқының күнделікті өмірімен таныса алады, әртүрлі кейіпкерлердің орнына өздерін қойып, олардың эмоцияларын сезіне алады және мәселелерді шешуге көмектеседі. Бұл ретте оқытылатын тілдің елдің күнделікті өміріне кірігуінің әсері тек табиғи, тірі тілді оқытуға ғана емес, сонымен қатар білімгерлердің шет тіл мәдениетін тану

арқылы ынтасын арттыру үшін қолданылатын ерекше ынталандыру күші болып табылады. Визуалды ақпарат алу оқушыны миына тікелей әсер етеді, ол өзін шет елде жүргендей елестетеді және тілге, сол елдің мәдениетіне деген құштарлық арта түседі.

Ресейлік ғалым Г.А. Воробьевтың пікірінше: «Аутенттік аудио және бейнематериалдарды қолдану тіл үйренушілерге тілдік ортаны құруға мүмкіндік береді» [12]. Бұл дегеніміз, шет тілін үйренушілер қысылмастан бір-бірімен шет тілінде сөйлесіп бастайды және уақыт өте келе олардың саны артуы мүмкін, осылайша тілдік орта ұлғая бермек.

*Зерттеу әдістері.* Бұл зерттеу жұмысы барысында ғылыми-әдістемелік әдебиеттер қарастырылған болатын. Шет тілін үйрету барысында тәжірибелік-эксперименттік түрде аутентті материалдарды қолданудың тиімділігі мен ерекшеліктері дәлелденді. Тіл үйретуде бейнематериалдарды қолдану тәсілі білім сапасын арттырумен қатар, коммуникативті әрекеттердің: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу (жаттығуларды орындау барысында) сияқты түрлерін қолдануға көмектеседі. Сонымен қатар, шет тілі сабағында аутенттік бейнематериалдарды қолдану оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттырады, өздігінен жұмыс істеуге деген ынтасын арттырады. Аутенттік бейнематериалдарды қолдану зейін және есте сақтау, тыңдап-түсіну қабілетін дамытуға көмектеседі. Дегенмен тыңдап-түсінуде, әсіресе аутентті аудиоматериалдарды қабылдау кезінде көптеген қиындықтар туады. Жалпы тыңдап-түсіну дағдыларын қалыптастыру үшін аутентті, жартылай аутенттік аудиоматериалдар пайдаланылады. Жартылай аутентті материалдарды, яғни белгілі бір жағдайға байланысты қысқартылған, өңделген мәтіндерді тыңдап-түсіну қиынға соқтырмайды, ең қиыны аутентті материалды түсіну болып табылады. Шет тілінде еркін сөйлеу үшін, грамматикалық ережелерін жатқа білу маңызды емес, ең бастысы өз ойыңды ашық жеткізе алу қабілетінің болуы.

Зерттеу жұмысына 2022 жылдың қаңтар, ақпан айында ағылшын тіліне дайындық курсына қатысатын жас аралығы 17-18 құрайтын 12 білімгер қатысты. Тәжірибеге қатысушылардың ағылшын тілі деңгейі А2 болды.

Аптасына екі рет 60 минуттан 8 аптаны қамтыды. Алғашқы аптасында қатысушылардан білім деңгейін нақтылайтын тест алынды. Шет тілін тасымалдаушылар жайлы жалпы ақпарат берілді, олардың салт-дәстүрлері, мәдениеті, мерекелері жайлы мәліметтер айтылды.

Зерттеудің екінші аптасынан бастап қатысушыларға YouTube – бейнематериалдар хостингінің сервисін ұсынатын әлеуметтік желісінен, TED talks атты әр түрлі тематикадағы қысқа метражды аутентті видеолар көрсетілді, қалған уақытында ағылшын тілін тасымалдаушысымен коммуникация жасай алатын мүмкіндіктері болды. Олар бейнежазба жайында әр түрлі сұрақтарға жауап беріп, бір біріне сұрақ қою арқылы тілді терең меңгере бастады.

*Зерттеу құралы.*

1. Нұсқаулыққа арналған 7 сабақ жоспары.

2. Шет тілінің мәдениеті, кейіпкерлердің бастан кешкен оқиғалары, ақыл кеңестері, өмірден түйген сабақтары жайлы 15-20 минут аралығына созылатын қысқа аутентті видеолар.

3. Бейнежазба және тіл тасымалдаушысымен тілдесу арқылы білімгерлердің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін дамуының прогресін анықтау үшін алдын ала және зерттеуден кейінгі тесттер қоданылды.

*Зерттеу әдістемесі.*

Шет тілін меңгеруде аутентті бейнежазбаларды қолданудың әр түрлі тәсілдері бар. Білімгерлердің қызығушылығының төмендеп кетпеуі үшін, заман талабына сай, қызықты болатын әдістер қолданылды.

*Белсенді қарау әдісі*. Білімгерлердің білім деңгейіне сай аутентті видеолар көрсетіледі. Әр қатысушыға қағаз бен қалам беріледі. Бейнедегі кейіпкердің мимика, эмоция, дене қимыл әрекетіне қарап олар автордың көңіл-күйін түсіне алады. Керек мәліметтерді жазып алып отырады. Бейнені қарап болған соң оларға осы жазба жайлы сұрақтар қойылады, олардың материал жайлы пікірлері сұралады. Қаншалықты түсінгендігі жайлы сұрау жүргізіледі. Бұл оқушылардың назарын видеоны көруге аударады, олар әр автордың эмоциясы жайлы ақпарат алмасу барысында, бір-бірінің пікірін тыңдайды, бір-бірімен пікір алмасады. Барлығы тек ағылшын тілінде сөйлеуін ескеру керек.

*Қайталау және рөлдік ойын әдісі*. Келесі сабаққа білімгерлер көрген аутентті видео жайлы немесе соған ұқсас ситуацияны рөлде сомдайды. Көрініс сомдау арқылы монолог немесе диалог айтады. Бұл білімгерлердің сөйлеу қабілетінің артуына көмектеседі және тілін шет тіліне машықтандырады. Әр қатысушы бір біріне қарай отырып, жарыса түседі. Бұл әдіс сондай-ақ мәдениетаралық коммуникативті арттырады және өмірлік нақты жағдайларды түсінуіне көмектеседі. Өмірдегі кез келген ситуацияға дайын болуымен қатар, әр түрлі жағдайда қандай сөз тіркестерін қолдану керек, қандай реакция беру керектігін де үйренеді.

*Тіл тасымалдаушысымен тілдесу*. Бұл білімгерлердің тілдік ерекшеліктерін дамытуда өте тиімді тәсіл. Тіл тасымалдаушысымен тілдесе отырып білімгерлер шет тілінің сөйлеу мәнерін, дауыс ырғағын, әр сөзді дауыстағанда қойылатын екпініне назар аударады. Диалог кезінде оқушылардың қысылмай, өз ойын ашық жеткізуіне аса назар аудару керек, әр білімгерге мән беру қажет. Тіл тасымалдаушысы тек қана белсенді білімгерлермен диалогқа түсе берсе, қалған білімгерлердің қызығушылығы айтарлықтай төмендейді. Сондықтан тіл тасымалдаушысынан ұқыптылықты және эмоционалды болуы талап етіледі. Тіл тасымалдаушысымен тілдесу білімгерге оңтайлы әсер етеді, оның тілдік акцентін, сөйлеу мәнерін бақылау арқылы ой тұжырымдайды. Бұл өз кезегінде тіл үйренуде ілерлеуді көрсетеді. Тіл тасымалдаушысы үшін ағылшын тілі ана тілі болуы тиіс, екінші тіл ретінде үйренген азамат акцентпен сөйлейтіні белгілі. Немесе арнайы тестілеуден өткен, дикциясы жоғары деңгейдегі үйретуші болу керек.

Зерттеуге 2022 жылы шетел тілінен дайындық курсына қатысатын 12 білімгер қатысты. Зерттеудің алдын ала алынған тест бойынша зерттеуге

қатысушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейі диаграммада көріп отырғанымыздай А2 екені және коммуникативтік дағдыларының деңгейі шамалас екендігі белгілі болды.

Зерттеу барысында қатысушылар әр аптада жоспарға сай бірінші күні 60 минутында аутентті бейне жазба көріп, сол бойынша тіл тасымалдаушысымен талқылау жүргізіп отырды. Тек қана ағылшын тілінде сөйлесу шарты қойылды. Бұл олардың сөздік қорының артуына әкеп соқты. Аптаның төртінші күні 60 минутта әр қатысушы рөлдік рөл сомдай отырып кішкене көрініс қойды, олар бірнешеу немесе жалғыз ойнау мүмкіндігіе ие болды. Бұл қатысушылардың мотивациясының артуына себепкер болды.

Біз эксперимент жүргізе отырып, білімгерлердің шет тілін меңгеруде мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілігін ауттентті материалдарды қолдана отырып арттыруға болатынына көз жеткіздік.

Диаграммада көрсетілгендей зерттеуге қатысушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін зерттеуден алдын ала алынған тестілеу нәтижесі бойынша, орташа есеппен 50 деп алдық. Екі ай бойы жүргізілген бақылау нәтижесінде аутентті бейне материалдар арқылы сабақ өту және тіл тасымалдаушысымен тілдесу арқылы қатысушылардың ағылшын тілі деңгейі айтарлықтай артқанын байқаймыз.




*Кесте 1. Білімгерлердің зерттеуге дейінгі және зерттеуден кейінгі тестілеу нәтижесі.*

Қорытындылай келе білімгерлердің мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілігін аутентті материалдар арқылы дамытуға, оның ішінде зерттеуде қолданылған және басқа да аутентті бейне жазбаларды қолдану арқылы дамытуға болатыны анықталды.

Зерттеу жұмысында қолданылған әдістемелік нұсқаулық бойынша жасалған жұмыс нәтижелі болғанын көруге болады. Ол бойынша білімгерлердің мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілігінің дамуы айтарлықтай артты. Бұл аутентті материалдардың тіл меңгеруде оң нәтиже көрсететінін дәлелдеді.

Бұл жұмыста көптеген шет елдік және орыс, қазақ ғалымдарының еңбектері пайдаланылды. Олардың ойларын саралап, керегін тізбектеп алдық. Бақылау нәтижесінде білімгерлер аутентті материалдарды қолданудың жаңашыл әдістерімен танысты және аутентті материалдарды қолданудың тілдің коммуникативтік аспектілерінің дамуына пайдасы мол екендігі анықталды. Қатысушылардың екі ай бойы ағылшын тілінде бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, әлеуметтік коммуникациясының дамытқанын байқадық. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, тіл үйретушілердің шет тілін үйретуде аутентті материалдарды қолдана отырып оқытуды қолға алу қажет, сонда білімгерлер ағылшын тілінің ережелерін ғана біліп қоймай, сонымен бірге ағылшын тілінде өз ойын ашық жеткізе алатын және басқа елдің тілін тасушы бола тұра басқа елдің мәдениетін де тасушы болады. Олар шет тілін тасушылармен (native speaker) кездескенде кідірмей, тез әрі нақты диалог құрып кету қабілетіне ие болады.

Әдістемелік тұрғысы бойынша, бейне жазбаларды қарау, пассивті теледидар көруден басқаша болу қажет. Яғни зеріктірмейтін қысқа әрі эмоционалды бейне жазбаларды қолдана отырып білімгерлердің қызығушылығының түсіп кетпеуін қадағалауымыз керек. Сол себепті зерттеу әдістемесінде, қатысушыларға бейне жазба бойынша түрлі сұрақтар қойылып, олардың пікірі алынды және оларға қысқаметражды видеолар көрсетілді.

Түпнұсқа материал таңдау барысында оқушылардың білім деңгейі ескерілуі тиіс, себебі аутентті материалдар көбіне тіл тасымалдаушысы тарапынан шыққандықтан, кейбір күрделіліктер пайда болуы мүмкін. Бұл педагогика тұғысынан оқушылардың қамын ойлау барысында жасалған.

Сондай-ақ мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілікті дамытудың қаншалықты маңызды екенін көріп отырмыз. Себебі, екінші тіл ретінде шет тілін меңгерген тұлға сол елдің мәдениетін, салт-дәстүрін, диалектісін, тілдік мәнерін, слэнг сөздерін де меңгереді. Бұл өз кезегінде тіл меңгерудегі аутентті материалдардың пайдалылыған көрсетеді.

Аутентті бейне жазбаларды көрсету, шет тілінде кішкене көріністер құру білімгерлердің мотивациясын арттырады, оқуға деген ынтасын оятады, тіл тасымалдаушысымен тілдесу білімгерлердің тыңдау және сөйлесу дағдыларын дамытады.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Баранов А.Ю., Малкова Т.В. Актуальные проблемы дистанционного обучения // Modern Science. 2020. № 1. – С. 193-195.

2 Плеханова М.В. Формирование межкультурной компетенции на основе использования аутентичных видеоматериалов при обучении иноязычному общению студентов технического вуза (немецкий язык, базовый курс), Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Томск, 2006. – С. 2-4.

3 Муратов А.Ю. Формирование межкультурной компетенции учащихся в процессе обучения английскому языку с использованием телекоммуникаций: дис. канд. пед. наук. – Барнаул, 2005. – С 2-3.

4 Sally I., «Professional development authentic materials» №1. American Institutes for research, 2007.

5 Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). ИКАР. 2009. – С. 25.

6 Kramsch C. Context and Culture in Language Teaching. Oxford: Oxford University Press, 1993. Little, David «Words and their properties: Arguments for a lexical approach to pedagogical grammar in T. Odlin (ed.) Perspectives on Pedagogical Grammar. CUP, 1994. – P. 12.

7 McDonough J., Shaw C. Materials and Methods in ELT Blackwell, 1993. – P. 23.

8 Gower R., Phillips D., Walters S. Teaching practice handbook. Oxford: Macmillan. 1995. – P. 82.

9 Ivanovskaya I.P., Nefyodov O.V. Teaching foreign languages to nonlinguistic students in non-authentic environment. Prioritety mirovoj nauki: eksperiment i nauchnaja diskussija. Materialy VIII mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii. Nauchno-izdatel'skij centr «Otkrytie». North Charleston, SC, USA, 2015 – p. 139-146.

10 Рахматуллаева Х.И., Жалалова А.М. Студенттердің коммуникативтік құзіреттілігін аутенттік бейнематериалдар арқылы дамыту, 2020. – 1-3 б.

11 Mirvan X. The advantages of using films to enhance student’s reading skills in the EFL classroom. Journal of Education and Practice, 4(13), 2013. – p. 62-66.

12 Воробьев Г.А. Развитие социокультурной компетентности будущих учителей иностранных языков (поиск эффективных путей) // Иностранные языки в школе. № 2, 2003. – С. 30-36.

ҒТАМР 16.01

# МӘТІН АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Ұ. Әбілда**
*Ғылыми жетекшісі, Сулейман Демирель атындағы университет, Алматы қ.*
**Ш. Ерғожина**
*П.ғ.к., Сулейман Демирель атындағы университет, Алматы қ.*

Соңғы жылдары педагогикалық әдістеме саласында тұлғаның мәдениетаралық коммуникацияға түсе алу қабілеттілігін қалыптастырудың көрсеткіші ретінде «мәденитаралық құзіреттілік» деген ұғым пайда болды. Бұл ұстанымды қазақ тілі сабақтарында жүзеге асыру үшін мәтін арқылы жұмыс жасау тиімді нәтижелерге жеткізетіні мақалада дәлелденеді. Сонымен қатар, мәтін арқылы білімалушылардың мәденитанымдық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық қырлары мақалада тереңірек қаралады. Тапсырмалар жиынтығы беріледі.

***Түйін сөздер:*** мәдениет, құзыреттілік, қазақ тілі, мәденитаным, мәтін.

Бүгінгі білім берудің басты нысаны әлемдік білім кеңістігіне кіру. Алғы шарт бүгінгі қоғамға лайықты білікті де білгір азамат тәрбиелеу. Мұндай тұлға өз ұлтының және өзге ұлт өкілдерінің мәдени құндылықтарын қастерлейтін, саналы деңгейде пікірлесе алатын дәрежеде болуы керек.

Оқушы біліктілігін арттыру қазіргі оқыту үрдісі мазмұнының басты нысанасы. Түрлі пәндер бойынша берілетін білім мазмұнының меңгерілуі, сол білімді пайдалану арқылы оқушының өмірлік дағдысы мен іскерлігі өлшенеді, ендігі жерде білімнің сапасы нәтижеге бағытталады. Іскерлік қатынасты көтеру мақсат етіледі. Осыдан қазіргі білім беру жүйесіндегі құзыреттілік (біліктілік) ұғымы туындайды [1, 63 б.].

Нәтижеге бағытталған білімді пәндік құзыреттілік тұрғысынан зерделесек, біз адамға тыңдау, түсіну, ойлау,пайымдау, тұжырымдау, пікірлесу сияқты тілдік коммуникативтік біліктіліктерді оқушының өмірлік қажеттілігіне айналдыруы үшін әдебиеттің маңызы зор екеніне көз жеткіземіз.

Тілдік білім алған оқушы қазақ тілін пән ретінде ғана біліп қоймайды, сол пәндік білім негізінде болмысты танып біледі, одан ақпараттық мағлұматтар алады, эмоциялық құндылық болып табылатын адами қасиеттерді бойына

сіңіре отырып, мәдениетті, салауатты қарым-қатынасқа түседі, әдебиеттің жетекші қызметінің жүзеге асырылуына жол ашады. Бұл ретте көркем шығарманы дүниетанымдық, әлеуметтік, тәрбиелік бірлікте қарастырудың мәні артады, әдебиетті ұлттық құндылық ретінде оқыту қажеттілігі туындайды [2].

Сөз негізінде оқушының дербес шығармалық қабілетін, ұшқыр, шешен сөйлеу шеберлігін дамыту үшін әдеби білім мазмұны көркемдік сипатқа құрылып, оқушы біліктілігін арттыруға негіз болады, сол себепті нәтижеге бағытталған білім моделі бойынша әр пәннен берілетін білім мазмұны мектептің барлық сатыларында нақты көрініс тауып, оқушылардың білімдік құзыреттілікті меңгеруін қадағалайды.

Құзыреттілік ұғымы – оқушының белгілі бір кешенді іс-әрекетті орындай алу қабілетін жетілдіруге бағыттала отырып, оқыту жүйесіне қызмет етеді.

Жалпы мәдени-танымдық құзыреттілік дегеніміз – балада қоргаған орта туралы білімі мен әлемнің тұтас бейнесі туралы түсінігінің қалыптасуы. Қазақ тілі сабақтарында бала бойында жалпы білім дағдысы мен білігін қалыптастыру мәселесі қаралады. Оқудың білігі мен дағдысын жан-жақты қалыптастырудың маңызы зор екені белгілі. Оқушы бойында білім негіздерін қалыптастыру үшін оның біліктілігін, дағдысын тұрақтандырып, белгілі арнаға түсірмейінше, нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес [2].

Оқушы белгілі мәліметті қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге терең ой иесі. Ол дербес ойланып, дәлелдер келтіруіне сабақ барысында түрлі әдістер арқылы қолайлы жағдай жасауға тырысамын. Айталық, «Атаулар көмегімен болжау жасау», «Елеспен жетелеу», стратегиялары оқушының шығармашылық қабілетін ұштауға өте тиімді. «Ой қозғау», «Болжау» әдістерін оқушының ой ұшқырлығын бақылауда, стандартты емес шешім жасауда тиімді пайдалану жөн. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазіргі оқушыларды кең ауқымды көркем әдебиетті қазақ тілінде оқытуға баулу оңай іс емес. Бұл жолдағы қиындықты шешуге «ЖИГСО» әдісі көп көмегін тигізеді. Оқушы өзіне жүктелген міндеттерге жауапкершілікпен қарап, басқа топ мүшелеріне түсіндіру үшін сурет те салады, сахналық көрініс те қояды, сабақтың осы кезеңі оқушыларды бей-жай қалдырмайды [3, 89 б.].

Оқушылардың ойлау деңгейіне сай әр сабақта сұрақ қою үшін Б.Блумның сұрақ қою өлшемін пайдаланамын. Сұрақтар қарапайымнан терең ойлауға дейін жалғасады.

Мұндағы мақсат – оқушы ойын ең төменгі деңгейден терең ойлауға дейін жеткізу.Топтық тапсырмалар сыныпта ынтымақтастықты қарым-қатынас орнатуға, шығармашылықпен жұмыс жасауға, тақырыпты өмірмен байланыстыруға мүмкіндік туғызады.

Сабақта интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жеткен нәтижелерім мынадай: оқушының білім деңгейі түсінуден басталады да алған білімін қолданып, қорытындылауға дейін жоғарылайды. Қабылдаған жаңа ақпаратты саралап, мәселені өзі шеше алуға мүмкіндік болады.

Қазақ тілі сабағында оқушының құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды 4 бағытқа бөліп дайындаймын:

– Ақпараттық құзыреттілік;
– Қатысымдық құзыреттілік;
– Мәдени-танымдық құзыреттілік;
– Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі.

Қатысымдық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

– Отбасы тақырыбында жазылған шығарма беріледі. Берілген шығармадан қазақ халқына тән туыстық қарым-қатынастағы ерекшеліктерді сипаттаңыз;

– Жақын арада сіз оқыған шығармаңыздан өзіңізге қатарлас баланың сол шығарманың басты кейіпкері болғанын білдіңіз. Оның сізден немесе сыныптас достарыңыздан қандай айырмашылығы бар немесе қандай ұқсас жақтары бар. Соны сараптап айтып беріңіз.

– Шығармада кездесетін әндерді қазіргі кездегі әндермен салыстыра отырып, өз ойыңызды айтыңыз [3, 96 б.].

2. Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі бойынша тапсырмалар (6-сынып):

– «Менің Отаным – Қазақстан» мәтінін немесе басқа да Отан туралы мәтіндерді оқу барысында кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне өз бағаңызды беріңіз;

– Экология тақырыбында берілген мәтін бойынша оқушының өз ойын тыңдай отырып, «Қазіргі экологиялық мәселелерді қалай шешуге болады?» деген тақырыпта сұхбат жүргізіңіз;

– Топтық жұмыс. Әр топ Отанытына зияндықтарды болдырмаудың себептерін анықтаңыз және т.б;

3. Ақпараттық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

– мәтінді оқып шығып, жалпы идеясын анықтаңыз;
– Берілген шығарма бойынша жоспар (жай, күрделі) құрыңыз;
– Баспасөз беттерінен осы автор туралы мәлімет жинаңыз.
– Сол автордың шығармашылығы бойынша тезис дайындаңыз;
– мәтінде берілген аймақты сипаттаңыз;

4. Мәдени-танымдық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

– Мәтіннен қазақ халқына тән туыстық атауларға байланысты этнолингвистикалық сөздерді теріп, жазып, сөздік құрастырыңыз;

– Белгілі бір тақырып бойынша аңыз, ертегілерді жинақтап, жобалар жасаңыз;

– Мәтінде кездесетін ұлттық тағамдар атауларын атаңыз және олардың адам денсаулығына пайдасын дәлелдеңіз;

– Мәтінді оқу барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы өз ойыңызды айтыңыз;

– Басқа сынып оқушыларымен қазіргі салт-дәстүрлер туралы сұхбат жүргізіп, диктафонға жазыңыз және сараптама жасаңыз [4, 15 б.].

Оқушыны іздендіру үшін сұрақ қоя білуге үйрету арқылы оның саналы ойлауы, жан-жақтылығы, білімі мен біліктілігі қалыптасады. Сонымен қатар,

жоспарлы түрде жұмыс істеуге машықтану үшін мәтін бойынша жоспар құру әдетін қолдануға болады [5].

Осы айтылған дәйектемелер нәтижесінде оқушы мәтін бөлімдеріне қысқаша тұжырымдама жасап, әрбір оқиғаға ат қойып, өзіндік іздену мен білім дағдысын берік қалыптастыратыны белгілі. Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасау, поэзиялық шығармаларды прозаға айналдыру тәсілдері де оқушының жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді.

Эксперимент жұмысы. 6-сынып «Қазақ тілі» оқулығынан «Менің Отаным – Қазақстан».

Қазақстанда дүниеге келіп, осында өсіп жатырмын. Қазақстандай елім болғанына, қандай елдерде, мемлекеттерде жүрсем де мақтана аламыз. Қазақстан жер көлемі жағынан Дүниежүзі бойынша тоғызыншы орында. Кең байтақ жеріміз біз үшін мақтанышқа тұрарлық. Қазақ еліне 16 млн-ға жуық халық тұрады. Қазақтанда 150-ге жуық өзге ұлт өкілдері тұрады. Бұл нәтижеге жүгіне отырсақ, Қазақ елі өзінің жері сияқты кең пейілді, қонақжай, бірлігі мен ынтымағы жарасқан ел екеніне көз жеткізуге болады. Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Сондықтан да оның өз әнұраны, президенті, рәміздері бар. Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болғандықтан өзінің ұлттық валютасы бар. Ол «теңге» 1993 жылы 15 қарашада Қазақстан Республикасының Ұлттық Валютасы «теңге» болып қабылданды.

Қазақстан мұнай мен газ, химиялық өнеркәсібі өте бай ел. Көмір де қазып алынады. Химиялық өнеркәсіпте алтын, күміс, темір, мыс, қорғасын, мырыш және т.б. бар.

*Тапсырмалар:*

Топтық жұмыс (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады.

Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.

Сен қай елде тұрасың? Where do you live? Где ты живешь?

Қазақ елінің Отаны.

The Motherland of Kazakh people.

Родина казахского народа.

Қазақстан қандай мемлекет? What kind of country is it? Какое государство – Казахстан?

Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?

What nationalities live in KZ?

Какие национальности проживают в Казахстане?

Туған жер туралы қандай әндер білесіңдер?

«Ой қозғау» стратегиясы схема құрастыру.




*Постер құрастыру*.

«Егеменді, Тәуелсіз МЕМЛЕКЕТ дегеніміз не?» тақырыбында.

*Бағалау*. «Екі жұлдыз – бір тілек» арқылы жүреді.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін мәдениетанымдық құзыреттілік тұрғысынан оқыту мәселесін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігіне талқылап, оқу-тәрбие процессі барысында басшылыққа алып, қазақ тілі сабақтарында оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың оқушы біліктілігін арттыру үшін маңызды зор.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Республикалық әдістемелік сайт: URL: http://sabaqtar.kz/bayandama/3828-zrettlkt-alyptastyru-zamanaui-pedagogika-negz-bayandama.html.

2 Леонтович О.А. Модернизация содержания и методов иноязычного обучения как приоритетное направление в условиях непрерывного языкового образования. – Волгоград: Перемена, 2003. – 152 с.

3 Бисенбаева А.А. Қазіргі таңдағы мәдениаралық коммуникацияның аудару контексті. Вестник КазНУ. Серия филологическая. 2013. – 141-142 б.

4 Елизарова Г.В. Культура и обучение иностранным языкам. – СПб.: КАРО, 2005. – 352 с.

5 Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2004.

6 Аганина К.Ж. «Құзыреттілік тұрғылар негізінде білім мазмұнын жетілдіру» // 12 жылдық білім журналы. 2006, №5. – 7-9 б.

7 Қисымова Ә. «Жан-жақты білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі». Педагогика мәселелері. 2006, № 1-2. – 89-93 б.

8 Шакаримова Қ.Қ. Рухани дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеудегі құндылық бағдардың маңызы. – Алматы: Білім, 2007, №5. – 49 б.

**ГРНТИ 13.51.09**

# УКРЕПЛЕНИЕ ВЕТХОЙ БУМАГИ И ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЕЕ МЕХАНИЧЕСКОЙ ПРОЧНОСТИ

**Р.Б. Ахметкалиев**
*К.х.н., Алматинский университет энергетики и связи, г. Алматы*
**К. Алтынбеков**
*Академик, ТОО «Остров Крым», г. Алматы*

В данной работе рассмотрены вопросы об изготовлении бумаги и ее постепенном старении и деградации, определения понятия о «ветхой бумаге» и ее укреплении, также вопросы количественной оценки их состояния до и после реставрации.

***Ключевые слова:*** бумага, деградация бумаги, «ветхая бумага» и ее укрепление, реставрация.

Бумагой и картоном называют материалы, изготовленные преимущественно из специально обработанных растительных волокон, связанных между собой силами поверхностного сцепления в листовую форму.

У бумаги было много предшественников. Камень и глина, дерево и кость, кожа и береста, воск и металл, папирус и пергамент – все они в разны исторические эпохи служили людям в качестве материалов для письма. Но каждый из них был не вполне пригоден для этого. Одни материалы были тяжёлыми, другие – хрупкими, третьи – дорогостоящими. Их обработка требовала больших усилий, которые, однако, не всегда оправдывались.

И вот появилась бумага – простой, доступный для письма материал, приготовленный из сырья растительного происхождения. Рождение бумаги произвело в человеческом обществе глубокие перемены. Получив бумагу, люди стали активно приобщаться к знаниям. Этому во многом способствовало бурное развитие книжного дела.

Все многообразие видов бумаги подразделяется на десять классов:

1. Бумага для печати–наиболее массовый вид бумаг, предназначенных для печатания различными методами издательской и изобразительной продукции (газетная, типографская, офсетная, для глубокой печати, иллюстрационная, картографическая, обложечная, этикеточная).

2. Декоративная – бумага, имеющая окрашенную гладкую, или крепированную поверхность, или поверхность, имитирующую бархат, мрамор, кожу, полотно; это – аэрографная, бархатная, крепированная, мраморная и

другие виды бумаг, применяемые для отделки книжных переплетов, оформления книжно-журнальной продукции.

3. Бумага для письма, машинописи, черчения и рисования – писчая, писчая цветная, тетрадная, почтовая, машинописная, ротаторная, копировальная, чертежная, бумага ватман, бумажная калька, прозрачная чертежная бумага, рисовальная.

4. Электротехническая бумага – электроизоляционная, телефонная, конденсаторная, кабельная, полупроводящая кабельная, микалентная.

5. Упаковочная и оберточная бумага–бумага для упаковки продуктов на автоматах, упаковочная бумага для сахара, чая, фруктов, стеклянной тары, текстильной продукции, мешочная бумага, бумага для спичечных коробок, светонепроницаемая бумага для кинофотоматериалов, жиронепроницаемая упаковочная бумага, оберточная, растительный пергамент, пергамин, под-пергамент.

6. Светочувствительная бумага – светочувствительная, диапозитивная светочувствительная и фотографическая бумага, бумажная диапозитивная светочувствительная калька.

7. Бумага для изготовления папирос и сигарет – курительная, мундштучная, папиросная и сигаретная.

8. Впитывающая бумага – впитывающая бумага для хроматографии, промокательная, фильтровальная различного назначения.

9. Промышленно-техническая бумага разного назначения для ртутно-цинковых элементов, химических источников тока, каландровая бумага, патронная, шпагатная, водо-растворимая, перфокарточная, термореактивная, теплочувствительная, для электрографии, гуммированная бумага для переводных изображений.

10. Бумага-основа – к ней относятся бумаги, используемые в качестве основы для производства многих видов бумаг, бумажных изделий и фибры путем соответствующих обработок, пропиток и покрытий (бумага-основа, основа мелованной, термореактивной, копировальной, парафинированной, пергамента, фотобумаги, фотокальки, абразивной; основа для переводной фольги, облицовочного материала, упаковочной для молочных продуктов, гигиенических салфеток, клееной ленты, склеенного картона.

Термин «ветхая бумага», часто употребляемый в реставрации, не имеет четкого определения. По нашему мнению, это бумага с низкой механической прочностью, пришедшая в такое состояние из-за неблагоприятных условий ее хранения, стихийных бедствий или бумага, найденная при археологических раскопках.

Механическую прочность бумаги оценивают разными показателями: сопротивление бумаги разрыву, излому, продавливанию, раздиру, изгибу. Между перечисленными показателями существует определенная зависимость, но не определены показатели, по которым бумагу можно было бы разделить на «ветхие» и «неветхие», непрочные и прочные. Многие считают, что поскольку при работе с документом бумага чаще всего подвергается изгибу, основным

показателем прочности является сопротивление ее изгибу. Так, например, бумагу, которая ломается при изгибе под углом в 90° относят к ветхой. Однако, такое определение нам представляется не совсем точным, т.к. имеются другие не менее важные показатели. К ним можно отнести целостность бумаги по площади или остаточная площадь листа; коэффициент пористости по отношению к первоначальному состоянию или изменение ее влагопоглащательной способности; механическая прочность на давление (продавливание) по отношению к начальному состоянию. Ветхость бумаги следует определять как ее состояние, не обеспечивающее сохранность и возможность использования имеющейся на ней информации без риска повредить бумагу. Для количественной оценки физико-механического состояния бумаги необходимо использовать указанные нами четыре показателя: сопротивление изгибу; остаточная площадь листа; изменение влагопоглощательной способности; механическая прочность на давление (продавливание).

Предлагается использовать коэффициент физико-механического состояния бумаги:

$$К=К_1\times К_2\times К_3\times К_4$$

где $К_1$ – показатель состояния на изгиб по сравнению с начальным состоянием. $К_1=К_1$кон./$К_1$нач., который будет, обычно, меньше 1 ($К_1<1$).

Здесь $К_1$нач., $К_1$кон. – число двойных перегибов (ЧДП) у образцов бумаги, при которых еще не происходит разрыв бумаги.

$К_2$ – коэффициент пористости по отношению к первоначальному состоянию. $К_2=V_2$нач./$V_2$кон., который должен быть меньше 1 ($К_2<1$),

где $V_2$нач.– объем поглощения влаги из атмосферы (из окружающего воздуха при влажности 65%) для ветхой бумаги;

$V_2$кон.– объем поглощения влаги из атмосферы (из окружающего воздуха при влажности 65%) для новой бумаги, т.к. влагопоглащательная способность бумаги возрастает по мере ее деградации.

$К_3$ – механическая прочность на давление (продавливание) P=mg/S по отношению к начальному состоянию. Измеряется специальным способом.

$К_3$ = Ркон./Рнач., который должен быть меньше 1 ($К_3<1$).

$К_4$ – остаточная площадь листа, он будет равен или меньше 1 ($К_4\leq1$);

$К_4 = 0{,}5К_{41} + 0{,}25К_{42} + 0{,}25К_{43}$ или другие варианты, если лист бумаги не является целым, а состоит из нескольких частей.

После определения четырех коэффициентов $К_1$, $К_2$ , $К_3$ , $К_4$ производится вычисление их произведений по формуле:

$$К=К_1\times К_2\times К_3\times К_4$$

и определение коэффициента k качества или ветхости бумаги по формуле:

$$k=К_{кон}./К_{нач}$$

который для ветхих бумаг будет иметь значение меньше 1 (k <1).

Определенные уточнения требует использование термина «укрепление» ветхой бумаги. Данный термин надо рассматривать в связи с физическими и химическими свойствами материалов, которыми нанесена на бумагу информация. При разработке общих методов укрепления ветхой бумаги необходимо преодолеть трудности, связанные с особыми физическими и химическими свойствами как самой бумаги так нанесенной на ней информации. Укрепление ветхой бумаги производят одним из методов:

– упрочняющей пропиткой бумаги;
– дублированием;
– методом расщепления листа;
– ламинированием.

*Упрочняющая пропитка бумаги.* Ветхую бумагу упрочняют пропиткой растворами животных клеев (желатиновый, мездровый, пергаментный) или полимерами поливинилового спирта, метилцеллюлозы.

Пропитка производится после очистки бумаги от загрязнений и нейтрализации. В том случае, если бумага очень ветхая, пропитку производят до указанных операций.

Концентрация растворов животных клеев 0,75-1,0%, в некоторых случаях до 3% температура раствора – не ниже 34°С. Концентрация раствора поливинилового спирта – 3-5%, метилцеллюлозы – 1-3%.

Растворы поливинилового спирта (ПВС) 2-3% также укрепляют бумагу, причем укрепление бумаг из древесных волокон успешнее, чем растворами желатины.

Прочность ветхих бумаг, предварительно обработанных моющими составами, содержащими поверхностно активные вещества, увеличивается больше, чем при пропитке той же бумаги растворами желатины или ПВС без предварительной обработки.

Укрепление ветхой бумаги дублированием. Дублирование – наслоение реставрационного материала с одной или двух сторон реставрируемого документа. Метод этот хорошо известен, отработан давно и успешно применяется в реставрации. Дублирование производят после очистки листа от загрязнений, нейтрализации, реставрации и выпрямления. Для дублирования листа, содержащего информацию только с одной стороны, реставрационная бумага должна быть прочной, тонкой и долговечной. Если информация содержится на обоих сторонах листа, реставрируемая бумага должна быть еще и прозрачной.

В тех случаях, когда дублируют старые пожелтевшие или цветные бумаги, белая микалентная бумага очень заметна на их фоне, ухудшается видимость текста через микалентную бумагу. Для уменьшения этого недостатка микалентную бумагу окрашивают светопрочными прямыми красителями в цвет реставрируемой бумаги.

Укрепление ветхих бумаг ламинированием. Этот наиболее производительный метод реставрации известен давно под различными названиями: ламинирование, импрегнирование, сухая реставрация, сухое

дублирование, горячее прессование. Наиболее распространенное название – ламинирование. Все перечисленные методы основаны на общем принципе – соединение ветхой бумаги с термопластичной полимерной пленкой, которая применяется самостоятельно или в сочетании с лавсановой пленкой или другими материалами.

Процесс укрепления ветхой бумаги, увеличения ее прочности также нуждается в количественной оценке. Для этой цели также может быть использован указанный выше коэффициент физико-механического состояния бумаги:

$$К=К_1\times К_2\times К_3$$

где $К_1$ – показатель состояния на изгиб по сравнению с начальным состоянием. $К_1=К_1$кон./$К_1$нач., который должен быть больше 1 ($К_1>1$) после обработки.

Здесь $К_1$нач., $К_1$кон. – число двойных перегибов (ЧДП) у образцов бумаги, при которых еще не происходит разрыв бумаги.

$К_2$ – коэффициент пористости по отношению к первоначальному состоянию. $К_2=V_2$нач./$V_2$кон., который должен быть меньше 1 ($К_2<1$),

где $V_2$нач. – объем поглощения влаги из атмосферы (из окружающего воздуха при влажности 65%) до обработки ветхой бумаги;

$V_2$кон. – объем поглощения влаги из атмосферы (из окружающего воздуха при влажности 65%) ветхой обработанной бумагой, причем $V_2$кон. должно быть меньше $V_2$нач. после пропитки.

$К_3$ – механическая прочность на давление (продавливание) P=mg/S по отношению к начальному состоянию. Измеряется специальным способом.

$К_3$ = Ркон./Рнач., который должен быть больше 1 ($К_3>1$).

После определения трех коэффициентов $К_1$ , $К_2$ , $К_3$ до и после обработки производится вычисление их произведений по формуле:

$$К=К_1\times К_2\times К_3$$

и определение коэффициента k улучшения качества бумаги по формуле:

$$k=К_{кон.}/К_{нач.}$$

который должен иметь значение $k \geq 3\div4$ для достижения эффективности в улучшении качества обрабатываемой бумаги.

Здесь мы не использовали коэффициент остаточной площади листа $К_4$.

Нами проведен большой объем работ по консервации археологической бумаги, других пористых материалов. Часть работ уже опубликована, получены патенты на разработанные технологии [1-7]. Работы в указанном направлении продолжаются.

*Выводы:* В данной работе рассмотрены вопросы определения понятия о «ветхой бумаге» и ее укреплении, также вопросы количественной оценки их

состояния до и после реставрации. Предлагаются математические формулировки для оценки физико-механического состояния бумаги в процессе реставрации.

## Литература

1 Ахметкалиев Р.Б. Образование композитного материала при пропитке пористых археологических изделий. Журнал «Высшая школа Казахстана», №2(1), 2019. – С.159-163.

2 Ахметкалиев Р.Б. Условия исторического сохранения археологической древесины. Международный научный журнал «Ізденіс-Поиск», №4, 2019. – С.160-165.

3 Ахметкалиев Р.Б. Adsorption processes in disperse systems. European Research: Innovation in Science, Education and Technology №8(31), 2017. – С.10-12.

4 Ахметкалиев Р.Б. Технологическое применение адсорбционных процессов в дисперсных системах. Научно-технич. Журнал «Поиск», №4, 2017. – С.154-158.

5 Ахметкалиев Р.Б. Патент РК №5549. Способ защиты рестарируемых пористых изделий. Бюлл. изобр. №45 от 13.11.2020 год.

6 Ахметкалиев Р.Б. Патент РК №5550. Способ защиты рестарируемых пористых изделий. Бюлл.изобр. №45 от 13.11.2020 год.

7 Ахметкалиев Р.Б. Патент РК №5552. Способ укрепления бумаги и консервации бумажных носителей информации. Бюлл.изобр. №45 от 13.11.2020 год.

# ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

# СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА

# SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

**ҒТАМР 19.31**

# ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАДАҒЫ ЖАРНАМА НАУҚАНДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕ СИПАТТАРЫ

**Ж. Мірсәді, Г. Тәжібек, М. Сақбек**
*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.*

Жарнаманың әртүрлі түрлерін дамыту үшін қазіргі уақытта қол жетімді әлеуметтік желілердің ұсынылған сипаттамалары осы желілерді сіздің бизнесіңізді жылжыту алаңы ретінде саналы түрде таңдау бағытында үлкен артықшылық болып табылады. SMM – жарнамаланатын объект туралы бірқатар себептерге байланысты қажетті ақпарат әлеуметтік желілерде және блогосферада мақсатты тұтынушылар, блогерлер немесе форумдар қауымдастығын құру арқылы белсенді түрде таратылатын жарнамалық-ақпараттық қызмет түрі. Өнім, қызмет немесе жұмыс, сонымен қатар оны басқару. Бұл жұмыс әдісінің артықшылықтары: нақты пікірлердің, тікелей шолулардың, сондай-ақ онлайн қабылдауға болатын тілектердің болуы. Бұл ретте кері байланыс режимі жұмыс істейді, оның негізінде жылжыту саясатын реттеуге әбден болады.

***Түйін сөздер:*** SMM, мақсатты аудитория, әлеуметтік желілер, медиа ресурстар, блогосфера, маркетингтік коммуникациялар.

Бүгінгі таңда әлеуметтік медиадағы, жалпы Интернет сияқты, мақсатты аудиториямен өзара әрекеттесудің маңызды арналарының бірі болып табылады. Кәсіпорындар Vkontakte, Odnoklassniki, Facebook, Instagram, Avito, WhatsApp және т.б. сияқты әлеуметтік желілер арқылы жарнамаға көбірек жүгінуде. Жарнамалық науқандардың бұл түрін дамыту құралдарының бірі таргеттік жарнама болып табылатын SMM маркетингіне негізделген.

Мақсатты жарнама әртүрлі критерийлер бойынша жарнамаларды көрсетуге негізделген. Көбінесе әлеуметтік желілер параметрлерді жынысы мен жасы, географиясы, қызығушылықтары және пайдаланушылар пайдаланатын платформасы бойынша пайдаланады. Мақсатты жарнамадан басқа контекстік жарнама жиі қолданылады. Барған сайын әлеуметтік желілерде жүргізілетін жарнамалық науқандар күшейе түсуде, ал жарнаманың өзі жекелендіріледі. Әлеуметтік желілердегі жарнаманың негізгі мүмкіндіктері:

– Жарнаманы көрсетудің нақты параметрлерін орнату;
– Кірудің кең шегі;
– Кейінге қалдырылған сұранысқа әсер ету;

– Жарнамалық науқандарды масштабтау [4, 38 б.].

Әлеуметтік медиада жарнамалық науқандарды дайындау және өткізу көбінесе SMM маркетинг саласында арнайы білім мен тәжірибені қажет етеді. Сондықтан әлеуметтік желілерде жарнаманы әзірлеу және енгізу үшін осы саланың мамандарын тарту ұсынылады. Өз алдына, SMM маркетинг саласындағы жарнама барған сайын танымал болып келеді. Оны дамытудың әлеуеті айтарлықтай үлкен және әлі толық пайдаланылмаған. Бүгінде әлеуметтік желіні пайдаланбайтын өнер жұлдыздары да жоқ емес. Әлеуметтік желі қандай да бір әншінің шығармашылығы жайлы халықтың пікірін білуге оңтайлы жол болса, екінші жағынан, жарнама үшін таптырмас құралдардың бірі. Осы орайда, «МузАРТ» тобының мүшесі, әнші С. Майғазиев соңғы кездері кең қанат жайған әлеуметтік желідегі жарнама мәселесіне қатысты: «Жарнама жасап беру жөнінде қандай ұсыныс түссе де жеті рет өлшеп бір рет кесуге тырысамын. Өзім жетік білмейтін, күмәнды дүниелерге мүлдем жоламаймын. Мен үшін мені оқып отырған оқырмандарымның сенімі әлдеқайда қымбат» деп өзіне түсетін жарнамалық ұсыныстарды егжейлі-тегжейлі тексеріп қана қабылдайтынын айтты.

Әлеуметтік медиадағы жарнамалық компанияларды жоспарлау және дайындау процесі, бір жағынан, стратегиялық жоспарлаудың негізімен белгілі бір ұқсастықтарға ие болса, екінші жағынан, оның өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, жарнамалық науқанның алдында қандай мақсаттар мен міндеттер тұрғанын түсіну қажет. Басқаша айтқанда, сіз оның негізгі мақсатын – оны жүзеге асырғаннан кейін компанияның қол жеткізгісі келетінін түсінуіңіз керек. Осылайша, әлеуметтік желілерде жарнамалық науқанды жоспарлау мен дайындаудың бірінші қадамы SMM жылжыту үшін мақсаттар қою болуы керек. Екінші кезеңде компания өзінің мақсатты аудиториясын нақты анықтауы керек. Сарапшылардың айтуынша, сіз өзіңіздің әлеуетті тұтынушыларыңызды жақсы білуіңіз керек, сондықтан жарнаманы жариялау және іске қосу кезінде сіз оны көретін нақты адамдарды елестете аласыз. Бизнестің мақсатты аудиториясы әлеуметтік желілерде «серуендеу» өте маңызды, әйтпесе жарнамалық науқан жұмыс істемейді.

Әлеуметтік медиадағы жарнамалық науқанды дайындаудың үшінші қадамы – компанияны, оның брендін және өнімдерін интернетте жылжытатын әлеуметтік желілерді таңдау. Келесі кезекте компанияны әлеуметтік желілерде орналастыру және нақты мазмұн жоспарын құру кезегі келеді. Осыдан кейін мақсатты аудиторияның әрбір сегменті үшін коммуникация жоспары (немесе медиа-жоспар) әзірленеді.

Әлеуметтік медиадағы жарнамалық науқандарды дайындаудың соңғы кезеңдері оларды іске асырудың тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді таңдау, сонымен қатар жарнамалық науқанға бюджетті анықтау болып табылады. Кейбір сарапшылар бұл кезеңдерді тактика деп атайды, яғни ағымдағы стратегиялық емес жоспарлау. Жоғарыда сипатталған кезеңдердің бірізді өтуінің нәтижесінде әлеуметтік желілермен жұмыс істеу кезінде жарнамалық науқанның жоспары қалыптасады. Ол мыналарды сипаттайтын

блоктардан тұруы керек деп саналады: SMM маркетингінің мақсаттары мен міндеттері, әлеуметтік коммуникация принциптері, қолданылатын арналар мен коммуникациялық платформалар, әлеуметтік желілердегі корпоративтік аккаунттарды мазмұнсыз жылжыту механизмі, кросс механизмі. Маркетинг, жарнама принциптері, контент және медиа-жоспар, бюджеттік кеңес, сонымен қатар нәтижелерді талдау және негізгі қызмет көрсеткіштері [5, 30 б.].

Әлеуметтік медиадағы табысты жарнамалау ережелері әрбір жағдайда әлеуметтік желілерде жүргізілетін жарнамалық науқанның өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары болады. Ең алдымен, олар оны жүзеге асырудың мақсаттары мен міндеттерімен, мақсатты аудиторияның сипаттамаларымен, іске асырудың аспаптық негізімен, сонымен қатар компанияның қаржылық және басқа ресурстық мүмкіндіктерімен анықталады. Дегенмен, сарапшылар бірқатар ережелерді анықтайды, олардың сақталуы әлеуметтік желілерде табысқа жету үшін жарнамалық науқанның мүмкіндігін арттырады. Әлеуметтік медиадағы жарнамалық науқандарды дайындау және жүзеге асырудағы негізгі ұсыныстарға мыналар жатады:

– Топты және сайтты қызықты, түпнұсқа және пайдалы мазмұнмен толтыру;

– Бюджет шегі;

– Мақсатты аудиторияның демографиялық көрсеткіштерін анықтау;

– Әртүрлі демографиялық сипаттамалары бар мақсатты аудитория топтарына көрсетілетін жарнамаларды саралау;

– Жарнамалардың қысқалығы мен тартымдылығы;

– Пайдаланушыларға әрекеті үшін сыйақы ұсыныңыз (мысалы, топқа қосылу үшін жеңілдік немесе репосттарға арналған ұтыс ойынына қатысу мүмкіндігі);

– Қайта таргетингті қолдану;

– Модерация, арандатушы мәтіндер мен суреттерді пайдаланудан бас тарту, шындыққа жанаспайтын уәделерді беруге жол бермеу;

– Жарнамаларды көрсету жиілігін шектеу (әр пайдаланушыға 1-ден 5 есеге дейін) [2, 69 б.].

Бастапқыда жарнамалық науқанның жоғары сапалы баптауы. Осындай қарапайым ережелерді сақтау жарнамалық науқанның табысқа жету мүмкіндігін айтарлықтай арттыруы мүмкін деп саналады.

Әлеуметтік жарнама хабарламасының мазмұнына әсер ететін мәнбірлер болады, олар:

1. Жарнама хабарламасында жүзеге асырылатын нақты бір концепт не концептілер тобы, сонымен бірге концептінің берілуінің тақырыптық жоспары хабарлама тоналділігіне, оның айтылуына тікелей ықпал етеді. Мысалы, нашақорлықтан бас тартуды насихаттау мақсатында түзілетін әлеуметтік жарнама хабарламаларының тоны әрқашанда дөрекі сипатта болады. Ол хабарламада нашақорларды кінәлау тоны нашақорлардың жағымсыз өмір салтын нақты бейнелеп көрсетумен сабақтасып беріледі. Керісінше, ата-

аналарды өз балаларына көңіл аударуға насихаттайтын әлеуметтік жарнама хабарламаларының тоналділігі жылы, сентименталді, мейірімге толы, жағымды әсер ететін сипатта болады.

2. Жарнама дереккөздері де әлеуметтік жарнама хабарламасының мазмұнына өз қолтаңбасын қалдырады. Мысалы, Қорғаныс Министрлігі мен Ішкі істер министрлігі тарапынан құрастырылатын жарнама хабарламасының мазмұнында бұйрықты құрылымдар қолданылады. Кәсіби жарнамашылар ассоциациясы тарапынан түзілген жарнама хабарламасының мазмұны коммерциялық, табыс табуды көздеген тілде сөйлейді. Әйелдер қауымы ұсынған емшек обасына қарсы күресті насихаттауды мақсат ететін жарнама хабарламасының мазмұны әйелдерге арналады, соған сай жұмсақ айтылымдар пайдаланылып, әйелдерге жақын кейіпкерлер, яғни жас балалар бейнесі қолданылады.

3. Көздеген мақсатына сай жарнама деректерді нақты тәптіштеп келтіруді де қолдануы мүмкін (нақты бір ауру балаға көмек беруге шақыру хабарламасында ауруының тарихы кеңінен айтылады) немесе өте қысқа да нұсқа, бірақ тез әсер ететіндей құрылады.

Мысалы, жол бойында ілулі тұрған плакаттағы «Шам және тартқыш!» деген сөз жазылған плакаттағы хабарламаны қабылдау үшін жүргізушіге секунд та жеткілікті болады.

4. Тыңдаушылардың психологиялық портреттері де әлеуметтік жарнама хабарламасы мазмұнын беретін вербалды бірліктерді таңдауға әсер етеді. Мысалы, жастарға арналған әлеуметтік жарнама хабарламасының мазмұнында жастар сленгі қолданылады. Мысалы, Олар ілгері кетті, бірақ бізге жету қайда?

5. Әлеуметтік жарнама хабарламасының пайда болу себебін ашуға әлеуметтік жарнама адресатының пресуппозициясы әсер етеді. ВИЧ-СПИД ауыруларының қауіптілігі баршаға белгілі, ол қосымша мәліметпен анықтау қажеттігін туғызбайды. БАҚ көтерген әлеуметтік жарнама мәселесі алдын ала саналған деректер мен фактілерге ие болады [6, 128 б.].

Қорыта айтқанда, әлеуметтік медиадағы жарнама науқаны мағыналық және құрылымдық ұйымдасу ерекшелігі бар болып саналады.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Википедия: https://ru.wikipedia.org/wiki

2 Киреев С.И. Вербальное и невербальное выражение метафор в социальном рекламном плакате // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. – Волгоград, 2008. – Сер. «Филологические науки». – № 2 (26). – С. 32-37.

3 Ожегова С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений / Российская АН.: Российский фонд культуры: – 2-е изд., испр. и доп. – М., 1994.

4 Brilyeva S.A. Шағын бизнесті алға жылжыту үшін SMM қолдану. – Санкт-Петербург: Питер, 2016.

5 Voronets A.G. Әлеуметтік желілер тауар нарығында өнімді жылжыту тәсілі ретінде. – М.: Экономика, 2017.

6 Каримова А.А. Өнімдер мен қызметтерді интерактивті жылжытуды пайдалануды талдау. – Санкт-Петербург: Петр, 2017.

7 Lvov V. N. Маркетинг: интерактивті жылжытудағы инновациялар. – М.: Экономика, 2015.

**ҒТАМР 06.73.02**

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПОРЫНДАРЫН ҚАРЖЫЛЫҚ САУЫҚТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**Р.С. Сарбасова**
*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.*
**А.А. Нұрымов**
*Э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.*

Ауыл шаруашылығын кешенді дамыту бағыттарының бірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу, жұмыс тиімділігін арттыру болып табылады. Ол үшін бұл сала кәсіпорындарының жұмысының тиімсіздік себептерін анықтап, төлемге қабілетсіз кәсіпорындарда қаржылық сауықтыру шараларын жүргізу маңызды. Қаржылық сауықтыру жағдайында ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық жағдайы тұрақталып, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік туады. Ол өз кезегінде осы саланың экономикадағы үлесін арттыруға септігін тигізеді.

***Түйін сөздер:*** агроөнеркәсіптік кешен, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, қаржылық сауықтыру, төлем қабілеттілік, мемлекеттік қолдау.

Агроөнеркәсіптік кешен экономиканың нақты секторы ретінде Қазақстан Республикасы халқының экономикалық өсуі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуші негізгі көздерінің бірі болып табылады. Дамыған елдердің тәжірибелері аталған саланы дамытуда мемлекеттің қолдау жүйесінің маңызды екендігін көрсетті.

Қазақстанның тәуелсіз дамуының әрбір кезеңінде еліміздің агроөнеркәсіп кешенін дамыту мен қолдаудың негізгі бағытын айқындайтын түрлі стратегиялық және бағдарламалық құжаттар қабылданып, іске асырылып келеді. Сондай-ақ жыл сайынғы Президент Жолдауларының басым көпшілігінде ауыл шаруашылығын дамыту, саладағы еңбек өнімділігін арттыру, мемлекет тарапынан қолдау бойынша тапсырмалар беріледі. Мәселен, ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Бұл – стратегиялық міндет. Қазір тек бидай мен мал сатып отыратын заман

емес. Үкімет агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеуге тиіс» деп ерекше атап өтілген [1].

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасындағы ( ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген) АӨК SWOT-талдауына сәйкес еліміздің аталған саланы дамытудың мүмкіндіктері ретінде келесілер қарастырылған:

– Қазақстан аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орында;

– Қазақстан жан басына шаққандағы егістік жер көлемі бойынша әлемде екінші орында;

– 1,4 млн га суармалы жердің болуы;

– Қазақстан астық пен ұн бойынша ірі экспорттаушылардың қатарына кіреді;

– бос және пайдаланылмайтын жайылымдардың үлкен алаңдары;

– жайылымдық мал шаруашылығының дәстүрлі мәдениеті дамыған;

– елеулі еңбек ресурстары: ауыл халқының үлесі барлық халықтың 43 %-ын құрайды;

– ауыл шаруашылығы өнімдерінің кең желісін өндіруге және елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін топырақтық-климаттық аймақтардың алуантүрлілігі;

– ауыл шаруашылығы өндірісінің ұйымдық нысандарында көпқұрылымдылықтың болуы;

– шектес елдерде азық-түлік өнімдеріне өсіп келе жатқан сұраныс.

АӨК-тің одан әрі дамуы үшін ауқымды өткізу нарықтары, ауыл шаруашылығы алқаптарының жеткілікті алаңдары, суармалы егіншілікті дамытудың жоғары перспективалары бар, майлы дақылдар және ет салаларының экспорттық позициялары күшеюде, ал астық пен ұн бойынша Қазақстан әлемдегі ірі экспорттаушы елдердің қатарына кіреді [2].

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа және Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі үлкен мүмкіндіктерге жол ашады және бір мезгілде ішкі, сол сияқты сыртқы нарықтарда АӨК саласының бәсекеге қабілеттілігіне жоғары талаптар қояды. Осыған байланысты АӨК-ті тиімді мемлекеттік реттеу және оның дамуын ынталандыру маңызды рөл атқарады.

Жоғарыда аталған мүмкіндіктерді иеленетін еліміздің ауыл шаруашылығы саласын ары қарай дамыту жалпы экономиканың дамуына ықпал ететіні күмән келтірмейді.

Алайда жалпы елімізде және әлемде болып жатқан дағдарыстар, құрылымдық өзгерістер, саяси қозғалыстар және ауыл шаруашылығы саласының өзіне тән ерекшеліктері бұл саланың тұрақты дамуының тежеуіші болып табылады.

Қазіргі жағдайда агроөнеркәсіптік өндірісті ұйымдастыру көптеген құралдарды пайдалана отырып, тиімсіз, тұрақты төлем қабілетсіз ауыл шаруашылығы ұйымдарының экономикасын нығайтуды, жағымсыз әлеуметтік салдарға жол бермеуді, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау, оларды

оңалту, инвестициялар тарту саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуді көздейді. Мемлекеттің осы процесті жүзеге асыруға қатысуы ауыл шаруашылығы ұйымдарын қаржылық жағынан сауықтыру, экономиканың басқа салаларының, отандық және шетелдік инвесторлардың әлеуетін тарту, сондай-ақ ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамыту бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар кешенін дайындауы мен қабылдауында көрініс табады. Бұл шаралар мемлекеттік бюджетке қысымды айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді, өйткені әлеуетті инвесторларға, тиімді басқарушыларға қайта бағдарлау ауыл шаруашылығындағы проблемалы ұйымдарға бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағыттарының бірі әрбір ауыл шаруашылығы ұйымының қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу болып табылады. Алайда, экономикалық қызмет субъектілері арасындағы экономикалық қатынастарда белгілі бір себептерге байланысты ұйым өз міндеттемелерін төлей алмайтын кездер болады. Бұл ретте нарықтық экономика жағдайында оның жұмыс істеуі кезінде туындайтын дағдарыстық жағдайлар жұмыс нәтижелеріне теріс әсер етуі және төлем қабілетсіздігінің немесе экономикалық дәрменсіздіктің (банкроттықтың) туындауына әкелуі мүмкін.

Ауылшаруашылық ұйымдарындағы дағдарыстық жағдайлардың теориялық аспектілерін және олардың ерекшеліктерін зерттеу – бұл өзекті міндет, оны шешу процестерді дұрыс түсінуге және қаржылық сауықтыру үшін қажетті шараларды жасауға негіз болады [3].

Жалпы елімізде АӨК субьектілерін қаржылық сауықтыру мәселесі «Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасында **(**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысымен бекітілген) қарастырылған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешені субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау, ал міндеттерінің бірі – АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру. Жоғарыда аталған құжатқа сәйкес «Қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 816 қаулысы қабылданды [4]. Аталған қаулыда қаржылық сауықтыруға келесідей анықтама берілген: «Қаржылық сауықтыру – айналым құралдарын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға, оның ішінде құрылыс-монтаждау жұмыстарына пайдаланылған қарыз алушының кредиттік/кредиторлық міндеттемелерін, сондай-ақ лизингтік міндеттемелерін (ауыл шаруашылығы және арнайы техниканы, технологиялық жабдықты сатып алу) мемлекет тарапынан қолдау кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру».

Енді осы «қаржылық сауықтыру» терминінің мағынасын толығырақ қарастырайық.

Қаржылық сауықтыру – бұл қайталанатын шығындарды қамтамасыз етуге және олардың себептерін жоюға, өтімділік пен төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге немесе арттыруға, барлық қарыздарды азайтуға, айналым қаражаттары қорларының құрылымын жақсартуға және технологиялық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік мәселелер бойынша сауықтыру шараларына қажетті ресурстарды қалыптастыруға бағытталған шаралар кешені. Оның мақсаты – ағымдағы шығындарды жабу және олардың себептерін жою, фермерлік шаруашылықтардың өтімділігі мен төлем қабілеттілігін жаңарту, мұның бәрі қарызды азайтады, капитал құрылымын жақсартады және технологиялық сипаттағы санитарлық шараларға қажетті қаржылық ресурстарды қалыптастырады [5].

А.Л. Ходенков аталған мәселе бойынша келесідей анықтаманы ұсынады: «Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қаржылық сауықтыру заңнамалық актілерді түзетуге, шаруашылықтардың ұйымдық құрылымын жетілдіруге, олардың қарыздарын қайта құрылымдауға, ауыл шаруашылығы өндірушілерін мемлекеттік қаржылық қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыруды білдіреді» [6].

Төлемге қабілетсіз ұйымдардың санын азайту және олардың жұмыс тиімділігін арттыру агроөнеркәсіптік кешен үшін өзекті міндет болып табылады. Қаржылық сауықтыру жағдайында ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындар қызметінің нәтижелерін бағалау қалыптасқан заңдылықтар мен трендтерді, шаруашылық қоғамдардың күшті және әлсіз жақтарын, олардың басқа ұйымдық құқықтық нысандармен салыстырғанда артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді [7].

Шаруашылықтардың экономикалық сәтсіздігінің себептері әртүрлі болуы мүмкін. Көбінесе олардың дағдарыстық жағдайы тиімсіз басқаруға байланысты проблемалардың жинақталуына байланысты, атап айтқанда:

– ескірген және тозған негізгі құралдарды пайдалану;
– төмен еңбек өнімділігі;
– кадрлық проблемалардың болуы;
– басқару кезінде икемділіктің болмауы;
– тиімсіз қаржылық менеджмент [8].

Қазіргі мемлекеттердің көпшілігі үшін тұрақты экономика мен гүлденген мемлекет құрудың маңызды элементі дағдарыс кезеңінде кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық және басқа да мемлекеттік қолдау көрсету болып табылады, өйткені тек күшті бизнес халықты жұмыспен қамтудың жоғары пайызын және экономиканың өсуін қамтамасыз ете алады [9].

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» Бағдарламасында қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау көзделген. Бағдарламаға қатысушы қайтару мерзімдерінің ұлғаюына, төлемдерді өтеу тәртібі мен кезектілігінің өзгеруіне, сыйақы мөлшерлемесінің

өзгеруіне, сондай-ақ қатысушыда бар кредиттік және лизингтік міндеттемелерді өтеу бойынша жеңілдікті кезеңнің берілуіне сене алады.

Мемлекеттік қолдаудың тағы бір шарасы «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасында бекітілген банктердің кредиттері және лизингтік компаниялардың қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау болып табылады. Мұндай шаралар бірқатар басқа мемлекеттік бағдарламаларда көрініс табады.

Осылайша, бизнесті қолдаудың нақты бағдарламасының талаптарына сәйкес келген жағдайда қаржылық қиындықтарға тап болған компания көптеген мемлекеттік бағдарламалардың бірін таңдап және/немесе «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңында көзделген қалпына келтіру рәсімдерінің бірін пайдалана отырып, мемлекеттің көмегіне сене алады [9].

«Қаржылық сауықтыру – бұл «ҚазАгро «Холдингі» АҚ қаржы институттарының сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және қорландыру қаражаты түрінде мемлекет тарапынан қолдауымен АӨК субъектілерінің кредиттік/кредиторлық міндеттемелерін қайта құрылымдауды, қайта қаржыландыруды қамтитын іс-шаралар кешені» [10].

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау оны қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша теңгемен жылдық 7%-ға және шетел валютасымен 5%-ға төмендету жолымен жүзеге асырылады, яғни қаржылық сауықтыру рәсімінен өткеннен кейін қарыз алушы сыйақының қалған бөлігін ғана төлейтін болады. Сондай-ақ қаржылық сауықтыру шеңберінде кредиттерді қайтару мерзімдері 9 жылға дейін ұзартылады және айыппұлдар мен өсімпұлдар есептен шығарылады.

Осылайша, ауылшаруашылық тауар өндірушілері үшін қаржылық сауықтырудың анықтамасын барлық кредиторлардың банкроттық рәсімдерін қолданғанға дейін борышкердің қаржылық жағдайын жақсарту мақсатында қарыздарды қайта құрылымдауды жүргізудің бірыңғай шарттарын әзірлеуге бағытталған ұзақ мерзімді іс-шаралар кешені ретінде тұжырымдауға болады.

Сонымен, егер банкроттық бизнесті жүргізудің теріс нәтижесі болса, онда қаржылық сауықтыру мүмкіндігін оң деп санауға болады.

Агроқұрылымдар үшін қаржылық сауықтыру оның дәрменсіздігімен (банкроттықпен) байланысты емес. Бірақ тиісті шаралар, әдетте, шаруашылық банкроттыққа дейінгі жағдайға енген кезде қабылданады. Алдын ала әрекет етіп, тиісті іс шараларды іске асыру талап етіледі.

Қаржылық сауықтыру агроөнеркәсіптік кешеннің басшылығы, иелері немесе кредиторлары бастаған қаржылық-шаруашылық қызметті талдаудың қисынды жалғасы болуы мүмкін. Кез келген жағдайда қаржылық сауықтыру бағдарламасын іске асыру мыналарға негізделуі тиіс:

– қаржылық жағдайды тұрақтандырудың және дағдарыс жағдайының белгілерін жою мақсаты;

– кәсіпорынның қаржылық әлеуетін анықтайтын кәсіпорынның қолданыстағы ресурстарын арттыру.

Қаржылық сауықтырудың басты міндеті – кәсіпорынның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе қамтамасыз ету, яғни қарыздарын уақтылы өтеу мүмкіндігі. Бұл мүмкіндік кәсіпорында кіріс және шығыс ақша ағындарының оңтайлы арақатынасы болған жағдайда ғана қол жетімді болғандықтан, қаржылық сауықтыру бағдарламасының мәні шығындар мен түсімдер арасындағы алшақтықты толтыру үшін ақша қаражаттарымен маневр жасау болып табылады.

Ауыл шаруашылығы ұйымдарының қаржылық жағдайын сауықтырудың ерекшелігі ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшеліктеріне байланысты. Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорындардың дағдарыстық жағдайының негізгі себептері ретінде келесілерді айтуға болады:

– ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өткізудің төмен табыстылығы;

– кәсіпорындардың барлық деңгейдегі бюджеттерге, бюджеттен тыс қорларға, жеткізушілерге, банктерге жоғары мерзімі өткен берешегі;

– негізгі құралдарды жаңартудың төмен коэффициенті;

– ауылдық елді мекендер инфрақұрылымының дамымауы;

– ауылдық мекен тұрғындарының ақпараттану деңгейі мен қаржылық сауаттылығының төмен деңгейі;

– жұмыс жасап тұрған шаруашылықтардың көпшілігінің шағын сипаты және т.б.

Қорыта келе, ауыл шаруашылығы саласын дамытудың негізгі тетіктерінің бірі агроқұрылымдарды қаржылық сауықтыру екендігін нақты айта аламыз. Қаржылық сауықтыру шаралары кәсіпорындардың қаржылық жағдайын тұрақтандырып, олардың еңбек өнімділігін арттыруға септігін тигізеді. Яғни тиімді жұмыс істейтін кәсіпорындар саны артып, ол өз кезегінде ауыл шаруашылығы саласының маңызды көрсеткіші өнімділіктің артуына жол ашады.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Әділетті мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам. 1қыркүйек 2022 жыл. URL: https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy.

2 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960.

3 Метлицкий В.Н. Теоретические аспекты кризисных ситуаций в сельскохозяйственных организациях. Аграрная экономика. 2022; (8). – С. 69-76. URL: https://doi.org/10.29235/1818-9806-2022-7-69-76.

4 «Қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін

субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 816 қаулысы «Егемен Қазақстан» 06.11.2013. № 247 (28186). URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000816/history.

5 Bechko P.K., Kulyk K.O. Problems of financial recovery of agricultural enterprises. Journal of Uman NUH. 2013 Issue number 82. Part 2. – P.260-264. URL: https://journal.udau.edu.ua/assets/files/82/2/en/40.eng.pdf.

6 Hodenkov A. Financial recovery of enterprises of the agro-industrial complex of the Republic of Belarus / A. Hodenkov, R. Ursan // Danish Scientific Journal. 2019. – № 28. – P. 22-25.

7 Королевич Н.Г. Анализ эффективности функционирования акционерных обществ в сельском хозяйстве в условиях финансового оздоровления/Н. Г. Королевич, Н.А. Бычков, Г.В. Хаткевич // Агропанорама. – Минск, 2021, № 6(148). – С.31-33.

8 Ходенков, А.Л. К вопросу об экономической несостоятельности (банкротстве) в Республике Беларусь. Современные инновационные технологии и проблемы устойчивого развития общества: сб. материалов VIII междунар. науч.-практ. конф., Минск, 14 мая 2015 г. / Минский филиал РЭУ. – – Минск: Ковчег, 2015. – 254 с.

9 Молокостова К. Финансовое оздоровление должника с использованием мер государственной поддержки. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37374595&pos=17;9#pos=17;9.

10 Как действует программа финансового оздоровления субъектов АПК? 25 июля 2014. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31582442&pos=4;-108#pos=4;-108.

**ГРНТИ 06.03.07**

# ИНДЕКС СЧАСТЬЯ КАК ПОКАЗАТЕЛЬ ЭКОНОМИЧЕСКОГО БЛАГОСОСТОЯНИЯ ОБЩЕСТВА

**М.Б. Базарханова**
*Стажер-исследователь, магистр, Институт психолого-экономических исследований, г. Саратов, Российская Федерация*

В данной статье рассмотрен индекс счастья как показатель экономического благосостояния общества. Тот факт, что в последние годы проводятся активные попытки исследования феномена «экономика счастья», говорит о том, что эта область науки имеет высокий интерес и значимость для общества. При этом, как показывают многочисленные исследования ученых экономический рост автоматически не вызывает рост удовлетворенности жизни у населения.

***Ключевые слова:*** индекс счастья, субъективное благополучие, парадокс Истерлина, удовлетворенность жизнью, рейтинг.

Наука о счастье – область исследования, которая имеет нарастающую популярность в научном сообществе. Актуальность исследования высока, так как при изучении термина счастья ученые, все больше говорят о пользе сбалансированного подхода к оцениваю благополучия, учитывая, тот факт, что ранее в исследовании исключительное внимание уделялось личным интересам и материальной стороне.

Сегодня, на нашей планете, все стремительнее происходят глобальные изменения социального, экономического и геополитического характера, в этой связи наблюдаются изменения и в представлении граждан о своем благосостоянии, которое основывается на возможностях населения принимать непосредственное участие в экономических взаимоотношениях, производстве каких-либо благ, при этом, получая стабильное удовлетворение от данного процесса.

Важно отметить, что в конце XX века в экономической теории началось исследование экономического феномена «экономика счастья». Одним из важнейших социальных индикаторов качества жизни населения является удовлетворенность жизнью. Однако существуют различия в удовлетворенности жизни, которые могут быть вызваны механизмом социального неравенства граждан, в связи с этим, исследование данной области науки, является важным

для современного социума, с целью предотвращения экономического неравенства по причине вышеупоянутых различий.

прилегающих территорий. С помощью предложенного алгоритма исследованы особенности их распределения в пространстве и времени. Выборка из каталога [4] осуществлялась для событий с K≥7.0, без ограничения по глубине. Роем считалась последовательность при числе событий N≥3, произошедших за 1-15-26 суток, достаточно компактно по площади. Выделялся интервал времени, в течение которого происходило массовое «высыпание» землетрясений с близкими значениями координат эпицентров. Далее, для каждой роевой последовательности составлялся каталог с метками роев, у распознанных землетрясений, они выносились на карту разным цветом по годам – распределения роев. Для визуализации применялся современный программный комплекс Origin 2021. Рои землетрясений не имеют характерного затухания событий по энергии во времени [2, 3]. Получена Карта-схема пространственно-временного распределения сейсмических событий – роев землетрясений, за указанный период времени 2017-2022 г. на территории исследования (рис.1).




*Рисунок 1. Карта–схема роев землетрясений сейсмоактивного региона исследования 39°-46°N, 70°-85°E за 2017-2022 г.*

Метод распознавания и визуализации роев землетрясений с применением графической кластеризации сейсмических событий дает возможность исследовать сейсмичность любого региона Земли. На его основе получена Карта-схема (рис. 1) пространственно-временного распределения сейсмических событий – роев землетрясений (разным цветом по годам) для сейсмоактивного региона. По результатам применения метода графической кластеризации,

новых программных средств распознавания и визуализации роев, получен каталог распознанных роев землетрясений. Алгоритм и метод распознавания роев землетрясений может быть применен для исследования пространственно-временного распределения роев в других сейсмоактивных регионах.

## Литература

1 Курскеев А.К. Землетрясения и сейсмическая безопасность Казахстана. – Алматы, 2004. – 504 с.

2 Казаков В.В., Литовченко И.Н., Паршуков М.Ю. Рои землетрясений на Северном Тянь-Шане. Прогноз землетрясений и глубинная геодинамика. Материалы международного симпозиума. – Алматы, 1997. – С.145-151.

3 Лютикова В.С. Рои землетрясений как отклик энергонасыщенных структур земной коры на воздействие астрофизических факторов. Всемирный Конгресс инженеров и ученых «Энергия будущего: инновационные сценарии и методы их реализации», WSEC-2017. – Т.4. – Алматы, 2017. – С. 328-331.

4 Региональный каталог землетрясений/Сейсмологическая опытно-методическая экспедиция (СОМЭ). URL: http://www.some.kz/index.php?p.

5 Литовченко И.Н., Лютикова В.С. Исследование связи между физическими параметрами очаговых зон роев землетрясений. 14 Научно-практическая конференция молодых ученых. – Бишкек, 2022.

6 Курскеев А.К., Колумбетова К.К., Литовченко И.Н., Амиров Н.Б., Лютикова В.С. О физической природе магнитуды землетрясений//Межд.науч.-практ.конф. «Современные методы оценки сейсмической опасности и прогноза землетрясений». – Алматы, 2022. – С. 141-148.

7 Лютикова В.С., Литовченко И.Н. Роевая активность в сейсмичности Северного Тянь-Шаня и прилегающих территориях. Межд.науч.-практ.конф. «Современные методы оценки сейсмической опасности и прогноза землетрясений. – Алматы, 2022. – С. 281-287.

8 Лютикова В.С., Литовченко И.Н. Технология распознавания образов (в выявлении роев землетрясений). Современные техника и технологии в научных исследованиях. – Бишкек, 2019. – С. 104-107.

# ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ

# ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАНИЕ

# FIELD OF PEDAGOGY AND EDUCATION

ҒТАМР 14.07.03

# «ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨСУІ МЕН ДАМУЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТЫ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Р.Б. Жандавлетова**
*Доцент, б.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.*
**Ж.Ж. Избасарова**
*Аға оқытушы, магистр, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.*

«Оқушылардың физиологиялық дамуы» пәнінен практикалық жұмыстарды орындау арқылы студенттер болашақта оқушылармен жұмыс жасау үшін қажетті біліктіліктерді меңгереді. Сондықтан бұл пәннен практикалық жұмыстарды жүйелі орындау маңызды болып есептеледі. Мақала пән бойынша алғашқы практикалық сабақтың әдістемесіне арналады. Аталмыш практикалық сабақтың әдістемесінде тақырыпқа қатысты теориялық түйінді материал, практикалық жұмысты орындау барысы, негізгі соматометриялық зерттеу әдістерін қолдануға арналған тапсырмалар көрсетілген.

***Түйін сөздер:*** физиология, өсу, даму, физикалық даму, соматометриялық зерттеу әдісі.

«Оқушылардың физиологиялық дамуы» педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар үшін міндетті пәннің бірі болып табылады. Пәннің мақсаты – мектеп жасындағы балалардың анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері, әртүрлі жастағы өсу және даму заңдылықтары, өскелең ағзаның қоршаған ортамен қарым-қатынасы, мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайту, олардың оқып-білім алу барысында жұмысқа қабілеттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету жолдарының, баланың жасына лайық білім беріп, ақыл ойын дамыту, дені сау, сымбатты етіп өсірудің ғылыми негіздері туралы педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша студенттерге білім беру.

Бұл пәнді оқыту 3 кредитті құрайды (15 дәріс, 15 практикалық сабақ, 5 БОӨЖ). Осы сабақтардың ішінен біз «Оқушылардың өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтары» тақырыбы бойынша практикалық сабақты өткізу әдістемесімен бөліспекпіз.

Адамның физикалық дамуы оның денсаулығының деңгейінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Адам онтогенезінде физикалық дамуын жүйелі бақылау оның жеке дамуын бағалау мен уақтылы түзету үшін қажет.

Балалар мен жастарағзасы үнемі өсіп дамуда болады. Ағзадағы жасушалардың саны мен салмағының ұлғаюына байланысты дене көрсеткіштерінің артуын өсу деп атайды.Ағзаның негізгі үш дене көрсеткіші бар: бойы (адамның денесінің ұзындығы), салмағы, кеуде шеңбері [1].

Өсумен қатар ағзада даму жүріп жатады. Даму – сапалық көрсеткіш. Ағзаның дамуы – деп сан көрсеткіштерінің сапалық көрсеткіштерге айналып, ұлпалардың жекешеленіп белгілі бір қызмет атқаруға бейімделуін, ағза мен оның жеке мүшелерінің қызметінің артуын, баланың ақыл-ой өрістерінің молаюын айтады. Ағзаның дамуы екі түрлі болады: физикалық және функциялық дамуы [2].

Физикалық дамудың көрсеткіштері барлық мүшелерге бірдей: мүшенің ұзындығы, ені, тереңдігі, көлемі, аумағы, салмағы, алып жатқан орны.

Функциялық дамудың көрсеткіштері мүшенің атқаратын қызметіне байланысты әртүрлі. Мысалы, жүректің функциялық дамуын анықтау үшін оның систолалық немесе минуттық көлемін өлшейді.

Физикалық дамуды зерттеу үшін соматометриялық, физиометриялық, соматоскопиялық зерттеу әдістері қолданылады. Соматометриялық әдіспен дененің ұзындығын (бойы), салмағын, кеуде шеңбері; физиометриялық (функционалды) – өкпенің тіршілік сыйымдылығы, қолдың бұлшықет күші; ал соматоскопиялық әдіспен – тірек-қимыл аппаратының жағдайы (омыртқаның, кеуденің, аяқтың, бұлшықеттің дамуы), жыныстық жетілу дәрежесі анықталады [3].

Физикалық дамудың негізгі көрсеткіштері өсудің жеке мәндерін, дене салмағын стандартты кестелерде ұсынылған нормалармен салыстыру арқылы бағаланады [4].

Өлшеуді күннің бірінші жартысында аш қарынға немесе тамақтан кейін 2-3 сағат өткен соң, тәуліктің бір мезгілінде жүргізу керек, өйткені дененің ұзындығы күннің соңына қарай 1-2 см-ге азаяды, ал салмағы орта есеппен 1 кг-ға артады. Егер тым кеш өлшенетін болса, зерттелушіге 10-15 минут жату ұсынылады.

*№ 1 практикалық жұмыс. Адам ағзасының физикалық дамуын анықтау.*

*Жұмыстың мақсаты:* Негізгі соматометриялық зерттеу әдістерін қолдануды үйрену.

*Қажетті құрал-жабдықтар:* медициналық таразы,бой өлшеуіш, сантиметрлік лента, «Физикалық даму көрсеткіштері», «Бойды өлшеу», «Кеуде шеңберін өлшеу»кестелері.

*Жұмыстың барысы:*

*Бойды өлшеу.* Зерттелуші «тік» күйінде, кеудесін түзетіп, ішін тартып, үш нүктемен (өкшелері, жамбасы және жауырыны) бой өлшеуіштің тірегіне тиіп тұрады. Басын көздің сыртқы бұрышы мен сыртқы құлақ тесігі бірдей деңгейде болатындай ұстайды. Дененің ұзындығын өлшеу күннің бірінші жартысында

жүргізіледі, өйткені бұл көрсеткіш кешке қарай омыртқааралық шеміршектердің, табанның тегістелуіне және бұлшықет тонусының төмендеуіне байланысты 1-2 см азаяды. Бой өлшемі бірінші шкала бойынша анықталады (1-сурет).

*Сурет 1. Бойды тік тұрып өлшеу.*

*Дене салмағын өлшеу*. Дене салмағы медициналық таразымен өлшенеді. Өлшеу аз киіммен және аяқ киімсіз жүргізіледі. Өлшеу дұрыс болуы үшін зерттелуші таразылар платформасының ортасына абайлап тұруы тиіс (2-сурет).

*Сурет 2. Дене салмағын өлшеу.*

*Кеуде шеңберін өлшеу.* Оқушы қолдарын сәл көтереді. Зерттеуші сантиметрлік лентаны денесінің артқы жағынан жауырын бұрышынан төмен, алдынан төске IV қабырға деңгейіне қойып өлшейді (3-сурет).

*Тапсырма:*

1. Зерттеуге алынған адамның (студенттің, оқушының) соматометриялық көрсеткіштерін анықтау: Бойы, дене салмағы, кеуде шеңбері.

2. Алынған мәліметтерді 1-кестеге (Зерттелушінің соматометриялық көрсеткіштері) толтыру.

*Кесте 1. Зерттелушінің соматометриялық көрсеткіштері.*

| Көрсеткіштер | Зерттелушінің нақты өлшемдері | Орташа өлшемі | Айырмасы | Квадрат ауытқу (сигма) | Айырманың квадрат ауытқуға (сигма) қатынасы | Даму көрсеткіші дәрежесі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Студенттің физикалық дамуының көрсеткіштері _____(аты-жөні, жасы) | | | | | | |
| Бойы (см) | | | | | | |
| Салмағы (кг) | | | | | | |
| КШ (см) | | | | | | |
| Оқушының физикалық дамуының көрсеткіштері _____ (аты-жөні, жасы) | | | | | | |
| Бойы (см) | | | | | | |
| Салмағы (кг) | | | | | | |
| КШ (см) | | | | | | |

3. Алынған мәліметтерді 2-кестемен (бойы, дене салмағы, кеуде шеңберінің өлшемінің жасқа сәйкес орташа көрсеткіштері) салыстыру. Зерттелушінің жасына сәйкес келетін көрсеткіштерді таңдап, оларды 1-кестеге енгізіңіз, сол кестелерден алынған сигма көрсеткішін де көрсетіңіз.

4. Квадрат ауытқу (сигма) мәнін есептеу. Егер сигма мәні $\pm 1$ шамасында болса, даму көрсеткіші орташа; < -1 болса, даму көрсеткіші орташадан төмен; > + 1 болса, даму көрсеткіші орташадан жоғары болады. Сигма мәні+2 және одан жоғары болса, даму көрсеткіші жоғары; ал -2 –ден төмен болса, даму

көрсеткіші төмен болып есептеледі. Бойы, дене салмағы, кеуде шеңберінің өлшемі көрсеткіштерінің барлығы жасына сәйкес болса, үйлесімді физикалық дамуын көрсетеді. Пропорционалды даму пропорционалдылық индекстері жас нормаларына сәйкес келген кезде байқалады [5].

*Кесте 2. Бойы, дене салмағы, кеуде шеңберінің өлшемінің жасқа сәйкес орташа көрсеткіштері.*

| Жасы | Бойы (см) | | дене салмағы (кг) | | кеуде шеңберінің өлшемі(см) | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ер | Әйел | Ер | Әйел | Ер | Әйел |
| 3 | M 95,6 | 95 | 14,9 | 14,6 | 52,9 | 51,9 |
| | σ 3,6 | 4,1 | 1,5 | 1,6 | 2 | 2,4 |
| 4 | M 102,7 | 102,7 | 17 | 16,6 | 54,8 | 53,4 |
| | σ 3,5 | 4,2 | 1,8 | 1,9 | 2,2 | 2,3 |
| 5 | M 108,9 | 111,7 | 19,5 | 19,9 | 57 | 56,2 |
| | σ 4,8 | 4,2 | 2,7 | 2,4 | 3 | 2,3 |
| 6 | M 116,1 | 115,3 | 20,9 | 21,4 | 58,6 | 57,7 |
| | σ 4,9 | 5,2 | 2,4 | 3,8 | 2,6 | 3,9 |
| 7 | M 121,1 | 120,9 | 23,6 | 23,8 | 60,6 | 59,6 |
| | σ 4,8 | 5,3 | 3,4 | 3,6 | 3,3 | 3,9 |
| 8 | M 124,5 | 124,3 | 24,9 | 24,7 | 62,8 | 60,9 |
| | σ 4,8 | 4,9 | 3,3 | 3,3 | 2,5 | 3,4 |
| 9 | M 131,1 | 130,6 | 27,7 | 27,5 | 64,2 | 62,5 |
| | σ 5,2 | 4,9 | 4,2 | 4,3 | 3,3 | 3,8 |
| 10 | M 136,2 | 136,4 | 30,5 | 31,1 | 65,8 | 65,1 |
| | σ 5,3 | 5,5 | 5,1 | 5,2 | 3,6 | 4,3 |
| 11 | M 140,1 | 142,9 | 34,4 | 35,6 | 67,3 | 67,3 |
| | σ 5,5 | 6,1 | 5,8 | 6,7 | 4,2 | 4,7 |
| 12 | M 144,9 | 148,8 | 37,9 | 39,3 | 69,9 | 70,3 |
| | σ 6,0 | 6,4 | 6,3 | 6,9 | 4,3 | 4,9 |
| 13 | M 151,3 | 152,4 | 44,4 | 45,7 | 73,7 | 74,6 |
| | σ 6,9 | 7,1 | 7,2 | 7,1 | 4,9 | 5,1 |
| 14 | M 158,4 | 157,4 | 48,9 | 49,2 | 77,8 | 76,7 |
| | σ 7,5 | 7 | 8,4 | 7,4 | 5,1 | 5,3 |
| 15 | M 164,3 | 159,6 | 54,3 | 53,1 | 81,9 | 79,3 |
| | σ 7,4 | 7,2 | 8,4 | 7,2 | 5,4 | 5,7 |
| 16 | M 168,8 | 161,1 | 59,4 | 55,6 | 85,5 | 80,5 |
| | σ 6,8 | 6,5 | 7,3 | 7,6 | 5,1 | 4,9 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 17 | M 171,9 | 163 | 63,2 | 58,1 | 87,9 | 82,1 |
| | σ 6,8 | 6,6 | 6,8 | 7,3 | 4,7 | 4,6 |
| 18 | M 174,8 | 162,1 | 66,9 | 59,2 | 90,2 | 84,1 |
| | σ 6,1 | 5,6 | 8 | 7,1 | 5,2 | 4,4 |
| 19 | M 177,2 | 162,8 | 68,2 | 59,6 | 93,1 | 84,9 |
| | σ 5,8 | 5,1 | 7,5 | 6,8 | 6,1 | 4,8 |

5. Квадрат ауытқу (сигма) мәніне қарап зерттелушінің физикалық дамуының профилін (графигін) құру. Пропорционалды дамуды бағалаңыз: егер график бір графада орналасса, онда зерттелушінің физикалық дамуы пропорциональді, егер график екі немесе одан көп графада орналасса зерттелушінің физикалық дамуы пропорциональді емес болып есептеледі.

*Физикалық даму профилі.*

| | **-3δ** | **-2δ** | **-1δ** | **0** | **+1δ** | **+2δ** | **+3δ** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бойы | | | | | | | |
| Салмағы | | | | | | | |
| КШ | | | | | | | |

6. Зерттеуге алынған студенттің (оқушының) физикалық дамуының дәрежесі туралы қорытынды жазу.

7. Төмендегі түсініктерге анықтама жазу:
Акселерация – .....
Антропометрия – .....
Өсу мен дамудың гетерохрониясы (гетерохрондылығы) – .....
Онтогенез – .....
Даму – .....
Өсу – .....
Ретардация – .....

8. Жүргізілген жұмыс бойынша қорытынды жазу.

Осылайша студенттер практикалық жұмыстарды орындап, қорытындылар жасайды. Нәтижесінде негізгі соматометриялық зерттеу әдістерін қолдануды үйренеді.

Болашақ педагогтар оқушы ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері, оның жасқа байланысты қалыпты жағдайлары, гигиеналық іс-шаралар туралы мәліметтерді білуі және тиісінше күнделікті педагогикалық тәжірибесінде сауықтыру іс-шараларын кешенді қолдануы керек, өйткені көп жағдайда балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау және нығайту осыған байланысты.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Набидоллина Ш.С. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы:оқулық. – Астана: Фолиант, 2011. – 280 б.

2 Жасерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы: оқу құралы / С.Ж. Бұғыбаева, Р.Б. Лесбекова, Б.Ғ. Есжан, Ж.С. Кисебаев. – Алматы: Қазақ спорт және туризм академиясы, 2017. – 204 б.

3 Physiology development of pupils: Textbook / Sh. Balgimbekov, R.Aisman, G.Tashenova, T.Nurkenov. – Almaty: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016. – 280 p.

4 Дүйсембин Қ.Д., Набидоллина Ш.С., Ордабеков С.О., Абдрақов Б.Қ., Ахауова Г.А. Жас ерекшелік анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы. Оқу құралы. – Қарағанды: Ақнұр, 2012.

5 Арушанян Ж.А. Практикум по дисциплине «Взорастной анатомии и физиологии» для студентов педагогических вузов. – Арвамир, 2014.

**ҒТАМР 15.31.31**

# 10-11 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА СЫНИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**А.Ж. Зинадин**
*Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*

Мақала 10-11 жастағы балалардың сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыру ерекшеліктері тақырыбына арналған. Теориялық талдау барысында баланың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту үшін орта мектеп жасы оңтайлы екендігі туралы ақпарат алынды. Сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастырудың ерекше шарттары бар, ал сыни тұрғыдан ойлаудың өзі көп энергияны қажет етеді. Сыни тұрғыдан ойлаудың түпкі өнімі баланың алдында тұрған мәселенің өзіндік шешімі болып табылады. Балада сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру оның болашақта бәсекеге қабілеттілігі мен дербестігінің кепілі болып табылады. Ата-аналарға баланың сыни ойлауын дамытуды ынталандыру бойынша ұсыныстар берілді.

***Түйін сөздер:*** сыни ойлау, орта мектеп, дағдылар қалыптастыру, шығармашылық ойлау, білім беру.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның дамуындағы білімнің рөлі оның демократиялық, құқықтық мемлекетке, нарықтық экономикаға көшу міндеттерімен айқындалады. Бұл мақсаттарға жетудің басты жолы – өз елінің тағдырына жауапты белсенді, сыни тұрғыдан ойлайтын адамдардан тұратын азаматтық қоғам құру. М.А. Мекебаеваның айтуынша, сыни тұрғыдан ойлайтын адамдарды мектептен бастап, жоғары оқу орындарында дайындау қажет. Білім беру жүйесі жас ұрпақтың сыни ойлауын дамытуға бағытталуы керек. Сыни тұрғыдан ойлау төтенше жағдайда өз бетінше жауапты шешімдер қабылдау және олардың ықтимал салдарын болжау үшін қажет [1].

Бүгінгі күні әлемде шығармашылық проблемаларға және оның әртүрлі көріністеріне, соның ішінде сыни ойлауға деген қызығушылық айтарлықтай артты. Бұл жағдай адамдардың алдына стандартты емес шешімдер мен сыни рефлексияны қажет ететін міндеттер қоятын заманауи қоғамның талаптарына байланысты. Сонымен қатар, жеке өсу мен өзін-өзі жетілдіруге назар аудару сыни ойлауды дамытуға ғылыми қызығушылықтың жоғарылауын алдын ала анықтады. Осыны негізге ала отырып, жалпы білім беретін ұйымда оқытуда сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологияларын қолдану ерекшеліктерін белгілеу маңызды сияқты. Сыни тұрғыдан ойлау, оның негізгі құрамдас

бөліктері бейімділік (танымдық белсенділікке бағыттылық) және дәлелдеу дағдысы студенттердің ғылыми шығармашылығының негізгі алғышарты болып табылатын психикалық мүмкіндіктерін ашуға және оны дамытуға ықпал етеді [2].

Бұл басылымның мақсаты – 10-11 жастағы балалардың сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыру ерекшеліктері туралы мәселені талдау.

*Зерттеу әдістері.* Зерттеу әдісі ретінде шетелдік және отандық зерттеушілердің тақырыбы бойынша бар ғылыми материалдардың теориялық талдауы таңдалды.

*Нәтижелер мен талқылау.* Жүйелік тәсіл сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің маңызды бөлігі болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға бағытталған оқытудың ең тиімді түрі проблемалық оқыту болып табылады. 10-–11 жастағы оқушылардың жетекші әрекеті – оқу әрекеті. Бұл жастағы балалар мектепте, отбасында, достарымен қарым-қатынасқа түскенде, оқу процесінде дамиды. Балалардың өзін көрсете алу олардың жеке ерекшеліктерін анықтайтын, дамуға ерекше әсер етеді. Сыни тұрғыдан ойлау – бәсекеге қабілетті тұлғаның маңызды құрамдас бөлігі және бұл дағдыны дамыту баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ерте жастан басталуы керек [3, 4].

Шығармашылық ойлауды дамытуға ең қолайлы кезең орта мектеп жасы болып табылады. Сезімтал кезеңнің мүмкіндігін жіберіп алмау үшін (белгілі бір психикалық қасиеттердің дамуы үшін ең жоғары қабілеттер кезеңі) студенттерге үнемі проблемалық есептерді шешуді, салыстыруды, негізгі нәрсені ерекшелеуді, ұқсастық пен ерекшелікті табуды үйрету керек. Ойлаудың дамуы баланың сөйлеу әрекетінің өзгеруімен тығыз байланыста жүреді. Оның дұрыс анықтамаларға, логикалық тізбектерге, ақылға қонымды пайымдауға бейімділігі байқалады. Күрделі синтаксистік құрылымы бар сөйлемдер жиі кездеседі, сөйлеу бейнелі және экспрессивті болады [5, 6].

Сыни тұрғыдан ойлаудың механизмі жаңа, өзіндік идеялар негізінде белгілі бір мәселелерді шеше білумен байланысты. Ойлаудың құрылымдық бірлігі – пайымдау, ол ұғымдар жиынтығына негізделген.

Пікір – болмыстың заттары, құбылыстары мен олардың қасиеттері және белгілері арасындағы байланыстарды көрсететін ойлау түрі. Пікірлер екі жолмен қалыптасады: тікелей, олар қабылдағанды білдіргенде және жанама түрде – қорытынды жасау немесе пайымдау арқылы.

Қорытынды – бірнеше пайымдаулар негізінде қорытынды жасалатын ойлау түрі.

Қорытындыға индукция, дедукция немесе аналогия арқылы жетуге болады.

*Индукция* – ойдың жекеден жалпыға қарай бағытын көрсететін логикалық қорытынды.

*Дедукция* – ойдың жалпыдан жекеге қарай бағытын көрсететін логикалық қорытынды.

*Аналогия* – ойдың жекеден жекеге қарай бағытын көрсететін логикалық қорытынды.

Әрбір ойлау әрекеті адамның таным немесе практикалық әрекеті барысында туындайтын қандай да бір мәселені шешу процесі болып табылады. Адамның психикалық әрекетінің стиліне және оған тапсырма мазмұнының қолжетімділігіне байланысты оны шешу әртүрлі жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін. Ең қажетсіз әдіс қателіксіз әдісі, онда әдетте мәселені жеткілікті түрде нақты түсіну де, әртүрлі гипотезаларды құру және мақсатты түрде тексеру жоқ. Бұл әдіс, әдетте, тәжірибе жинақтауға әкелмейді және адамның психикалық дамуының шарты ретінде қызмет етпейді. Жауабын тез табуға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар алгоритмді пассивті және белсенді қолдану, есеп шарттарын мақсатты түрде өзгерту, есепті шешудің эвристикалық жолы сияқты әдістер адамның психикалық дамуының шарттары болып табылады. Шешім қабылдаудың 5 кезеңі бар: мотивация, проблемалық жағдайды талдау, шешімді іздеу, тексеру, жүзеге асыру [7].

Сыни тұрғыдан ойлаудың бұл формасы бірқатар ерекшеліктермен сипатталады. Бүкіл тізбекті орындаған кезде көптеген сапалық сипаттамалардың өзгеретінін байқауға болады. Сыни тұрғыдан ойлау жеке тұлғаның ішкі мотивациясын қажет етеді. Мәселенің түпнұсқалық шешімін іздеуге жұмсалған психикалық ресурстар күшті мотивацияны және дамуға деген ұмтылысты талап етеді. Егер мотивация сыртқы болса, ол тұрақсыз болуы мүмкін, бұл талдау және шешімдерді табу қабілетін жүзеге асыруға үлкен әсер етеді. Талдау барысында құбылыстар арасындағы тікелей байланыстар ғана емес, жанама байланыстар да ескеріледі. Бұл дәлдікті айтарлықтай жақсартады және жағдайдың толық бейнесін алуға мүмкіндік береді. Шығармашылық шешім қабылдау процесінде шешуші рөл атқарады. Ағымдағы жағдайға оң әсер ете алатын, оның көпвекторлы сипатын ескере отырып, түпнұсқа шешімді жасау прагматикалық мәселелерді шешуге ғана емес, сонымен қатар баланың мотивациялық компонентін қолдайды. Оң нәтижемен, проблемалық жағдайды тиімді шешумен, бала жаңадан алынған мінез-құлық үлгілерін біріктіруге мүмкіндік беретін өз іс-әрекетінің өнімдеріне айтарлықтай қанағаттануды сезінеді.

Баланың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту үшін жағдай жасау бала қажетті білім алатын мектептегі оқумен қатар отбасына да қатысты. Ата-анасының оның оқуын ынталандыруы сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастырудың табысты факторларының бірі болып табылады. Төмендегі ұсыныстар баланың сыни ойлауын дамытуды ынталандыруға көмектеседі:

1. Топтық жұмысты ынталандыру.

Топтағы атмосфера балаларды оқыту үшін өте қолайлы. Құрбы-құрдастарымен қоршалып, бірігіп жұмыс істегенде олар әртүрлі ойлау процестеріне ұшырайды және әртүрлі көзқарастармен, пікірлермен танысады. Осылайша, олар басқа балалардың қалай ойлайтынын түсінеді, сол білімді талдап үйренеді және олардың ойлау формасы жалғыз емес екенін түсінеді. Олар сондай-ақ өз сенімдеріне күмән келтіруге және басқалардың пікірін құрметтеуге үйренеді.

2. Балаларды шығармашылық қабілеттерін пайдалануға ынталандыру. Шығармашылық – проблемаларды шешудің жаңа жолдарын және оңтайлы мінез-құлықты табуға көмектесетін өте пайдалы дағды. Сондықтан оны оқу-тәрбие үрдісінде насихаттау өте маңызды. Балаларға белгілі бір тапсырмаларды орындау туралы нақты нұсқаулар берудің орнына, олардың шығармашылық қабілеттерін көрсетуге және мәселені шығармашылықпен шешуге болатын жағдайды жасаңыз. Оларға шаблонсыз немесе желілер жиынтығынсыз мәселені өз бетінше шешудің әртүрлі жолдарын табуға мүмкіндік беріңіз. Шығармашылық ойлауды қалай дамытуға болатыны туралы көбірек ізденіңіз.

3. Балаларға сұрақтар қойыңыз. Мұғалім сұрақ қойғанда көбінесе оқушыларды ойлауға итермелеп, зейінділігін арттырып, алған білімдерін пайдалануға, бекітуге көмектеседі. Олардан: «Сіз бұл мәлімдемемен келісесіз бе? Сіздің ойыңызша, қай нұсқа жақсырақ? Бұл құбылыстың неліктен байқалатынын түсіндіріңіз? Бір жауапқа әкелетін сұрақтардан аулақ болыңыз.

4. Пікірталас пен дискуссия ұсыну. Пікірталас – балалардың қызығушылығын арттырудың, белгілі бір тақырып бойынша ойлану және ойлау процесстерінің дамытудың өте жақсы тәсілі. Бұл олардың өз пікірлерін қалыптастыруға және басқалардың пікірін құрметтеуге көмектеседі. Пікірталас арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың тиімді жолы студенттерден екі қарама-қарсы ұстанымды талап етеді [8].

Сыни тұрғыдан ойлау бағалау, рефлексиялық ойлау дегенді білдіреді. Бұл жеке өмір тәжірибесіне жаңа ақпаратты таңу арқылы дамитын, догмаларды қабылдамайтын ашық ойлау. Сыни тұрғыдан ойлау шығармашылық ойлауды дамытудың бастапқы нүктесі деп айта аламыз, сонымен қатар сыни және шығармашылық ойлау синтезде, өзара байланысты дамиды.

Оқушыларды осылай ойлауға үйрете отырып, мұғалімдер балаларды өз бетімен есептерді шешуге, жаңа мүмкіндіктерді, қажетті ақпаратты іздеуге үйретеді. Проблемаларды шеше алатын оқушылар келшекте күрделі мәселелерді шеше алады. Отбасында сыни тұрғыдан ойлауды дамыту демалыс күндеріндегі демалыстың әртүрлі түрлерінің жағымды және жағымсыз жақтары туралы бірлескен рефлексия түрінде қарастыруға болады. Балалармен бірге әртүрлі мәселелерді шешудің көзқарастарын талқылағанда, олар бұл әдісті басқа өмірлік жағдайларда қолдануға үйренеді.

## Қолданылған әдебиет тізімі

1 Мекебаева М.А. Қазақстандық университеттегі студенттерде сыни ойлауды қалыптастыру тәжірибесі. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. 2022. № 3. – Б. 65-73. DOI: 10.52512/2306-5079-2022-91-3-65-73.

2 Еплов С.С. Особенности применения технологии развития критического мышления при обучении иностранному языку в старших классах общеобразовательной организации. Академическая публицистика. 2021. № 2. – С. 193-196.

3 Құмарбекұлы С., Абдиманапов Б.Ш., Усенов Н.Е., Женсекбаева Н.Ж. Сущность системно-деятельностного подхода и критического мышления в образовательном процессе. Педагогика и психология. 2021. Т. 49. № 4. – С. 211-217. DOI: 10.51889/2021-4.2077-6861.25.

4 Головей Л.А. Психология развития и возрастная психология: учебник и практикум для вузов. – М.: Юрайт, 2022. – 413 с.

5 Мешкова Г.А. Проблемное обучение как одно из современных технологий обучения // Modern science. 2019. № 4-3. – С. 98-101.

6 Semkin A.V., Abisheva T.A. Features of critical thinking of a junior school student. Наука и реальность. 2021. Т. 6. № 2. – С. 195-197.

7 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М.: АСТ, 2020. – 730 с.

8 Samashova G., Kurymbaev S., Sadyrova G., Shamshidenova N.. The use of effective methods of technology of critical thinking. Труды университета. 2021. Т. 84. №3. – С. 25-28. DOI: 10.52209/1609-1825_2021_3_25.

**ҒТАМР 15.31.31**

# БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**М.М. Тусупова**
*Аға оқытушы, Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.*
**А.Е. Жалмагамбетова**
*Педагог-психолог, Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қарағанды қ.*

Мақалада баланың психикалық даму бойынша қарастырылған ғылыми теориялар талдау жасалған. Адамның психикалық даму барысына әсер ететін биогенетикалық және социогенетикалық көзқарастарға толығырақ тоқталған. Сонымен қатар, бала психикасының дамуы бойынша Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясына шолу жасалған.

***Түйін сөздер:*** тұқым, даму, фактор, әлеуметтік орта, жүйке жүйесі.

Психология ғылымында баланың психикалық дамуын әр түрлі түсіндіретін көптеген теориялар бар. Оларды екі бағытқа бөліп біріктіруге болады – билогиялық және әлеуметтік. Биологиялық бағыт бойынша бала биологиялық, табиғатынан белгілі бір қабілеттері, мінез кескіндері, жүріс-тұрыс формасы берілген тіршілік иесі ретінде қарастырылады. Оның дамуының барлық кезеңін – оның темпі, баяу немесе ширақ, оның даму шегі – дарынды болып, үлкен жетістікке жете ме немесе өз шамасында қалады ма оны тұқымқуалаушылық анықтайды. Бала тәрбиеленіп жатқан орта, балаға туа берілген алдын-ала анықталған дамудың шарты ғана болып қалады.

Биологиялық бағыт аясында рекапитуляция теориясы пайда болды, оның басты идеясы эмбриологияғы сүйенеді. Эмбрион (адам ұрығы) жатырда даму барысында қарапайым екі жасушалы ағзадан адамға дейінгі барлық жолдан өтеді. Бір айлық ұрықта омыртқалылар типінің өкілін байқауға болады – оның басы ірі, желбезегі мен құйрығы бар; 2 айында адам түріне келе бастайды, құйрығы қысқарып, эмбрионның аяқтарында бақайшалар пайда бола бастайды; 4 айының соңына қарай адам типінің кескіндері пайда болады.

Э. Геккель ұрықтың дамуына қатысты заңдылықты ойлап шығарды: ол «онтогенез (жеке даму) филогенездің (тарихи дамудың) қысқаша қайталануы».

Кішкентай баланың айналысатын әрекеті өткен ғасырлардың жаңғырықтарына ұқсас. Баланың үйілген құмды қазуы – оны ата-бабалары сияқты үңгірге тартады. Ол түнде шошып оянады – ендеше өзін алғашқы

қауымдық кезеңде орманда жалғыз қалғандай, қауіп-қатер ортасында сезінді. Оның салған суреттері үңгірлерде сақталып қалған тасқа салынған бейнелерге ұқсас.

Бала психикасының дамуындағы қарама-қарсы тәсіл әлеуметтік бағытта байқалады. Оның қайнар көзі – XVII ғасырдағы Джон Локк идеясы. Ол бала дүниеге келгенде жаны таза, балауыз тақта (tabula rasa) сияқты болады деген. Бұл тақтаға тәрбиеші нені болса да жаза алады, ал бала оны ересек жақындары қандай қылып көргісі келеді, сондай болып өседі.

Биологиялық фактор алдымен тұқымқуалауға негізделеді. Кеңес дәуірінің психологтары дамуда екі қасиеттің туа берілетіндігін айтады, ол темперамент және қабілет нышандары. Әр баланың орталық жүйке жүйесі әр түрлі қызмет атқарады. Күшті және ширақ тип, жүйке жүйесінің қозу функциясы басым болып келетіні холерик темпераментін көрсетеді, бір қалыптылықты сақтайтын, жүйке жүйесінің қозу және тежелу функциясы теп-теңдікте болатын тип сангвиник темпераментін көрсетеді. Күшті, баяу, жүйке жүйесінің тежелу функциясы басым – флегматик, жайбасарлығымен, эмоциясы айқын емес, жүйке жүйесі әлсіз және сезімтал болып келетін меланхолик темпераменті. Бірақ темпераменттер арасындағы өзіндік ерекшеліктер бірі-бірі толықтырып отырады. Ширақ көрінген бала артық біледі деген мағынада емес, әр тип ерекшелігі өз кезегінде белгілі бір артықшылыққа ие болады. Сондықтан қазір баламен жұмыста әр балаға жасалатын жеке тәсілде осы темперамент типтерінің ерекшеліктерін ескеруді көздейді.

Тұқым арқылы берілген нышандар қабілет дамуына оны жеңілдетіп немесе қиындату арқылы өзіндік әсерін тигізеді. Әрине қабілет дамуы оның нышанына толық тәуелді емес. Егер баланың музыкалық аспапта ойнау қабілеті айрықша бола тұра музыкалық аспапта үнемі жаттықпаса өнер саласында жетер жетістігі де шамалы болмақ. Егер бала барлығын тез қабылдап, бір мезгілде меңгере біліп, бірақ, үй тапсырмасын жеткілікті деңгейде орындамаса, ол қабілеттілігіне қарамастан үздік бағаға оқи алмайды да, оның білімді меңгерудегі жалпы қабілеті толыққанды дамымайды. Сол сияқты қабілет дамуы іс-әрекет барысында да жетіле түседі. Сондықтан балананың өзіндік белсенділігі маңызды роль атқарады, кейбір психологтар белсенділікті психикалық дамудың үшінші факторы ретінде қарастырады.

Биологиялық фактор, тұқымқуалаушылықтан тыс баланың жатырда даму кезеңінің ерекшеліктерін қамтиды. Жүктілік кезіндегі анасының түрлі аурулармен ауруы, осы кезеңде қабылдаған дәрілерінің әсері, бала психикасының дамуына өз әсерін тигізуі мүмкін. Сонымен қатар, назарға туылу процесі де алынады, туу барысында алған соққылар, уақытында тыныс алуы.

Екінші фактор – орта. Бала психикасының дамуына табиғи ортасы жанама әсер етеді, яғни, табиғат аймағындағы бала тәрбиесінің жүйесін анықтайтын, дәстүрлі еңбек іс-әрекетінің түрі мен мәдениеті. Сол сияқты, әлеуметтік ортанын дамуы да бала психикасына өз әсерін тигізеді, бұл жөнінде үшінші параграфта қарастырылады.

Биологиялық және әлеуметтік фактор арқылы не түсінілетінімен бірге,

олардың жалпы бір-біріменде қатынасы маңызды. В.Штерн екі фактордың конвергенция принципін ұсынды. Оның пікірінше, екі факторда бала психикасының дамуына бірдей мөлшерде әсер етеді және екі жолын анықтайды. Бұл дамудың екі жолы (бірі – тұқым арқылы берілген қабілеттердің және мінез кескіндерінің жетілуі, екіншісі – баланың қоршаған ортасының әсері арқылы дамуы) қиылысады, яғни конвергенция болады. Кеңес дәуіріндегі қабылданған биологиялық және әлеуметтік қатынастар туралы түсініктер, қазіргі кезде Л.С.Выготскийдің теориясына келіп тоғысады.

Л.С. Выготский даму процесіндегі тұқымқуалау және әлеуметтік жақтарының бірлігін көрсетті. Жоғары функцияларға салыстырғанда (ырықты ес, логикалық ойлау, сөйлеу), қарапайым функциялар (түйсіну мен қабылдаудан бастап) көбіне тұқым арқылы беріледі. Жоғары функциялар – адамның мәдени-тарихи дамуының өнімі, ал тұқым арқылы берілген нышандар психика дамын анықтаушы ретінде емес, алғышарт ретінде болады. Функция қаншалықты күрделі болса, оның онтогенетикалық дамуы жолы соншалықты ұзақ, және соншалықты тұқымқуалау әсері аз болады. Екінші жағынан, орта дамуға әрқашанда «қатысып» отырады. Бала дамуындағы қандай да белгі тіпті төменгі психикалық функция болса да таза биологиялық болып қалмайды. Ол дамиды жаңа келбетке ие болады, осыған байланысты тұқым қуалау әсері біресе күшейіп, біресе әлсіреп, кейде тіпті артта қалып қоюы да мүмкін.

Әлеуметтік орта – кең көлемді ұғым. Бұл бала өсіп жатқан қоғам, оның мәдени дәстүрі, ұстанып отырға идеологиясы, ғылымның даму деңгейі мен мәдениеті, негізгі діни ағымдары. Балаларды мемлекеттік немесе жеке меншік оқыту мекемесінен бастап (бала бақша, мектеп, шығармашылық ұйымдар), отбасындағы тәрбие спецификасымен аяқталатын тәрбиелеу мен оқыту жүйесі қоғамның әлеуметтік және мәдени даму ерекшелігіне тәуелді.

Әлеуметтік ортадан тыс қалған адамды қайтадан адамзат қоғамына икемдеуде процесс көбіне сәтсіз немесе нәтижесі аз мөлшерде болады. Себебі, психологияды «сензитивті даму кезеңі» деген ұғым бар – белгілі бір әсер етудерге сезімтал кезеңдер. Мысалы, тіл дамуының сензитивті кезеңі – бір жастан үш жасқа дейін, егер бұл кезең өтіп кетсе оның орынын толтыру жүйелі жұмысты талап етеді, кейде тым кеш қалғандықтан орнын толтыру да мүмкін болмайды.

Бала өзінің қоршаған ортасының әсерінен аз мөлшерде болса да білім, білік, дағдыны ала алады. Бірақ бала тәрбиесінде үлкендер әр жасқа сәйкес нормаларды меңгертуі қажет: этикалық нормалар – мектеп жасына дейін, ғылым негіздер – бастауыш сыныпта және т.б. сонымен қатар, сензитивтік кезеңге сәйкес қажетті даму мүмкіндіктеріне жағдайлар жасалғаны дұрыс.

Л.С. Выготский бойынша, бұл кезеңде белгілі бір әсер етулер барлық даму процесіне терең өзгерістер енгізе отырып, әсер етеді. Басқа кезеңдерде дәл осындай жағдай бейтарап қалуы мүмкін; тіпті дамуға кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан, сензитивті кезең оқытудың тиімді мерзімімен сәйкес келеді.

Оқыту процесінде балаға қоғамдық-тарихи тәжірибе беріледі. Балаларды оқыту (тәрбиелеу) тек педагогикалық процесс емес, мәселе оқыту бала дамуына

әсер етеді ма, әсер ету қалай жүреді. Биологиялық факторды жақтаушылар оқуға аса мән бермейді. Олр үшін психикалық даму процесі – өзінің ішкі заңына сәйкес жүретін өзіндік процесс, ал сыртқы әсерлер бұл өзіндік процесті түбірімен өзгерте алмайды.

Әлеуметтік факторды қолдаушы психологтар үшін оқу бала дамуы үшін маңызды болып табылады, және олар даму мен оқуды бірге тоғыстырады. Л.С. Выготский адамның әлеуметтік мәні туралы идеяға сүйене отырып, психика дамуындағы оқудың жетекші ролін туралы пікірді ұсынды, яғни жоғары психикалық функция мәдени-тарихи дамудың өнімі деп санайды. Адам дамуы (жануардан айырмашылығы) түрлі тәсілдерді меңгеруімен тығыз байланысты – еңбек құралдарын пайдалануы, түрлі заңдылықтар мен белгілерді түсінуі психиканың дамуына, қалыптасуына ықпал етеді. Л.С. Выготский «баланың мәдени дамуында кезкелген функция екі көріністе: біріншіден – әлеуметтік, екіншіден – психологиялық, алдымен адамдар арасында... кейін іштей болады» деп жазады. Мысалы баланың сөйлеуі алдымен қоршаған ортамен қарым-қатынас құралы болса, кейін дамудың біраз жолынан өткеннен кейін, ойлау арқылы ішкі сөйлеуге – өзі үшін сөйлеуге айналады.

Жоғарғы психикалық функция оқу процесінде, баланың үлкендермен біріккен іс-әрекетінде қалыптасып «жақын даму аймағында» болады. Бұл ұғымды Л.С. Выготский әлі де жетілмеген, жетіліп келе жатқан психикалық процессті нақтылау үшін енгізді. Ал бұл процесс толық қалыптасып «ертенгі күннің дамуы» болып қалғанда, оны тест тапсырмалары арқылы дигностикалауға болады. Бала өздігімен тест тапсырмаларын сәтті шеше алғанда, оның өзекті даму деңгейін анықтаймыз. Баланың осы тапсырмаларды өздігінен шеше алуы арқылы оның өзекті даму айиағын анықтай аламыз. Баланың потенциалды даму аймағы, яғни жақын даму аймағы оның өздігінен шығара алмайтын тапсырмаларына көмектесу арқылы (сұрақтар қою, тапсырманы шешу принципін түсіндіру және әрі қарай өз жалғасытыруын ұсыну арқылы және т.б.). Өзекті даму аймағы бірдей деңгейде болғанымен потенциалды дамуы әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, бір бала тапсырманы шешу барысында көмекті қабылдай отырып, ұқсас тапсырмаларды өздігімен шеше алады. Ал келесі бала үшін үлкендер көмегіменде тапсырманы орындау қиынға соғады. Сондықтан, баланың нақты дамуын бағалауда оның тек өзекті дамуын ғана емес, сонымен қатар, «ертеңгі күнгі» – жақын даму аймағында есепке алған дұрыс.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1 Абрамова Г.С. Возрастная психология: Учеб. пособие для студентов вузов. – М.: Академия, 2007.

2 Выготский Л.С. Психология. – М., 2000.

3 Кулагина И.Ю. Возрастная психология: развитие ребенка от рождения до 17 лет. – М., 2011.

4 Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество. – М., 2015.

**ҒТАМР 14.25.01**

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

**Е.С. Аяған**
*Ғылыми жетекші, профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.*
**А.Б. Амангелдина**
*Магистрант, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.*

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының технологиялық біліктерін қалыптастырудың алғышарттары, тәсілдері, қажеттілігі сипатталған. Мектепке дейінгі жастағы балалардың әртүрлі әдістер арқылы технологиялық біліктері қалыптаса бастайды. Бұл іс-әрекеттің кейінгі бастауыш сынып оқушыларының технологиялық білімінің, біліктерінің, дағдыларының қалыптасуына, артуына маңызы зор. Сонымен қоса, мақалада оқушылардың технологиялық біліктерінің қалыптастыруына теориялық негіздеме, «технологиялық білік» ұғымына анықтама берілген және осы біліктің түрін қалыптастырудың кейбір әдістері талданған.

***Түйін сөздер:*** бастауыш сынып оқушылары, технологиялық білік, білім, технологиялық қызмет, тәрбиелеу.

Қазіргі таңда сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналды. Аталған шарттың іске асуы үшін отандық білім беру жүйесінің үздік үрдісін сақтай отырып, бір орында тұрып қалмай, әрдайым даму жолында болу керек.

Білім беру сапасын арттыру, білімді, еңбекқор, бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемдік қоғамдастық үшін өзекті мәселелердің бірі. Бұл мәселені шешу білім беру мазмұнын жаңғыртумен, білім беру процесін ұйымдастырудың әдістері мен технологияларын оңтайландырумен және білім берудің мақсаты мен нәтижесін қайта қарастырумен байланысты.

XXI ғасыр – озық технологиялар заманы. Сондықтан, білім беру жүйесінде жаңа технологияларды және әдістерді тиімді пайдалану заман талабы.

Күнделікті өмірге жаңа технологиялардың енгізіліп жатқанына байланысты, адамға деген жаңа функционалдық талаптар қойылуда: жұмыскер

тек қана өзінің міндеттерін атқарумен ғана шектелмей, ол жобалауды, шығармашылық жұмысты орындауды, шешім қабылдай білуді және технологиялық мәдениеттің элементтерін меңгеруі қажет.

Технологиялық білік балаларда бастауыш мектеп жасынан бастап қалыптасуы тиіс және бұл дағды бастауыш сынып оқушыларында неғұрлым ертерек қалыптасса, соғұрлым олардың оқу және тәрбиелеу негіздері берік болады.

Заманауи оқушы үшін білік – білім игеру ғана емес, болашаққа ашылған үлкен мүмкіндік. Оның ішінде, технологиялық білік бұл қазіргі қоғамдағы мамандарға ең қажетті дағдылардың бірі. Технологиялық біліктің қалыптасуы оқушыларға өзінің креативтілігін, шығармашылығын, интеллектуалды қабілеттерін көрсетуге және дамытуға мүмкіндік береді.

Технологиялық білік – ақпараттарды, материалдарды, дайындамаларды түрлендірудің оңтайлы әдістерін табу үшін ақыл-ой әрекеттерінің жиынтығы [1].

Технологиялық процессті жүзеге асырумен байланысты іс-әрекет күрделі және оны сәйкес білім мен білігі бар адам орындай алады.

Технологиялық білім мен білікті оқу, ойын, еңбек, тілдесу сияқты негізгі іс-әрекеттердің түрлері арқылы және таңбалық-символдық, конструктивтік іс-әрекеттер сияқты қызметтің ерекше түрлері арқылы да қалыптастыруға болады. Бұл адамның осы және басқа қызметтерді орындауда қандай мақсатқа ұмтылатынына байланысты. Егер қызметтің мақсаты технологиялық және техникалық білікті игеру болса, онда технологиялық және түрлендіру қызметтерін дамыту жағына бағытталған жөн. Бұл жағдайда қоршаған әлемді түрлендірудің әртүрлі тәсілдерін игеру үшін қажетті білім, дағды мен білік іс-әрекеттің мәні. Бұл әрекеттің нәтижесі қоршаған ортаны түрлендірудегі тәжірибе мен технологиялар туралы жаңа түсініктердің қалыптасуы болады.

Технологиялық қызмет – тұтыну өнімін алу мақсатында технологиялық процесстің жекеленген буындарынан тұратын және қоршаған әлемді мақсатты түрде өзгертуге бағытталған адамның іс-әрекетінің ерекше түрі.

Технологиялық қызметті әртүрлі деңгейлерде қарастыруға болады: өндіріс саласында – кәсіби деңгей, өнімді еңбекке дайындық кезеңінде – кәсіпке дейінгі деңгей, технологиялық қызметтің пайда болу және даму кезеңінде – пропедевтикалық деңгей. Сонымен қоса, технологиялық қызметтің әрбір деңгейінде қолжетімді материалдардың, дайындамалардың, ақпараттардың түрленеді және қолжетімді құралдардың көмегімен еңбек объектілерін дайындау процесінде сәйкес технологиялық процестің және технологиялық білім, білік пен дағдылардың құрылу логикасы игеріледі. Технологиялық қызмет еркін түрде де, берілген шарттарда да жүзеге асырылады. Берілген шарттар, алдын ала ойластырылған жоспар бойынша орындалатын тұтыну өнімдерін өндіру процесі технологиялық процесс деп аталады. Технологиялық процесс технологиялық операциялардың жиынтығынан тұратын, өндіріс нысаны жағдайын анықтау және өзгерту

бойынша мақсатты әрекеттерден тұратын өндіріс процесінің бөлігі ретінде қарастырылады [2].

Технологиялық процесс деп біз еңбек нысанынан (материалдан, дайындамадан, ақпараттан) еңбек объектісіне (өнімге) түрлендіруге бағытталған технологиялық қызметтің бөлігін түсінеміз.

Кез келген қызметті орындау үшін білім, білік және дағды сияқты жеке элементтерге ие болу керек.

Педагогикада білікке игерілген білімдермен өмірлік тәжірибе негізінде орындалуы тез, дәл, саналы теориялық және тәжірибелік әрекеттерге даярлығы деп түсінік берілген [4, 5]. Психология мен педагогикада білікті осы әрекеттегі адамның шеберлігі мен іс-әрекетті орындауының ең бастапқы деңгейі ретінде анықтаған.

Педагогикада білім – шындықты танудың тәжірибеде тексерілген нәтижесі, адам ойында оның дәл бейнеленуі деген анықтама берілген [3].

Технологиядағы білім бұл өндіріс процесінің жүзеге асуы үшін қажетті барлық білімдер қосылып, жүйелі түрде құрылатын элемент. Технологиялық білім материал мен құралдың өзара әрекеттесуі арқылы, технологиялық операциялар түрінде сипатталатын еңбек пәнінің түрленуінің әртүрлі іс-әрекеттерінің мәнін ашады. Мұндай білімдер негізін білімдегі адамдардың түрлендіру қызметіне қатаң ғылыми көзқарастарды қамтамасыз ететін және әртүрлі ғылыми салалар білімін синтездейтін білімнің ірі салалары құрайды.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, технологиялық білік түрлендіру қызметінің процесінде қалыптасады және ұсақ бөлімдерден – іс-әрекет пен қозғалыстан тұрады, политехникалық, техникалық, технологиялық білімдер, сонымен қатар ғылымның ірі салалары: физика, химия, эстетика, экономика және т.б. білімдерінің негізінде қалыптасады.

Мектепке дейінгі балаларға технологияны оқыту мүмкіндіктеріне келетін болсақ, балабақшада балалар технологияның кейбір элементтерін ғана игереді. Оқытудың осы кезеңінде кейінгі бастауыш сыныпта дамуына қажетті алғышарттар қалыптаса бастайды. Бұл көбінесе осы жастағы жеңіл игерілетін дағды мен білікке қатысты және ұзақ сақталады.

Даму процесінде адам өзіне тән ішкі белсенділігін ойын, еңбек, оқу кезінде көрсетеді, яғни әртүрлі салалар түріне қызыға бастайды. Бұл іс-әрекет оның тәжірибесін байытады.

В.Т. Кудрявцевтің зерттеулерінде мектепке дейінгі балалардың жетекші қызметі «психикалық дамудың негізгі қайшылықтарын шешуге бағытталған – бұл арада, баланың білетіндігі мен істей алатындығы және қазіргі болмыстың жас дағдарыстарын жеңуге ықпал ететін баланың алдына қоятын міндеттері [6]. Адамның дамуына қай бағытта тәрбиелік әсер етуді білу үшін әлеуметтік және биологиялық факторлардың сипаты мен әрекет ету механизмдерін зерттеу қажет. Бұл зерттеудің мәні әлеуметтік және биологиялық факторлар дамуға әсер ететін, өзара тығыз байланысқа түсетін және көптеген ішкі мен сыртқы жағдайларға тәуелді факторлар екенінде. Сонымен, объективті және субъективті факторлар негізінде бастауыш сынып оқушыларының

технологиялық біліктерін қалыптастыру мүмкіндіктері туралы тұжырымын шығаруға болады. Объективті факторларға немесе алғышарттарға біз технологиялық біліктің қалыптасуына септік ететін баланың әртүрлі әрекеттерінде пайда болатын шарттарды айтамыз. Мектепке дейінгі жаста ойын іс-әрекетіне артықшылық берілетіні анық.

Психологияда ойын өміршеңдік, бейқамдық пен қиялдың жоғары деңгейі ерекше көрініс ретінде қарастырылады [7, 8, 9, 10, 11, 12]. Мектепке дейінгі жастағы бала үшін ойынның мәні зор. Себебі, ойын бала тұлғасының психикалық дамуының маңызды жақтарының, оның санасының дамуына әсер етеді. Сондықтан, ойында заттармен әрекеттесудің әртүрлі тәсілдерінің қалыптасуының алғышарттары пайда болады, яғни таңбалық-символдық іс-әрекеттің дамуының алғышарттары пайда болады. Заттармен әрекеттесудің әртүрлі тәсілдерінің негізінде бала заттармен, еңбек құралымен әрекет етудің ең жақсы тәсілін табады. Ойындағы мұндай іс-әрекет эволюциясы символизацияның дамуына ықпал етеді. Ойында жобалауға қабілеттілік дамиды, ал жобалау негізінде түрлендіру қызметінің нышаны қалыптаса бастайды, өзіндік еңбек тәжірибесін жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болады. Ойын іс-әрекетін сипаттасақ, біз мектепке дейінгі жастағы балада пайда болатын таңбалық-символдық іс-әрекетке тоқталамыз. Мектепке дейінгі жастағы балалардың таңбалық-символдық іс-әрекеттегі технологиялық біліктің қалыптастыруының алғышарттарын қарастыру аса маңызды.

Таңбалық-символдық іс-әрекеттің мазмұны таңбалық-символдық құралдардың жүйесін, оны пайдалануын және түрленуін талдау болып табылады. Таңбалық-символдық іс-әрекеттің қалыптасуының жас ерекшеліктерін Ж. Пиаже анықтаған: 3-4 жасында бала оған қолжетімді әліппе мен таңбалық жүйенің синтаксисін игеруге қабілетті. Оларды бала игерсе, болмыстың басқа модельдерін құру мүмкіндігі пайда болады және олардың көмегімен бала осы іс-әрекетті тереңірек таниды. Бұл жаста бала қарапайым модельдер мен сұлбаларды құрастыруға қабілетті. Таңбалық-символдық іс-әрекеттің сапалы жаңа деңгейі – жобалау. Е.Е. Сапогов: «Бұл деңгейде квазипәндік құралдарды құруды игеру туралы емес, бұл ауыстырылатын мазмұн туралы жаңа ақпарат алынуы мүмкін өзгерістерден құралдардың әрекет объектісі болатынын» жазған [13]. Осылай автор таңбалық-символдық іс-әрекеттің екі деңгейін: ауыстыру мен жобалау. Жоғарыда көрсетілгендерді басшылыққа алсақ, таңбалық-символдық іс-әрекеттің дамуы бастауыш сынып оқушыларының технологиялық біліктерінің қалыптасуында аса маңызды орын алатындығын айтуға болады. Өйткені, бала материалды, ақыл-ой тұрғысынан жұмыс істей білуді үйренеді, мектепке дейінгі жастың соңында бала ақпаратты түрлендірудің қарапайым түрлерін игереді, таңбалық-символдық іс-әрекеттің жаңа деңгейі – жобалауға өтеді. Сондықтан, бала алдын ала еңбек әрекетінің моделін құрастыруды үйрене алады. Жоғарыда аталғанды ескерсек, таңбалық-символдық іс-әрекетте жобалауға қабілеттілік дамитынын негіздеуге болады. Жобалау өз кезегінде балаға бұл іс-әрекетті терең тануға көмектеседі.

Конструкциялауда өндіріс процесінің кейбір элементтерін жобалауға мүмкіндік беріледі. Конструкция – жобаны әзірлеу немесе жобалау процесі. Э.М.Галямованың пікірінше, конструкциялау термині модельді құруды, құрастыруды, белгілі бір тәртіпке келтіруді және әртүрлі жеке заттардың, бөліктердің, элементтердің өзара байланысын білдіреді [14]. Оқушылар практикада технологиялық процестің қарапайым құрылу логикасын игереді, қарапайым техникалық объектілерді, нысандарды жобалауды үйренеді, ұжыммен және өз бетінше жұмыс істеп үйренеді. Балалар қарапайым технологиялық процесті игеру кезінде конструкторлық және технологиялық міндеттерді шешуді, материалдарды, дайындамаларды, ақпараттарды қолдану мен түрлендіру ережелерімен танысады, осы орайда технологиялық білікті қалыптастырудың ең тиімді тәсілдерін табады. Түрлендіру қызметін дұрыс ұйымдастыру оқушылардың технология туралы түсінігінің қалыптасуына, сөздік қорынының және тәжірибесінің баюына әсер етеді.

Қорытындылай келе, осы аталған әдістердің барлығын жүзеге асыру бастауыш сынып оқушыларының технологиялық біліктерінің қалыптасуына, технологиялық процестің элементтерін игеруге, жобалауға қабілеттерін арттыруға көмектеседі.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Казакевич В.М. Технологическое образование в век высоких технологий. Школа и производство. 2001, № 1. – С. 2-5.

2 Программа воспитания и обучения в детском саду. Мин-во просвещения РСФСР. 2-е изд., дораб. – М.: Просвещение, 1987. – 191 с.

3 Ыбыраимжанов Қ.Т., Қоянбаева Г.Р. Педагогикалық сөздік: (Педагогтік жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, әрі сала мамандарына арналған). – Алматы: «Эпиграф» баспасы, 2016. – 200 б.

4 Педагогика: Учебное пособие для студентов пединститута. Ред. Ю.К.Бабанский. – М.: Просвещение, 1983. – 608 с.

5 Педагогическая энциклопедия. Под ред. И.К. Капрова, Ф.Н. Петрова, И.А.Богомолова и др. – М.: Советская энциклопедия, 1964. – 278 с.

Г.С. Абрамованың психологтың кәсіби іс-әрекетіндегі өзге адам құндылығына бағдарының болуы, өзінің кәсіби іс-әрекетіне деген жауапкершілігі мен кәсіби борыш сезімін ұғынуға негізделген өзгеге ықпал ету шамасы ретінде өзінің мүмкіншілігін адекватты қабылдауы идеясы болашақ мұғалім маманы үшін де маңызды болып табылады[2]. Зерттеулер негізінде болашақ мұғалімнің тұлғалық қасиетіне қойылатын талаптар мен мамандарды оқу-тәрбие үдерісінде дамыту деңгейі арасындағы кейбір сәйкессіздіктер туындауда. Бірінші жағынан болашақ мұғалімнің тұлғалық ресурсының маңыздылығы деңгейін ($r_s$=0,895 p<=0,01) және педагогика және психология мамандығының студенттерінің тұлғалық автопортреті ($r_s$=0,807 p<=0,01) туралы түсініктерінің ұқсастығын айқындайтын нәтиже алынуда.

Кейбір нәтижелер жеке рефлексияны талап етеді, яғни психологтың маңызды тұлғалық атрибуты эмпатияға деген қабілеттілік және өзге қасиеттердің қатарында маңыздылығы аздау болып табылады. (16 және 20 рангіде орналасуда). Түлектердің өзінұғынуға, өзінсезінуге дайындығын өзіндікталдау негізінде осы қасиеттің дамуының жоғары деңгейін (6 ранг), ал жоғары курс студентінде кәсіби дағдарыс әсерінен эмпатия деңгейін өзіндікбағалау 20-позицияда қалады. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің сәттілігін қамтамасыз ету үшін белгілі бір қасиеттердің маңыздылығының жоғары деңгейде болуын талап етсе де, олардың студенттерде даму деңгейі жоғары деп

айту мүмкін емес, мысал ретінде айтатын болсақ ЖОО-ның педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттерінің стреске қарсы тұра білу деңгейінің жеткіліксіздігі эмоциялық, өзіндікбақылау, үрейлілік деңгейінің төмендігі анықталды, өз мінез-құлқын өзіндік реттеу қабілетінің болуын көптеген студенттер мұғалімге қажетті қасиеттері деп айқындайды. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі маңыздылығына және оқыту үдерісінде дамитын сәйкес тұлға сфералары мен қасиеттерін нақтырақ талдау арқылы зерттелетін мәселенің кәсіби өзгеріске сәйкессіздігін айқындайтын шиеленісті аймақтар нақтыланды. Болашақ мұғалімге қойылатын талаптармен және студенттер бойында осы қасиеттердің даму деңгейі бойынша коммуникативтік сферада сәйкестік туындауда. Студенттердің пікірі бойынша жоғары педагогикалық-психологиялық білім беру, әлеуметтік байланыстарды қалыптастыру мен әлеуметтік қолдауды, әлеуметтік-педагогикалық технологияларды меңгеру өзге тұлғаға деген сезімталдықты жетілдіруге, эмпатиялық қабылдау қабілетін қалыптастыруға көмектеседі. Өзіндік қатынас сферасында сәйкессіздік туындайды және ол студенттердің пікірі бойынша жоғары педагогикалық-психологиялық білім алу барысында маңызды өзгерістерге ұшырап отырады. Педагогика және психология мамандығында кәсіби дайындық кезеңінде өзіндік идентификацияға жету мәселесі орталық мәселе, өйткені Буякас Т.М. студенттердің өзіндік идентификация сезімінің қалыптасуындағы қиындық рефлексияның қалыптасуының жеткіліксіздігімен байланысты және ол өзіндік дамуды тежейтін «Мен» образының бұзылуына алып келеді деп қорытындылайды [3].

«Кәсібилік» және «тұлғалық» әр түрлі қатынас болады және олар байланыссыз бірақ бір-бірімен қатар, жартылай бір-бірін толықтыруы, тұлғалықтың кәсібилікке сіңіп, бірігіп кетуі немесе керісінше, сонымен қатар кәсіби құндылықтарды көпжақты тұлға кеңістігіне қосу болып табылады.Студенттер болашақ кәсіби іс-әрекеттің әлеуетін құрайтын тұлғалық сапалардың белгілі бір жиынтығын игеруі қажет. Осы әлеуеттің міндетті құрамына кәсіби маңызды қасиеттермен бірге дамыған рефлексивті қабілеттер өзін жетілдіру мотивінің қалыптасуы, сонымен қатар кәсіби қалыптасу барысында тұлғалық өзіндік шектеуді жою болып табылады. Болашақ мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттер иерархиясы арасындағы және өзінің тұлғалық әлеуетін бағалау арасындағы сәйкессіздік тұлға дамуындағы педагогикалық, психологиялық білім берудің роліне өзгеше қарауды талап етеді. Болашақ кәсіби іс-әрекетке рефлексиялық қатынаста өзгерістерге бейімделу адамның өзіндіксанасы көмегімен жүзеге асатындығын айқындайды.

*Кесте 1. Болашақ мұғалім тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасу деңгейі мен кәсіби даярлық үдерісі барысында өзгеруі (қорытынды «қиық»).*

| | Эксперименттік % топ | | | Бақылау тобы % | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 «қиық» | 2 «қиық» | 3 «қиық» | 1»қиық» | 2 «қиық» | 3 «қиық» |
| Жоғары деңгей | 14,6<br>13,7 | 24,9<br>23,7 | 48,4<br>47,7 | 10,7<br>9,8 | 10,9<br>11,2 | 13,3<br>12,7 |
| Орта деңгей | 18,3<br>19,5 | 27,6<br>28,5 | 35,4<br>33,8 | 13,5<br>13,6 | 16,7<br>15,5 | 29,4<br>28,9 |
| Төмен деңгей | 67,1<br>66,8 | 48,5<br>47,8 | 16,2<br>18,5 | 75,8<br>76,6 | 72.4<br>73,3 | 57,3<br>58,4 |




*Сурет 1. Болашақ мұғалім тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасу деңгейі мен кәсіби даярлық үдерісі барысында өзгеруі көрсеткішінің динамикасы (эксперименттік топ).*




*Сурет 2. Болашақ мұғалім тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасу деңгейі мен кәсіби даярлық үдерісі барысында өзгеруі көрсеткішінің динамикасы (бақылау тобы).*

Зерттеу нәтижесі болашақ мұғалімдердің тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуының оң динамикасын көрсетеді және ЖОО-дағы оқу-тәрбие үдерісіне ендіру қажеттілігін айқындайды. Біз ұсынған педагогикалық алғышарттардың нәтижелілігін нақтылау үшін Пирсон формуласы бойынша сызықтық корреляция коэффиценті есептелінді ол 0,937-ге тең. Болашақ мұғалімдердің тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы мен әлеуметтік-педагогикалық әдістеменің, педагогикалық алғы шарттардың жүзеге

асырылуының арасында байланыс бары анықталды. Зерттеумен алынған нәтижелер барысында болашақ мұғалімдердің педагогикалық технологияларды пайдалану мен тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру және әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындықты әлеуметтік-педагогикалық әдістемемен және педагогикалық алғышарттармен қамтамасыз етіледі. Оқыту үдерісін жетілдіру үшін тестілеу жүргізілді және әр студенттің әлеуметтік– педагогикалық жұмыс бойынша білімі мен іскерлігінің алғашқы деңгейі айқындалды. Тестілеу нәтижесіне сәйкес белсенді топтың әдістерді пайдаланып әлеуметтік-педагогикалық білімдерін және іскерліктерін, әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктерін қалыптастыру жүзеге асырылды, олар: Пікірталастық әдістер – проблемалық жағдаяттарды талдау үшін топтық пікірталас жүргізу. Ойын әдістері – іскерлік, рөлдік, шығармашылық, дидактикалық ойындар. Сензитивтік тренинг. Осы әдістер мен тәсілдерді қолданып студенттерді қарым-қатынас жасауға, өзгенің көңіл-күйін, сезімін, күйзелісін ұғынуға үйретуге болады. Тыңдау іскерлігі – мұғалімге қажетті маңызды қасиет. Оқушының ойын және сезімін ұғынуға және оған түсіністікпен қарауға үйрету үшін төмендегідей тәсілдерді қолданамыз:

Рефлексивті емес тыңдау – серіктестің әңгімесіне кіріспеу, үндемей отырып тыңдау, сонымен қатар көңіл бөлу, қолдау көрсету, сездіруді үйрену. Рефлексивті тыңдау – өз сезімін толықтай бейнелеуге көмектесу.

Айқындау – серіктесінен толықтыруды сұрап отыру: «Түсіндіріңізші», «Мына проблема жайында айтасыз ба? Сіз оны қалай түсінесіз». Қайталап айту – мұғалімнің оқушы ойын өзге сөздермен қайталап айтуы. Бейнелеу – мұғалімнің оқушыны қаншалықты түсінгендігін көрсете білуі. Түйіндеме жасау – ұзақ әңгімелесуден соң негізгі ойды жинақтауы. Эмпатиялық тыңдау – эмпатия өзгенің сезімін ұғына білуі, түсінгендігін көрсете білуі.

Практикалық сабақтарда «тыңдай білу іскерлігін» үйрету үшін жаттығулар өткізілді. Студенттерге рөлдік ойындар түрінде жаттығулар жүргізілді. Болашақ мұғалімдердің оқушылармен әлеуметтік-педагогикалық технологияны пайдалана білуі үшін төмендегідей рөлдік ойындар жүргізілді.

Рөлдік ойынның тақырыбын айқындау. Зерттелетін құбылысқа әсер ететін негізгі факторлерді айқындау (ұжымдағы оқушылар саны, педагогтың өтілі, ұжымдағы шиеленіс деңгейі, ұжымдағы хал-ахуал, лидерлер рөлі т.б.). Жан-жақты дамыған педагог образын қалыптастыру моделін анықтау. Ойын мүшелерінің шешімді бағалау критерийлерін іздеу, ойын барысында мүшелерге қажетті нұсқауларды қолдану. Ойын сценариін құрастыру, ойынды өткізу ережесін, ойын мүшелері мен қазылар алқасына материалдар дайындау. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке дайындау жүйесіндегі ойынның рөлін анықтау. Ойынның негізгі ұғымдарын анықтау: дайындық, нұсқау, машықтану, қазылар. Студенттерге шығармашылық тапсырмалар берілді. Мысалы: белгілі жағдаяттағы мұғалімнің студентпен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің алгоритмін іздеу. Болашақ мұғалімдердің белсенді оқыту әдістерін игерудегі басты міндеттерінің бірі – педагогикалық қарым-қатынас стилін коррекциялау,

ол үшін педагогтың өзіндік санасын айқындауға арналған стандартталмаған өзіндік есеп әдісі қолданылып педагогтың «Мен-тұжырымдамасы» анықталады.

Зерттеулеріміздің қорытындысы бойынша мынадай маңызды сәттерге мән беруіміз қажет. Студенттің санасында оның кәсіби маман ретіндегі кәсіби маңызды қасиеттері иерархиясы мен өзінің тұлғалық әлеуетін бағалау арасындағы сәйкессіздік анықталды және тұлға дамуындағы педагогикалық-психологиялық роліне өзгеше сипатта қарауды талап етеді. Болашақ кәсіби іс-әрекетке рефлексивті қатынаста тұлғаның өзіндік санасының қалыптасуы, өзгенің қатынасын ұғынуы, жалпы орта білім беретін мектептерде инновациялық реформаларды жүзеге асыруы, оқу-тәрбие үдерісіндегі жаңа технологияларды кеңінен пайдалануы, педагогикалық іс-әрекеттің жетістік және кемшілік тұстарын зерттей алуы, өзінің педагогикалық тәжірибесіне талдау жасай алуы маңызды болып табылады. Біздің еліміздегі әлеуметтік-педагогикалық өзгерістер мектептегі жұмыстың мазмұны мен формасын өзгертіп, демократияландыру мен ізгілендіру мәселесі шешімін табуда. Осы өзгерістерді жүзеге асыру үшін мұғалім шығармашыл болуы, мәселелерді өздігінен шеше білуі, оқушы даралығын ескере білуі қажет.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Абрамова Г.С. Практическая психология. Издательство: «Прометей», 2018.

2 Доценко Е.Л. «Социально-психологическая зрелость» – формирование понятия. – Вестник Омского университета. Серия «Психология». 2020, № 3. – С. 4-12.

3 «Личностные основания профессионального становления. Психология самоопределения» – 2012 «Трудности и перспективы становления профессионала».

4 Абрамова Г.С. Психологическое консультирование. Теория и практика. Учебник для вузов и ссузов рактическая психология. Издательство: «Прометей», 2018.

5 Доценко Е.Л. Психология манипуляции: феномены, механизмы и защита.– СПб.: Речь, 2008. – 304 с.

6 Доценко Е.Л., Погорова Р.И. Становление социально-психологической зрелости студентов-психологов. V Международная научная конференция «Психология индивидуальности»: сборник материалов. – М.: Литературное агентство «Университетская книга». 2016. – С. 237-238.

**ҒТАМР 14.27.01**

# БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ РЕФОРМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН МЕҢГЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

**А.Б. Бахытова, Ш.Е. Ерік, Э.Т. Есенкелді**
*Магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.*
**Г.А. Назарова**
*Ғылыми жетекші, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.*

Қоғамдағы тұлғаның қажеттіліктері артқан сайын, кез келген реформалық өзгерістерге шығармашылық арқылы жететін, өзекті мәселелерді дәстүрлі емес сапалы шешетін, қоғамның жылдам ырғақпен дамуына икемді педагог мамандар даярлануы тиіс. Мақалада болашақ педагогтардың кретивтілігін қалыптастыруда жаңартылған білім беру реформасы аясындағы оқыту технологияларын меңгерудің маңызы туралы қарастырылған. «Креативтік» ұғымы шығармашылық, дарындылық, икемділік деңгейін білдіреді. Тұлғаның шығармашалық құзыреттілігінің құрылымына мынадай қасиеттер жатады: шығармашылыққа икемділік, мәселелерді шешу, өзіне деген сенімділігі кіреді. Елбасымыздың жолдауындағы мақсат, міндеттерін іске асыру – әр педагог парызы. Өйткені, бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – білімді әрі креативті ұстаз деп атап өткен болатын. Сол себепті дамыған кретивті мұғалім– қазіргі заманның талабы.

***Түйін сөздер:*** креатив, шығармашылық, жаңартылған білім беру, оқыту технологиялары, дамыта оқыту.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, оның даму үшін қажетті технологияларды қолдану, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік

беру, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.

Қазіргі білім беру стратегиясы барлық білім алушыларға өз таланттарын және шығармашылық талаптарын, жеке жоспарларын іске асыруларына мүмкіндік жасауда. Бұл позициялар Отандық мектептердің гуманистік даму тенденциясына сәйкес келеді. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктерімен педагогтар хабардар болып, оларды үздіксіз дамытып «арттырулары» қажет.Осы тұрғыда болашақ педагогтардың кретивтілік тұлғасын қалыптастыру және студенттердің креативтілік белсенділігін қалыптастыруда оқу материалдарының маңыздылығы дәрежесіне қарай

Зерттеуші ғалымдар оқудағы креативтілік белсенділікті қалыптастыру мәселелерін тәжірибеде шешудің түрлі жолдарын бөліп көрсеткен. Олар мына төмендегілер:

– оқу үрдісіне қатысушылардың екі жақты сипаты әсері негізінде оқытушы мен студенттің бірлескен іс-әрекеті арқылы (Т.Сабыров, Н.Хмель, Е.Галант, Б.А.Оспанова);

– креативтілік іс-әрекеттің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оқу міндеттерін іріктеп шешу арқылы (Н.Меньчинская, П.Пидкасистый, Т.Шамова, А.Әбілқасымова, Р.Омарова, А.Мустояпова);

– оқытудағы әдістемелік білімдер элементтерін енгізу арқылы (И.Лернер, Б.Коротяев);

– іс-әрекеттің бағдарланушылық негізін құрайтын жалпылама білімдерді енгізу арқылы (П. Гальперин, Н. Талызина, Ш.Т. Таубаева) [1].

Оқыту үрдісінде студенттің креативтілік белсенділігін қалыптастыру үшін білімдер мен әрекет тәсілдерін алуды қажеттендіруді қалыптастыратын шарттарды, өзін-өзі бейімдеу шарттарын, мәселелерді шешудің түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етілуі тиіс.

Студенттердің креативтілік белсенділігінің даму деңгейлеріне тоқталатын болсақ, оның ең жоғары деңгейі креативтілік міндеттерді өз бетінше қоюмен, тапсырмалардың шешімін табуда неғұрлым тиімді жолдарын болжаумен және өз бетінше айқындаумен, өздігінен бағалаумен сипатталады. Ал, орташа деңгей жоғары деңгейдің кейбір элементтерінің оқытушының көмегімен орындалатынымен сипатталады. Төменгі деңгейде студентке белгілі бір әрекеттің үлгісі болғанда, оларды орындау тәсілдері туралы көмек болғанда ғана креативтілік әрекетін ынталандыруға, белгілі тәсілдерге бағдарлануда көрініс табады [2].

Студенттердің креативтілік іс-әрекетін белсендіруді қалыптастырудағы оқыту технологияларын қолдануы және түрлі әдіс тәсілдерін меңгеру маңызды болып табылады. Әрбір болашақ педагог ол жаңа технологияны жасаушы деп

қарастырсақ болады. Әрбір оқыту технологияларын құру шығармашылықсыз мүмкін емес болып табылды. Сондықтан да кретивті педагог пен жаңартылған оқыту технологиялары бірі бірімен тығыз байланыста деп айта аламыз. Студенттердің кретивтілігін қалыптастыру аясында дамыта оқыту технологиясын қолдануды қарастырып көрейік:

Дамыта оқыту – бұл оқу процесінің адамның әлеуетіне және олардың реакциясына бағдарлануы. Дамыта оқыту жүйесінің маңызды ұстанымының бірі – теориялық білімнің жетекші рөлі, ұстанымы теорияны жаттау, терминдерді есте сақтау емес, оқыту барысында түрлі ой операциялары арқылы теориялық ойлауын дамыту болатын болса, оқушылардың келтірілген мысалдардан анықтама, ережелерді өздері шығарып, мысалдармен дәлелдеп, қорытынды, талдау жасауы олардың жаңа білімді меңгергенін байқатады.

Дамыта оқыту жүйесінде білім алушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден – дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған білімалушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады.

Екіншіден – дамыта оқытуда білімалушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады.

Үшіншіден – білімалушылардың жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері білімалушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Төртіншіден – дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы білімалушы мен оқытушының арасындағы жаңаша қарым – қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді [3].

Дамыта оқыту технологиясын алудағы мақсатымыз: Дамыта оқыту жүйесінің теориялық білімінің жетекші ролі принципіне сүйене отырып, оның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану, студенттің өз бетімен ізденуіне, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерінің оянуына, дамуына мүмкіндік беру, рухани дүниесі бай, ойлау дәрежесі биік, елімізге, мәдениетімізге, тілімізге сыйластық сезімі, адамгершілігі мол, сөйлеу мәдениетін жақсы меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары шәкірттерді тәрбиелеу. Осы мақсатты шешуге орай алға қойған міндеттеріміз:

– Өз бетімен дами алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу;

– Шығармашылықпен айналысатын жас ғалымдарды, өнертапқыштарды табу, шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Дамыта оқытудың маңыздылығы: Жеке тұлғаның шығармашылықпен еркін айналысуына, ізденуіне, жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Дамыта оқытудың тиімділігі: Студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыру, яғни ақыл-ойы мен өзіндік тұжырымы арқылы ғана жаңа тақырыпты саналы түрде меңгеру дағдыларын қалыптастырады.

Білім сапасын арттыру жолдарын қарастыратын болсақ, сабақ беретін пәндерімізде де түрлі дидактикалық дамытпалы ойындар, шығармашылық тапсырмалар колданданудың маңызы зор. Атап айтсақ, «Суреттердің қатесін тап» «Адасқан сөздер» дидактикалық ойнында білім алушылар орны ауысқан сөздерден сөйлем құрайды [4]. Сондай-ақ, креативті ойлау арқылы білімалушыларды шығармашылыққа үйретуде, тілдері мен ойларын дамытуда төмендегідей стратегиялардың берері көп болады:

1) бес жолды өлең, эссе;
2) РАФТ, INSERT;
3 ) қосжазба күнделігі;
4) еркін жазу;
5) миға шабуыл,
6) SWOT талдау
7) «Блум таксономиясы»
8) »Венн диаграммасы»
9) »DEAL»
10) »ДЖИГСО»
11) »Ақылдың алты ойлау қалпағы».

Барлық ғалымдар дерлік адамның мұндай күйге бірден келмейтінін, тұлғалыққа біртіндеп жететінін жазады. Демек, оқушының жеке тұлғалығын қалыптастыру үшін ең алдымен олардың қабілеттерін дамыту керек. Ал қабілет психологтардың айтуынша, екі түрлі деңгейде болады:

– Репродуктивті іс-әрекетті, яғни білімді берілген үлгі бойынша қабылдай алу деңгейі;

– Шығармашылық-жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі;

– Осындағы шығармашылық деңгей – жеке тұлғаны дамытудың ең тиімді тәсілі. Сондықтан баланың шығармашылық қабілеттерін оятып, оларды шығармашылыққа баулу үшін мұғалімнің өзі де шығармашылықпен тұрақты түрде айналысатын, дәуір көшінің өзгерістеріне ілесе алатын болуы керек, сонда ғана оқушы мен ұстаз бірлесе отырып, табысқа жетері сөзсіз.

Өз пікірін, өз ойын қорғай алатын, шығармашылық қабілетін дамытып, өз бетінше шешім қабылдай алатын дара тұлға тәрбиелеуде дамыта оқытудың өзіндік үлесі болары сөзсіз [5].

Қорыта айтқанда, бүгінгі студент – ертеңгі маман иесі. Сондықтан олардың болашағына салғырт қарамауымыз тиіс. Оның жеке тұлғалық қасиеттерін жан-жақты дамыту, қалыптастыру – басты назарда. Педагогика сабағында ғылым мен тәжірибені ұштастыра оқыту арқылы жеке тұлғаны өз бетімен дамытудың кілтін табуға болады. Ол үшін оқу сабақтарын түрлендіріп, оларға дамытушылық сипат бетерін жұмыстар енгізіп отырсақ, біз таным дүниесі бай, кемел ойлы, терең білімді, зерек, ізденімпаз, шығармашыл, іскер, өнертапқыш тұлғаны қалыптастыра аламыз.

XXI ғасыр – адамзат шығармашылығының дәуірлеу ғасыры. Сондықтан біздің алдымызда жеке тұлға шығармашылығының бастауын, қайнар көзін ашып, оның тұлғалық қасиеттерінің дамуына жағдай жасау міндеті тұр. Осы

міндетті педагогикалық тұрғыдан өте жоғары деңгейде атқаруда әрқайсысымыз өзіндік үлесімізді қосуға тиіспіз. өз пікірін, өз ойын қорғай алатын, шығармашылық қабілетін дамытып, өз бетінше шешім қабылдай алатын дара тұлға тәрбиелеуде дамыта оқытудың өзіндік үлесі болары сөзсіз.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1 Хайдарова С. Оқушының шығармашылығын дамыту. Бастауыш мектеп. – 1997, №4. – 15-16 б.

2 Шевченко Л.Л. Педагогическое творчество. – М., 1996. – 23 б.

3 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 263 б.

4 Көшімбетова С. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. – Алматы, 2008.

5 Эльконин-Давыдов «Дамыта оқыту технологиясы». Педагогикалық шығармалар, 1998.

**ҒТАМР 34.01.45**

# ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІН БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ ӘДІСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Ж.Т. Әмитова**
*Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*
**Б.Ж. Қабылбекова**
*PhD-доктор, аға оқытушы, Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.*

Мектеп қабырғасындағы оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру және ақпараттарды тиімді түрде жылдам игеруі үшін, қазіргі қоғам талаптарына сәйкес сабақ барысында игерілетін мәліметтерді ғылыми зерттеу әдістерін пайдалану арқылы оқыту – білім беру жүйесіне өз үлесін қосып қана қоймай, оқытушы үшін де тиімді жол екендігі мәлім. Бұл мақалада оқушылардың биология пәніндегі белгілі бір тақырып бойынша ғылыми танымдық жұмыстарды орындау арқылы анықталған артықшылықтар және дәстүрлі білім алған оқушылардың жалпы сандық үлгерім көрсеткіштер арқылы нәтиже бейнеленіп, және тиімді зерттеу әдістеріне түрлі мысалдар қарастырылады. Зерттеу әдістерінің білім алушылардың танымдық қасиеттерін арттыруына қосатын үлесі айқындалады. Сонымен қатар, білім алушылардың ғылыми зерттеу әдістерін пайдаланған жағдайдағы өзіндік ойлау қабілеттерінің артатындығы белгілі. Зерттеу әдістерін тиімді пайдалану – бұл оқушылардың жалпы білімінің артуына негіз болып қана қоймай, болашақ жас ұрпақтың әрі қарай өркендеп дамуына көмегін арттыра алатын бірден-бір құралдардың бірі екендігі сипатталады. Ғылыми таным әдістерін дұрыс қолдану үшін септігін тигізуші оқыту тәсілдерін пайдаланудың маңыздылығы мен соңғы нәтижелер көрсетіледі.

***Түйін сөздер:*** теория, эмпирика, әдістер, индукция, дедукция, бақылау, гипотеза, анализ, синтез, жаратылыстану пәндері.

Қай уақытта болсын білім алушыларға қойылатын басты талап – бұл тиянақты тәрбие мен білім алу. Білім алушыларға жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Білім сапалы болуы үшін – мұғалім сабақ беруде түрлі әдістер арқылы тындаушыларды қызықтырып қана қоймай, өз бетіншеде де жұмыс жасай алуын жетілдіруі қажет. Жетірдіру мақсатында ең бірінші кезекте білім алушылардың ғылыми танымдық әрекеттерін

қалыптастыру қажет. Жалпы ғылыми зерттеу әдістерін толықтай түсіну үшін осы уақытқа дейін көптеген шет елдік және отандық ғалымдар көрсеткен өз тұжырымдамаларын пайдалана аламыз. Солардың бірі А.Ю. Пентин, Л.А.Паршутина еңбектерінде ғылыми таным не үшін қажет? деген сұраққа жауап алуға болады. Танымның ғылыми әдісі – бұл оқушыларға: оқытуда проблеманы шешу мен гипотеза тұжырымдауға, өз әрекетін жоспарлауға, жүргізілген эксперименттер нәтижелерін бағалау мен дәлелдеуде қажет құрал және бұның нәтижесінде қоршаған ортаны тану арқылы білім алушы әдістемелік мәдениетін дамытатын айта кеткен [1]. Оқушылардың ғылыми зерттеу әдістерін дамыту үшін А.П. Пинкевич айтқандай: жаңа мектеп – қозғалыс мектеп. Оқушы сабақта зерттеу әрекеті кезінде үстелде шынжырға байланып отырмай, еркін қозғалып, сыныптастарымен талқылап, ақылдасуы қажет деп қарастырса, Г.С. Жүзбаева еңбегінде, танымдық іс-әрекеттері жүйелі түрде болуы үшін мына тәсілдерді көрсеткен: жоспарлау, уақытты дұрыс пайдалану, оқу мен тыныңу режимін ұйымдастыра білу, өз жұмысын бақылау, бағалау т.б [2]. Егерде осы әрекеттер қамтылатын болса, ғылыми зерттеу әдістерін толықтай орындай алуға болады деп айтылған. Жоғарыда көрсетілгеннен байқайқайтынымыз, ғылыми зерттеу әдістері бұл жаңадан пайда болған методикалық әдіс емес, яғни осы уақытқа дейін көптеген ғалымдар өз тұжырымдамалары мен ойларын қалдыра кеткен. Сол зерттеулердің басым көпшілігі, жаратылыстану пәндерінде ғылыми зерттеу әдістерін міндетті түрде пайдалану қажет, бұл әрекеттер білім алушының логикасын, сабаққа деген қызығушылығын, жан-жақтылығы мен креативтілігі дамитындығын өз зерттеулері арқылы көрсеткен. Мысалы, ғылыми зертеу әдістерін М.В.Ломоносов эмпирикалық зерттеулерді ғалымның «қолы», теориялық көзқарастарды оның «көздері» деп атады [1]. Неліктен? Себебі теориялық әдіс – осы уақытқа дейін зерттелген материалдарды түсінумен, талдаумен ойлау әрекетімен байланыста болады. Сондықтанда, теориялық әдістерге: анализ бен синтез, гипотеза, акстракция, индукция, дедукция, модельдеу, классификация жатады. Бұл зерттелетін құбылыстың пайда болу көздерін, қалыптасуын және сыртқы ортамен байланысының мәнін толыққанды түп мағынасына ену арқылы зерттейді. Алайда, теориялық әдістің кемшілігі бұл – зерттелетін әрекеттер мен құбылыстарға өзіндік әсер ете алмайды, тек олар жайлы маңызды да құнды ақпараттар беру арқылы эмпирикалық әдіске бағыттайды [3]. Ал эмпирикалық әдіс – педагогикалық процестердің практикалық әрекетін қамтамыз ететін таным әдісі. Эмпирикалық әдіске: бақылау, эксперимен, салыстыру мен өлшеу [4]. Эмпирикалық әдіс педагогикалық зерттеулерде маңызды рөл атқарады. Себебі эмпирикалық әдіс арқылы практика барысында эксперименттер нәтижесінде жаңа ғылыми теорияны құруға негіз болады. Ғылыми әдіс дегеніміз – ғылым аясында қолданылатын әдістері мен тәсілдер жиынтығын айтамыз [5]. Осы ғылыми зерттеу әдістерін мектеп оқушыларына толықтай меңгерту үшін көптеген жұмыстар жасалуы қажет. Ол үшін алдын ала алғашқы эксперимент арқылы ғылыми таным әдістерін білім алушылардың қаншалықты білетін квази эксперименті арқылы анықтай аламыз. Квази эксперименті

Diversitas Negeri Medan зерттеуінің мақсаты өсімдік тіндерінің мәдениеті курсы бойынша студенттерінің оқу үлгерімі мен ғылыми процесінің дағдыларына аралас оқыту стратегиясының әсерін білу мақсатында анықтау болды. Зерттеу үлгісі екі сыныптан тұрады, атап айтқанда дәстүрлі оқыту стратегиясында бақылау сыныбы деп аталатын А сыныбы және аралас оқыту стратегиясында оқытылған эксперименттік сынып деп аталатын С сыныбы. Зерттеу авторлары аралас оқыту стратегиясы дәстүрлі оқыту стратегиясымен салыстырғанда өсімдік тіндерінің мәдениеті курсында студенттердің үлгерімі мен ғылыми процесс дағдыларын арттыруда айтарлықтай тиімдірек болды деген қорытындыға келді [6]. Осы зерттеу әдісі бойынша, квази-эспериментті 8 сынып оқушыларына сабақ барысында қолданылды.

*Зерттеу мақсаты:* Биология сабағында оқушыларға ғылыми зерттеу әдістерін пайдалану арқылы оқытуда тиімділі мен қажеттілігін анықтау.

*II. Анықтаушы эксперимент мақсаты:* ғылыми танымның әдістерін оқушылар қаншалықты дәрежеде білетінін анықтау.

*Анықтаушы эксперимент міндеттері:*

– Ғылыми таным әдістерін осы уақытқа дейінгі түсінігін анықтау;

– Ғылыми таным әдістерінің түрлері бойынша сауалнама арқылы білім деңгейін анықтау;

– Сауалнама нәтижесі бойынша оқушыларға бағыт-бағдар көрсету.

*Зерттеу материалдары мен әдістері.* Мектеп оқушылары арасында жүргізілген ғылыми зерттеу әдістерін анықтау үшін 8а және 8ә сыныптары бақылауға алынды. Бастапқыда олардың ғылыми таным әдістерін қаншалықты деңгейде білетінін анықтау қажет болды. Ол үшін оқушылардың барлығына сауалнама сұрақтарына жауап алу қажет етілді.

*Алғашқы сауалнама сұрақтары:*

| | |
|---|---|
| | Аты – жөні: _____<br>Сыныбы: _____ |
| 1 | Лабораториялық сабақтар сіз үшін қызықты ма?<br>Ия Кейде ғана Мүлдем қызық емес |
| 2 | Сабақта түрлі тапсырмалық жұмыстар орындап, өзімді дамыту қажет ойлайсызба?<br>Ия Тапсырмалық жұмыстар қызықтармайды Жоқ |
| 3 | Биология сабағында лабораториялық сабақтар жиі өтіле ме?<br>Ия Көп өтілмейді Мүлдем болмайды |
| 4 | Сіздің ойыңызша биология сабағында эксперименттік жұмыстарды жасау дұрыс деп ойлайсызба?<br>Ия , себебі эксперименттік жұмыстар қызықты<br>Жоқ эксперименттің жұмыстарға қызығушылығым жоқ<br>Өз жауабыңыз: _____ |
| 5 | Бақылау, өлшеу, эксперіент жүргізу зертханалық және практикалық сабақтарда қолдану дұрыс па?<br>Ия, себебі бақылау жүргізу арқылы белгілі бір нәтижеге қол жеткізеді<br>Жоқ, себебі зерттеу жүргізу оқушыларды дамыта алмайды |

| | |
|---|---|
| | Жауап беруге қиналамын |
| 6 | Биология сабағы барысында берілген қандай тапсырмалар сізге қызықты?<br>кесте, диаграмма, тест<br>сұрақтарды ауызша қарастыру: әңгімелесу, сұқбат және видеолар<br>қолдан әр түрлі макеттер жасау, шығармашылық жұмыстар<br>лабораториялық жұмыстарда эксперимент жасап , жаңа өнімді анықтап, бақылау<br>Логикалық тапсырмалар |
| 7 | Сіздің ойыңызша сабақта логикалық түрғыдағы тапсырмалар қандай қасиеттерді дамытады?<br>Өз жауабыңыз_____ |
| 8 | Берілген өсімдіктердің жасушасы мен жануар жасушасын салыстыр, қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар барын анықтаңыз<br>  <br><br>https://ikaz.info/simdikter-men-zhanuarlar-zhasushalaryny-rylysy/<br><br>Берілген тапсырма бойынша өз жауабыңызды жазыңыз _____ |
| 9 | Суреттен ұлпа, мүше, организмді анықтап, сурет тұсына жазыңыз<br>  <br>https://ikaz.info/ulpalar-musheler-zhane-musheler-zhujesi/ |
| 10 | Компьютерлі моделдеу жұмыстарымен таныссыз ба? Осы уақытқа дейін жасап көрдіңізбе?<br>Иә, білемін Жоқ, білмеймін Таныспын, бірақ маған түсініксіз<br>Білсеніз , өз жауабыңыз _____ |

*Зерттеу нәтижесі.* Нәтижесін дискриптор бойынша анықтаймыз: 2 сынып бойынша оқушылардың жауап бергенін 3 Баллдық шкала бойынша балл беріледі. 21-27 Балл: оқушының ғылыми танымның біршама әдістерімен таныс және сабақ барысында қиындықсыз қолдана алады, 14-20 Балл: оқушы білімінде ғылыми танымдық әдістерден хабары бар, бірақ толық емес, 13– тен төмен Балл: ғылыми танымның кейбір түрлерінен ғана хабары бар, әдістер түрлерін үйретіп, білімін толықтыру қажет. Сауалнама нәтижесі бойынша 8 А

сыныбында 28 оқушыдан: 21-24 балл – 21% ; 14-20 балл – 50%; 13 тен төмен – 29% құраса, 8 Б сынып сыныбында 26 оқушыдан: 21-24 балл – 25%; 14-20 балл– 45%; 13 төмен – 30% көрсеткіш берді.

*II кезең. Қалыптастырушы эксперимент.* Қалыптастырушы эксперимент дегеніміз – бұл зерттеуші іс-әрекетінің орындаулы жағдайында белсенді ықпал етуі барысында психологиялық қасиеттер мен педагогикалық құбылыстардың даму динамикасын зерттеуге бағдарланған эксперимент. Қалыптастырушы эсперименткe жасалатын іс әрекеттер: биология сабағында, эмпирикалық және теориялық зерттеу түрлеріне арналған түрлі әдістерін пайдалану арқылы күнделікті сабақ өту кезеңдеріне байланыстырып қолданылды. Алғашында оқушылар осы уақытқа дейінгі алдыңғы білімдерімен бөлісті. Ал сабақ өту барысында жаңа білімдерді қалыптастыру мақсатында осы уақытқа дейінгі ғалымдардың еңбектеріне шолу жасап, индукция мен дедукция әдістері тәсілдері арқылы жалпыдан жекеге, қарапайымнан күрделіге көшу арқылы ой жүйесі нақтыланып, логикалық тізбегі қалыптаса бастады. Келесі, эксперименттік әдіске – қолданылатын құрал жабдықтар ретінде микроскоп, жануар ұлпасының дайын микропрепараттары алынды. Жұмыс барысына сәйкес оқушылар ең бірінші жабын, дәнекер, бұлшық ет, жүйке ұлпаларының микропрепараттарын қарады, гипотеза шығарды, құрылысы жағынан ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы бір-бірімен талқылады. Олардың негізгі және қосымша жасушаларына назар аударды. Ұлпалардың суреттерін салып, атауларын жазды. Виртуалды әлемде атаумен тек сәйкестендіру нұсқасымен алмасты, әрбір ұлпаның ерекшеліктеріне сипаттама беріліп, берілген кестені ұлпалардың арнайы ерекшеліктерін назарға ұстап толтырды. Сонымен қатар, виртуалды әлем арқылы компьютерлік модельдеу жасалу жұмыстарымен таныстырылып, өз бетінше үй жұмысы тапсырмасы ретінде жаасушаның құрылысы модельдеу жұмысы орындалды. Компьютерлі модельдеу жұмыстары жасушаның құрысына арналған тапсырмалар жасалды. Модельдеу жұмыстарының арнайы 3Д платформалар: 3D Slash, LibreCAD, Meshmixer 3.0, ScolptGl AutoDesk 123D бағдарламаларын тағдап, қолданданды. Сабақ арасында диалогтық әдіс арқылы оқушылар бір-бірімен байланыста ой қозғады, тесттік тапсырмалар мен кестелі тапсырмаларды өзіндік жұмыс ретінде орындады. Соңында өз ойымен қорытындылап, тапсырманы аяқтау ұсынылды.

Қалыптастырушы эксперимент нәтижесі бойынша:



| **Топтар** | Эксперимент тобы | | | Бақылау тобы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Жоғары** | **Орташа** | **Төмен** | **Жоғары** | **Орташа** | **Төмен** |
| Экспериментке дейін | 21% | 50% | 29% | 25% | 45% | 30% |
| Эксперименттен кейін | 75% | 21% | 4% | 70% | 24% | 4% |

*Қорытынды.* Анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің нәтижесінде оқушылардың ғылыми теориялық білімдері толықтырылып, оны эмпирикалық әдісте эксперимент жасау арқылы көз жеткізіп, зерттеушілік дағдылары мен танымдық әрекеттері қалыптасты. Бақылау тобына күнделікті қмж бойынша сабақ өткізілді, ал эксперимент тобына ғылыми зерттеу жұмыстары жасалды. Қалыптастырушы эксперимент бойынша эксперимент тобы мен бақылау тобында сауалнама нәтижесінде айырмашылықтар болды. Себебі ғылыми зерттеу әдістерінің барлық әдістерін толыққанды сабақтарда пайдаланылды. Ұсыныс ретінде, ғылыми зерттеу әдістерін тек қана биология немесе жаратылыстану пәндерінде ғана қолданбай барлық бағыттағы да

пәндергеде тиімді екендігі анық, себебі ғылыми зерттеу әдістерін сабақта дұрыс қолдану – бұл білім алушыларды жан-жақты дамуы мен тиянақты білім алуына көп септігін тигізетіні анық.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Пентин А.Ю., Паршутина Л.А. Научный метод познания в школном естествонаучном образовании: обучение химии и биологии. – 3-4 с.

2 Жүзбева Г.С Қашықтықтан оқыту технологиялары негізінде студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыру, 2010. – 18 б.

3 Абдигалиева Т.Б. Ғылыми зерттеулер әдістемесі, 2019. – 24 б.

4 Гаррас Ж.Е., Ефремов О.Ю. Развитие теории и практики приминения эмпирических методов педагогических исследовании, 2012. – 1 с.

5 Harahap F., Nasution N.E., Manurung B. The Effect of Blended Learning on Student's Learning Achievement and Science Process Skills in Plant Tissue Culture Course.

**ҒТАМР 14.35.07**

# ҚАЗАҚСТАН ФЛОРАСЫНДАҒЫ ЖАСАҢШӨПТЕР ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ЖАЙЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ

**Н. Нысанбайқызы**
*Магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.*

Мақалада Қорқыт ата атындағы Қызылорла университетінің білім алушылары арасында жасалған зерттеу жұмысы баяндалады. Қазақстан аумағында тіршілік ететін Жасаңшөптер тұқымдасы жайлы студенттердің білімі деңгейі тексеріліп, сауалнама жүргізілді. Зерттеу жұмысына 2 курс білім алушыларының арасынан 62 студент қатысты. Сауалнама нәтижесінде студенттердің 29% Crassulaceae тұқымдасы жайлы хабары бар екендігі, ал 59,6% аталған тұқымдас жайлы мүлде естімегендігі анықталды.

***Түйін сөздер:*** жасаңшөп, Crassulaceae, білім алушылар, өсімдік, фотосинтез, лептесік.

Жасаңшөптер (Crassulaceae DC) тұқымдасы Қазақстанда аса кең зерттелмеген. Сәйкесінше білім алушылардың да бұл ерекше тұқымдас жайлы хабары аз деуге болады. Оның бір ерекшелігіне тоқталсақ, бұл тұқымдас өкілдерінде фотосинтез процесі түнде жүзеге асады. Себебі олар суккуленттер болғандықтан, судың булануын, яғни транспирация процесін азайтады, бұл күндізгі уақытта лептесіктердің жабылып, сәйкесінше көмірқышқыл газының лептесіктер арқылы өсімдік ағзасына енуінің тоқтауына алып келеді. Нәтижесінде көмірқышқыл газының фиксациясы тоқтап, жалпы фотосинтез процесі жүрмейді. Бұл процесс САМ-фотосинтез деп аталады [1].

Сабақтары тік, төселіп өседі. Өте қалың, шырынды жапырағының пішіні – дөңгелек, цилиндр, қалқанша тәрізді. Сыртын өңез жауып жатады. Көбінесе, жапырақтары сабақтың түп жағын айнала дегелектене орналасып, мұның суды аз буландыру үшін маңызы зор. Жасаңшөп тұқымдасының ерекшелігі – фотосинтез процесі түнде жүреді, өйткені жапырақтағы тыныс саңылауы түнде ашылады. Гүлдері қос жынысты, кейде дара жынысты, қос үйлі, сабақ ұшында жеке-жеке орналасады немесе шатырша, шоғырбас, қалқанша, масақ, т.б. гүлшоғырына топтасады. Тостағанша жапырақшасы – 5, 9 кейде 30-дан асады, күлтесі – бесеу. Шыбын арқылы тозаңданады. Жемісі – көп жапырақша,

қауашақ тәрізді. Тұқымы – өте көп, ұсақ, жеңіл болғандықтан жел, су, ұсақ жәндіктер мен құмырсқалар арқылы таралады [3].

Жасаңшөп тұқымдасының ішінде дәрілік (алтын тамыр, каланхое, т.б.) және әсемдік (эхеверия, бозкілем, түбіртек, т.б.) үшін гүлзарларда, саябақтарда өсірілетін түрлеріде бар. Тұқымдас атауы латынның crassus – жуан деген сөзінен шыққан. Өсімдіктердің эволюциялық жүйесінде Crassulaceae тұқымдас монофилеттік тектегі Saxifragales әулетіне кіреді және жақын туыстығы ықтимал Penthoraceae тұқымдастарына өте жақын болып келеді. Ол соңғысынан анизоцитті сағалық аппараты бар етті жапырақтарының болуымен, карпелдің ішкі жағында кішкене өсінділердің болуымен және қарапайым перфорациялы тамырларының болуымен ерекшеленеді.

Жасаңшөп тұқымдасына 7 туыс жатады (сурет 1) [4]:

*Сурет 1. Жасаңшөп тұқымдасының туыстық спектрі.*

Тұқымдастың туыстың спектрін график түрінде көрсетуге болады (сурет 2):

*Сурет 1. Түр санының графиктік бейнесі.*

Осы спектрден көріп отырғанымыздай Қазақстандағы жасаңшөптер (Crassulaceae DC) тұқымдасы түр құрамының басым бөлігін Семізот – *Rhodiola* мен Бозкілем – *Sedum* туыстары құрайды. Тұқымдастың түр байлығының 64,5% -н осы екі туыс иеленеді. Әдетте, флоралардың таксономиялық талдауы кезінде ерекше көзге түсетін таксондарды атап өтеді. Ондай түрлерді – дифференциалдық таксондар деп те атайды. Дифференциалды таксондар қатарына эндемиктерді, реликттерді, сирек түрлерді, маңызды ресурстық түрлерді жатқызады. Бұл ретте осындай дифференциялдық таксондарға Қазақстанның Қызыл кітабына енген Қызғылт Семізот (*Rhodiola rosea*) пен Қаратау жалған бозкілемін (*Pseudosedum karatavicum*) жатқызуға болады [5].

Зерттеу жұмысының нысаны ретінде қатыстырылған 2 курс студенттерінің арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамада төмендегідей сұрақтар қойылды:

1. Ботаника ғылымының салаларымен таныссыз ба? Өткен курстарда немесе академиялық кезеңдерде оқыдыңыз ба?
2. Жасаңшөп тұқымдасы жайлы хабардарсыз ба?
3. Егер де 2-ші сұраққа «иә, хабардармын» жауабын белгілесеңіз, қандай дереккөздерден кездестірдіңіз?
4. Жасаңшөптер тұқымдасының қай өкілдерімен таныссыз? (көп нұсқалы сұрақ)
5. Сіздің ойыңызша, бұл тұқымдас жайлы қаншалықты хабардарсыз? Жауабыңызды пайыздық мөлшерде көрсетіңіз.

Жоғарыдағы сұрақтарға алынған жауаптар мынадай болды:

1. «Иә, оқыдым» нұсқасын таңдағандар – 100%.

2. «Иә, хабардармын» нұсқасын таңдағандар – 29%; «жоқ, білмеймін» – 59,6%; «жауап беруге қиналамын» – 11,4%-ды құрады.

3. «Оқу құралдарынан» – 17,7%.

«Оқытушылардан» – 29%

«Әлеуметтік желілердегі бейнероликтерден» – 19,5%.

«Оранжерея, гүл дүкенінен» – 33,8%.

4. Алтын тамыр – 64,5%.

Эхеверия – 1,65%.

Бозкілем – 20,9%.

Түбіртек – 1,6%.

Таумасақ – 1,6%.

Семізот – 9,75%.

Тиллея – 0%.

*Қорытынды.* Алынған нәтижелерге сүйене отырып, мынадай қорытынды жасалды. Жалпы Crassulaceae тұқымдасының ішінде түр құрамының басым бөлігін Семізот және Бозкілем өсімдіктері алады. Студенттердің 29%-ы, сандық көрсеткішпен алғанда 62 студенттің 18-і тұқымдаспен таныс және салыстырмалы түрде ең көп таңдалған нұсқа – алтын тамыр өсімдігі екендігі сауалнама барысында анықталды. Одан арғы ізденістер оқыту тәжірибесінде жоғарыда мәлімделген шарттарды іске асыруға ықпал ететін практикалық әзірлемелерді дайындауға арналатын болады.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Арыстанғалиев С.А., Рамазанов. Қазақстан өсімдіктері. Ғылыми және халық атаулары. – Алматы: Ғылым, 1997. – Б. 97-101.

2 Головкин Б.Н., Китаева Л.А., Немченко Э.П. Декоративные растения СССР. – М.: Мысль, 1986. – С. 139-142.

3 Базарғалиева Ә.А., Аралбаев Н.К. Қобда өзені аңғарының табиғи флорасын талдау. – Ақтөбе: Принт, 2005. – Б.150-155.

4 Аралбай Н.К. Зайсан ойпатының флорасы – «Ұлағат» баспасы Абай ат. ҚазҰПУ. – Алматы. – Б. 321-324.

5 Голоскоков В.П. Флора Джунгарского Алатау. – Алматы, 1984. – Б. 102.

**ҒТАМР 14.25.09**

# ҚАЗАҚСТАНДА ӨСЕТІН РОЗАГҮЛДІЛЕР ТҰҚЫМДАСЫНА ЖАТАТЫН ӨСІМДІКТЕРГЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ

**А.А. Майкупова**
*Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*
**Б.Ж. Кабылбекова**
*Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*

Мақалада мектептегі биология сабағында білімді игеру мен оқушының тақырыпқа қызығушылығы тығыз байланысты екені анықталды. Жалпы тақырыпқа деген қызығушылық өте маңызды. Осы орайда білім мен ынтаның төмен деңгейінің себептерін анықтау өзекті мәселе болып отыр. Бірақ қазіргі кезде оқушылардың өсімдіктерге қызығушылығы жоқ екені байқалады. Сәйкесінше, оқушыларды қызықтыра алатын өсімдік ретінде рауншагүлділер тұқымдасы алынған болатын.Қазақстанда өсетін жабайы жеміс дақылдарын биология сабағында зерттеу обьектісі ретінде пайдалану оқуға қызығушылықты арттырады. Оның ішінде раушангүлділер тұқымдасы таңдалды. Себебі, осы өсімдіктер Қазақстанда кең тараған және қолжетімді болып табылады. Бұл мақалада оқушылардың раушангүлділер тұқымдасына қызығушылық деңгейі анықталады. Ол үшін оқушылардан сауалнама алынған болатын. Қызығушылық пен білім деңгейін анықтауға бағытталған зерттеу нәтижесінде 41% оқушының қызығушылығы жоғары деңгейде екені анықталды. Дегенмен білім деңгейі төмен көрсеткішті көрсетті. Сол себепті қызығушылық пен білім деңгейін жоғарлату керек деп тұжырымдалды.

***Түйін сөздер:*** мектеп, биология, тақырып, қызығушылық, раушагүлділер.

Заманауи білім беру саласында оқушылардың тақырыпқа қызығушылық танытуы білімді игеруіне тікелей әсер етеді. Бұл туралы биологиялық білімнің анализі бойынша құрылған статистикада айтылады [1]. Статистикада жануарлар мен адамдарға қарағанда оқушылардың өсімдіктерге деген қызығушылығы өте төмен деңгейі көрсетілген. Себебі оқушылар өсімдіктерді жануарлардан төмен тұратын тіршілік иелері, қауіпке төтеп бере алмайтын тіршілік иелері ретінде қабылдайды, тіпті кей оқушылар өсімдіктерді елемейді [2]. Сондықтан биологиялық білім беру саласындағы зерттеушілер

оқушылардың қызығушылығын арттыруға септігін тигізетін тақырыптарды қарастыруға көңіл бөлуде [1]. Тиісінше оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін раушангүлділер тұқымдасын таңдауға болады. Себебі раушангүлділер тұқымдасының ішінде көптеген қызықты өсімдіктер, қолжетімді обьектілер бар. Яғни менің оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып білімдерін тереңдетуге бағытталған әрекеттерімнің перспективалылығына кепілдік береді.

Алайда тағы бір ескеру керек жайт, 2012 жылы жүргізілген Руенвонгстың өсімдіктерді оқытуды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейіне ықпал ету туралы зерттеуінде өсімдіктердің селекциялық маңызы зор организмдер жағынан ұсынылуы [3]. Нәтижесінде оқушылардың өсімдіктерге деген қызығушылығы артуы. Басқа зерттеуде студенттер (10-18 жас) өздеріне таныс өсімдіктердің ата-тегіндегі өсімдіктерді, жергілікті жерде көп кездесетін өсімдіктерді қызықтырақ деп бағалауы [4]. Яғни тақырып бойынша кез келген өсімдікті таңдауға да болмайды. Сол себепті Қазақстандағы жабайы жеміс дақылдарының ішіндегі раушангүлділер тұқымдасының өкілдеріне таңдауым түсіп тұр. Өйткені бұл өсімдіктер талапқа сай қолдетімді, қазіргі кездегі кең тараған өсімдіктердің ата-тегіне жататын өкілдері бар, оқушыларға жалпы таныс болып келеді. Биология сабағында бұл өсімдіктерді қолдану оңай болады, себебі раушангүлділерге алма, алмұрт және т.б. өсімдіктер жатады. Мектеп оқушыларынан сұрасаңыз алма көптеген оқушылардың сүйікті жемісі болып табылады. Осы ебептен оқушылар раушангүлділер тұқымдасының осы өкілдеріне баса назар аударып, қызығушылықтары артады. Бұл өте маңызды. Жалпы қызығушылықты дамытудың төрт этаптық моделіне сәйкес ситуациялық қызығушылықты тудырып және сақтауға болады. Бұған көбіне, тақырыптың ньюанстары (мысалы жаңалық, өзектілік) жауап береді. Себебі 2012 жылғы Ч. Свараттың зерттеуінде оқушылардың назарын зерттеу статистикасы бойынша қызығушылық тудыратын тақырыптарға қоршаған ортамен байланысты, гуманитарлық маңызы зор обьектілер, әр түрлі тірі обьектілерді зерттеу жатады [5, 6]. Сол себепті биология сабақтарында ғылыми заңдылықтарды шынайы өмірмен, қоршаған ортамен сабақтастыра отырып оқыту және олардың табиғаттағы рөлін айқындауға бағытталған тәсілдер жиі қолданылады. Сонымен қатар, қоршаған ортамен жұмыс ғылыми тұжырымдамаларды қызықты етуге көмектеседі. Себебі критерийлер бойынша қызығушылық тудыратын обьектілерге оқушыларға таныс өсімдіктер жатады.

Алайда мектеп биологиясы саласында ботаника пәнін оқытудың жағдайы шарықтап тұрған жоқ. Трантер (2004) айтуы бойынша мектепте зерттеу обьектісі ретінде алынатын өсімдіктер герань, картоппен ғана шектеліп қалады және осылайша оқушылардың биологияны түсінуі азайғанын байқалады [8]. Тірі үлгілердің аздығына сонымен қатар, биология оқулықтарындағы тәжірибелік өсімдік материалы үнемі «салыстырмалы түрде шектеулі сандағы герань, ламинариялар, бұршақ тұқымдары, қызанақтан аяқталады» [9]. Сонымен қатар, басқа зерттеулер (мысалы, Kinchin, 1999; Wandersee, 1986 [10]) көптеген биология мұғалімдерінің өсімдіктермен және өсімдіктер туралы білім

алуды педагогикалық міндет ретінде қарастырмайтынын көрсетті. Бұл зерттеулердің нәтижесінде балалардың көпшілігі жануарларды зерттеуді қалайтыны анықталған. Вандерс 7, 8 және 9-сыныптардағы 136 АҚШ мемлекеттік мектебінің оқушыларын зерттеп, оқушылар шынымен өсімдіктерді емес, жануарларды зерттегенді ұнатады деген қорытындыға келді [11]. Демек оқу үдерісі кезінде қызығушылық – зейінге, мақсат қоюға, түсінуге, мотивацияға және оқуға оң әсер етеді. Бұл теория шетелдік ғалымдар Реннигер мен Хайдидің 2016 жылғы зерттеулеріне негізделген [12]. Реннигер мен Хайдидің айтуы бойынша оқушылардың сабақта оқылатын пәнге қызығушылық танытуы өте пайдалы болып табылады. Соңғы уақытта негізгі және жалпы білім беруде оқушылардың ғылыми-зерттеу және жобалық қызметіне көбірек көңіл бөлінуде. Бұл бағыттардағы мұғалімдердің әдістемелік жұмысы қазіргі таңда біршама өзгерістерге ұшырап, дәстүрлі тәсілдерден алшақтап, жетілдірілуде. Оқушылар үшін ең қызықтысы – табиғаттағы жануарларды өз бетінше бақылауға және белгілі бір аумақтың өсімдіктерінің жағдайын талдауға байланысты жұмыстар. Демек, биологиялық пәндер бойынша оқушылардың жобаларын өлкетану материалы негізінде құруға болады.

Оқушыларға жақсы таныс өсімдіктерді анықтау үшін Қазақстандағы ботаника және фотоиндкуция институтының жүргізген зерттеулеріне сүйенсек, осы уақытқа дейін жабайы жеміс дақылдарының 548 түрінің 3000-ға жуық тұқымы жиналған. Осындай жабайы жемістердің бір өкілі А.Д. Джангалиев зерттеуінің нәтижесінде маңызды генқоры ретінде классификацияланған сиверса алмасы болып келеді [7]. Қазақстан халықаралық ережелерге сәйкес патенттелген 43 клондық Сиверса ағашының сортына зияткерлік меншік ретінде авторлық құқыққа ие. Яғни розагүлділердің осы өкілін отандық табиғаттан шыққан көрнекілік ретінде білім беру процесінде кеңнен пайлдаланылуына болады. Себебі алмаларды ген қорының бұзылуын, жойылудан сақтау керек. Демек алмаларға көңіл бөліп, көпшіліктің назарын аударудың маңызы көп. Осы мәселеге назар аударуды оқушылардан бастаған дұрыс. Бұл сонымен қатар оқытуда өлкетану принципін реализациялайды. Яғни жабайы жеміс дақылдары, соның ішінде сиверса алмасымен оқу үрдісінде танысу оқушылардың қоршаған орта туралы көзқарастарын кеңейтеді.

Тақырыпқа қатысты теориялар мен заңдылықтарды тұжырымдайтын болсақ айтылған зерттеулерде өлкетану маңызы мен табиғи обьектілердің биологияны оқытуда тиімділігі дәлелденген. Яғни Қазақстанның жабайы жеміс дақылдарын оқыту үрдісінде пайдалану отандық мұғалімдер үшін балалардың танымдық іс әрекетін дамтып қана қоймай, сиверса алмасының мәселесіне көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Алайда зерттеу барысында бірама қайшылықтар да байқалған болатын:

– мысалға өсімдіктер арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырудың әдістемемен ұштаспауы;

– биологияны оқытудың практикалық жағынан дамуына қажетті материалдық базаның жетіспеуі;

– розагүлділер тұқымдасын биология сабағында пайдалануға қазіргі мектептердің мүмкіншілік бере алмауы;

Осы проблемаларды саралай келе мәселенің өзекті екеніне көз жеткізуге болады. Сонымен, менің ойымша, қазіргі уақытта өсімдіктер мен жануарлардың жергілікті түрлерін пайдалану мүмкіндігі оқушыларды дайындауды мазмұнды және заман талабына сай етеді. Жоғарыда айтылған тұжырымдамаларға сәйкес биология сабағында отандық өсімдіктердің ішінде розагүлділер тұқымдасының түрлерін мысалға алған дұрыс.

Бірақ зерттеу барысында тағы бір мәселе туындады. Яғни қай өсімдіктердің оқушыларды ынталандыра алатынын анықтау болды. Себебі қоған талаптарыма сай, қолжетімді, оқушыларға таныс өсімдіктерді анықтау өте маңызды болды. Ол үшін отандық ғалымдардың, селекционерлердің ақпараттарын анализдеп, статистика жасадым. Соңында раушангүлділер тұқымдасының өкілдері жақсы зерттеу обьектісі болатынына көз жеткіздім.

Бұл тұжырымдаманың дұрыстығына көз жеткізу үшін мектеп оқушыларын анықтамалық эксперимент жүргізілді. Бұл зерттеудің мақсаты Қазақстандағы розагүлділер тұқымдасының өкілдерін биология сабағында зерттеу обьектісі ретінде алудың перспективасын бағалау.

*Зерттеу әдістері:* зерттелетін мәселе бойынша психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау, мектеп оқушыларымен жұмыс жасаудың озық педагогикалық тәжірибесін қарастыру , нормативтік құжаттар мен білім беру бағдарламасындағы құжаттаманы талдау; Қазақстандағы раушангүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктерінің түрлік құрамына зерттеу жүргізіліп, олардың биоэкологиялық сипаттамалары талданды. Дайындалған сұрақтар бойынша мектеп оқушыларына сауалнама жүргізілді.

Анықтаушы эксперимент барысында оқушылардан сауалнама алынған болатын. Сауалнаманың мақсаты оқушылардың розагүлділер тұқымдасы туралы білім деңгейлерін анықтап, қызығушылық деңгейін анықтау. Сауалнама сұрақтары 7-11 сынып оқушыларынан алынған болатын. Барлығы 39 оқушы жауап берген. Респонденттердің 21 қыз, 18 ұл бала болды.

*Кесте 1. Сауалнаманың сұрақтары.*

| | |
|---|---|
| | Аты-жөні:<br>Класс: |
| 1 | Розагүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктерді таңдаңыз?<br>– Қызыл алма, алмұрт<br>– Қатты бидай, егіндік сұлы<br>– Картоп, баклажан |
| 2 | Қазақстанда розагүлділер тұқымдасының неше түрі өседі?<br>– 35<br>– 40<br>– 50 |

| | |
|---|---|
| 3 | Биология сабағында қандай тірі обьектілерді оқыганды ұнатасыз? |
| 4 | Өзіңіз білетін Қазақстандағы жабайы жеміс дақылдарының түрлерін белгілеңіз<br>– Сиверса алмасы<br>– Сексеуіл<br>– Далалық шие |
| 5 | Жабайы алмаларға қызығушылық танытасыз ба?<br>– Ия<br>– Жоқ<br>– Кейде |
| 6 | Раушангүлділер туралы көбірек ақпарат алғыңыз келеді ме?<br>– Ия<br>– Жоқ<br>– Қызық емес |
| 7 | Отанымыздағы алма ағаштары санының қысқаруына не себеп болады деп ойлайсыз?<br>– Экологияның ластануы<br>– Заңсыз ормандарды кесу<br>– Қазақстанның климатының қолайсыздығы |

*Диаграмма 1. Сауалнама нәтижесі.*




Яғни диаграммада көрсетілген нәтижелерді талдайтын болсақ білім деңгейін анықтауға арналған 1, 2, 4, 7 сұрақтарға оқушылардың 57% дұрыс жауап берген. Ал қызығушылық деңгейін білдіретін 5, 6 сұраққа 41% оқушы оң дауыс берген, яғни бұл дегеніміз оқушылардың қызығушылығының жоғары деңгейін көрсетеді. Оқушылардың білім деңгейін анықтауға бағытталған сұрақтарға назар аударатын болсақ бұл сұрақтар қарапайым оқу программасында оқуға тиісті тақырыптар аясында құрастырылды. Жалпы білім беретін мектептерде талқылануға тиісті тақырыптарға жауап беру оқушыларға қиындық тудырды. 3 сұраққа оқушылардың берген жауаптарын саралайтын болсақ көбіне жануарларды, өздеріне таныс өсімдіктерді оқыганды ұнатанын

байқауға болады. Демек оқушылардың раушангүлділермен қоса басқа да өсімдіктерге деген қызығушылығы төмен, сол себептен алған білімдері тиісті деңгейден әлдеқайда төмен болуына көз жеткіземіз. Бұл құбылыстың себебі оқушылардың ынтасының болмауы, яғни қызығушылық білімді меңгеру деңгейіне тікелей әсер етеді. Қазіргі таңда тек қарапайым немесе оқушыларға мүлде таныссыз, қолжетімсіз, практикада пайдалануға жарамсыз өсімдіктер ботаника, биология және басқа да биология салаларын оқытуда пайдаланады. Мақалада қолданылған зерттеулерді талдау барысында тек өсімдіктерге қызығушылықты арттыру маңызы айтылған. Яғни мұғалімдерге арналған практикалық материалдар нақты талаптарға сай өсімдітерден емес, қарапайым қызықсыз өсімдіктерден тұрады. Осы себептен алдағы уақытта оқушылардың білім деңгейін, ынтасын ескере отырып оқулықтар мен әдістемелік құралдарға көңіл бөлген жөн.

Бұл мақалада алдыма бірнеше міндеттер қойған болатынмын. Ең бірінші биологияда оушылардың тақырыпты жақсы меңгеруіне септігін тигізетін факторларды анықтау, отандық және шетелдік ғалымдардың, әдіскерлердің жұмыстарына сүйене отырып биологияны оқытудың қыр-сырларын айқындау болатын. Нәтижесінде оқушылардың басты назары тақырыптың өзектілігіне, олардың қолмен ұстап көре алатын қолжетімді обьектілерді оқуға ынтасының мол болуына, өсімдіктердің тек кейбір түрлерін ғана шынымен қызықты деп табатынына көз жеткіздім.

Жалпы биологияны оқытуда мұғалімдердің қолданатын әдіс-тәсілдерін қарастыратын болсақ көптеген өсімдіктер тиісті назарға іліге алмайтынын байқадым. Бірақ нақты бір тұқымдасты зерттеу, жан-жақты қарастыру тиімді болады. Яғни ботаника, агротехнология, биология,генетика,селекция секілді өнеркәсіп, салаларда нақты қолданылатын осы раушангүлділер тұқымдасы болды. Қажетті ықтималдылығы жоғары өсімдіктерді анықтағаннан кейін бұл өсімдіктерді оқушылардың ынтасын жоғарылату мақсатында қолдану мәселесі туындайды. Яғни материалдық базаның аз болуы, әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі кері әсер етті. Дегенмен тақырыпқа қатысты екі аспектіні қамтитын 7 сұрақтан тұратын сауалнама алған болатынмын. Зерттеу нәтижелерін талқылайтын болсақ оқушылардың білім деңгейі де, қызығушылық деңгейі де төмен коэфицентті көрсетті. Яғни менің зерттеуімнің өзектілігі дәлелденді. Алдағы уақытта оқушылардың қызығушылығын арттыру амалдарын қарастыратын боламын. Алайда бұл көрсеткіштерді жоғарлату үшін методикалық құралдардың тапшылығы қиындық тудырады.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Baram-Tsabari A., Yarden A. (2005). Characterizing students’ spontaneous interest in science and technology. International Journal of Science Education, 27(7). – p. 803-826.

2 Nantawanit N., Panijpan B., Ruenwongsa P. (2012). Promoting students’ conceptual understanding of plant defense responses using the fighting plant learning

unit (FPLU). International Journal of Science and Mathematics Education, 10(4). – p. 827-864.

3 Nantawanit N., Panijpan B., Ruenwongsa, P. (2012). Promoting students' conceptual understanding of plant defense responses using the fighting plant learning unit (FPLU).International Journal of Science and Mathematics Education, 10(4). – p. 827-864.

4 Pany P. (2014). Students' interest in useful plants: A potential key to counteract plant blindness.Plant Science Bulletin, 60(1). – p. 18-27.

5 Swarat S. (2008). What makes a topic interesting? A conceptual and methodological exploration of the underlying dimensions of topic interest. Electronic Journal of Science Education, 12(2).

6 Swarat S., Ortony A., Revelle W. (2012). Activity matters: Understanding student interest in school science. Journal of Research in Science Teaching, 49(4). – p. 515-537.

7 Tranter J. (2004). Biology: dull, lifeless and boring? Journal of Biological Education, 38(3). – p. 104-105.

8 Collins N., Price R. (1996). Plants. In M. Reiss (Ed.), Living biology. – London: Institute of Biology. – p. 29-45.

9 Kinchin I. (1999). Investigating secondary-school girls' preferences for animals or plants: A simple «head to head» comparison using two unfamiliar organisms. Journal of Biological Education, *33*(2). – p. 95-99.

10 Wandersee J. (1986). Plants or animals? Which do junior high school students prefer to study? Journal of Research in Science Teaching, 23(5). – p. 415-426.

11 Renninger K.A., Hidi S. (2016). The power of interest for motivation and learning. Routledge. Schneekloth, L. (1998). «Where did you go?» «The forest». «What did you see?» «Nothing». Children's Environments Quarterly. – p. 14-17.

12 Джангалиев А.Д. Уникальное и глобальное значение яблоневых лесов Казахстана. Доклады НАН РК. №5. – С.41-47.

**ҒТАМР 14.23.05**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ

**Д.С. Бекмұрза**
*№ 95 «Алматы» балабақшасының тәрбиешісі, Астана қ.*

Мақалада қазіргі қоғамдағы тұлғаның тұтас дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде мектеп жасына дейінгі балалардың экономикалық тәрбиесінің өзектілігі негізделген. Мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының экономикалық дамуының теориялық контексті қарастырылып отырған мәселенің маңыздылығын көрсетеді. Ерте жастан бастап балалар тауар-ақша қатынастарына қатысады, практикалық қажеттілігіне байланысты қажетті экономикалық білімді өздігінен игереді.

***Түйін сөздер:*** мектепке дейінгі білім беру, мектепке дейінгі жас, инновациялық бағдарламалар.

Мектепке дейінгі білім беру трансформациясы әлемдік даму үрдісін көрсетеді. Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбие білім беруді басқару құрылымдарына бағынышты болып табылады: бұл іс жүзінде мектеп жасына дейінгі баланың тәрбие, оқыту және дамуды қажет ететіндігін көрсетеді. Осылайша, мектепке дейінгі білім беру «білім туралы» заңмен анықталғандай, жалпы білім беру жүйесінің бастапқы, ажырамас және толық деңгейіне айналады.

В.Т. Кудрявцевтің пікірінше, қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беруде қалыптасқан ережені ақылға қонымды стратегиялар мен мектепке дейінгі білім беруді дамыту доктринасының болмауына байланысты әлеуметтік, ұйымдастырушылық, экономикалық-қаржылық, психологиялық-педагогикалық және басқа да басымдықтардың айқын, қатаң белгіленген жүйесі ретінде орташа дәрежеде деп атауға болады. Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартын әзірлеуге байланысты ұзақ мерзімді адасу бұл мәселенің маңыздылығын көрсетеді [1].

Нәтижесінде МДҰ дәстүрлі әкімшілік рухта сақталған «үлгілі талаптарға» назар аударуға мәжбүр. Ғалымның пікірінше, мектепке дейінгі білім беру қызметкерлерінің бюджеттік қаржыландыруды ұлғайту, олардың қызметін қосымша қаржыландырумен бірқатар тәжірибелік алаңдар ашу (жыл сайын бұл

қиындай түсуде), тәжірибе алмасу бойынша кеңестер өткізу және т.б. бойынша қабылдаған іс-әрекеттері тиімсіз.

Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық процесті дамытуда бірқатар проблемалар бар, атап айтқанда:

– инновациялық бағдарламаларды бұрыннан бар бағдарламалармен біріктіру;

– әртүрлі педагогикалық тұжырымдамалар өкілдерінің қатар өмір сүруі;

– педагогикалық қоғамдастықтың бөлінуі;

– білім беру мекемелерінің жаңа түрлерінің ата-аналардың талаптарына сәйкес келмеуі;

– жаңа ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету қажеттілігі;

– жаңа педагогикалық кадрларға қажеттілік;

– инновацияларды нақты жағдайларға бейімдеу;

– инновацияларды өзгерту, оңтайландыру, ауыстыру мәселесі;

– инновацияны көбейту және оған ықпал ететін жағдайларды қалыптастыру мәселесі.

МДҰ инновациялық жүйелердің бірі – экономикалық тәрбиелеу жүйесі. Отбасы – бұл баланың экономикалық тұжырымдамалар мен қатынастармен, қажеттіліктермен және оларды қанағаттандыру тәсілдерімен танысатын алғашқы әлеуметтік орта, сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың экономикалық мәдениетінің деңгейі көбінесе баламен бірге тұратын ата-аналар мен туыстарға байланысты. Алайда, ата-аналардың көпшілігі балаларды экономикалық тәрбиелеу қажеттілігін түсінбейді. Жас отбасылар әлі де бюджетті бөлуді үйренеді, ауқатты отбасылар жоғары шығындарға назар аудармайды, көптеген отбасылар балалардың экономикалық білімінің маңыздылығын түсінбейді және/немесе оны қалай дұрыс жүзеге асыру керектігі туралы білімі жоқ. Мектепке дейінгі ұйымның алдында, ең алдымен, балаларды экономикалық тәрбиелеудің мазмұндық-әдістемелік мәселелерінде көмек көрсетуге бағытталған ата-аналармен ынтымақтастықты ұйымдастыру міндеті тұр. Айта кету керек, отбасындағы баланың экономикалық тәрбиесі тұрмыстық қызмет түрінде жүзеге асырылады. Ол үнемдеу туралы алғашқы қарапайым идеяларды алады және сұрақ қоя бастайды: неге суды қосуға болмайды, неге біз отырмайтын бөлмеде шамдарды өшіру керек. Мұндай сұрақтарға дұрыс жауап беруден басқа, ересектердің өздері үнемдеу ережелерін сақтауы маңызды. Экономикалық тәрбие отбасында басталуы керек, өйткені дәл осы жерде бала балабақшада тереңдеп, нақтыланып, жалпыланған алғашқы тәжірибені алады [2]. Мектепке дейінгі жастағы жетекші ойын әрекеті болғандықтан, балалар жинаған тұрмыстық тәжірибе, олардың экономикалық идеялары ойынға ауысады, бұл жеке тұлғаның экономикалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді: үнемділік, практикалық, селективтілік, ұқыптылық, кәсіпкерлік, экономика, еңбекқорлық, ересектердің еңбек нәтижелеріне құрметпен қарау және т.б.

Отбасындағы балаларды экономикалық тәрбиелеу мәселелері ерекше назар аударуға лайық. Егер біз отбасында қабылданған экономикалық қатынастар туралы айтатын болсақ, онда олар көбінесе ата-аналардың жұмысы,

ата-аналардың материалдық және қаржылық қажеттіліктері, отбасылық дәстүрлер мен құндылықтар, отбасындағы моральдық қатынастар сияқты факторлармен анықталады. Баланың үйдегі міндеттерін анықтау, оны ерте жастан бастап отбасының белсенді өміріне қосу, «иесінің сезімін» дамыту, олардың заттарын, олардың қауіпсіздігі мен жағдайын бақылауды үйрету, оларды пайдалану жауапкершілігін тәрбиелеу өте маңызды. Отбасында балаларды ақшамен еңбек өлшемі ретінде алғашқы таныстыру, ақылға қонымды қажеттіліктерді тәрбиелеу бар. Өзінің нақты қажеттіліктерін білетін, бағаны білетін және ақшаны білетін бала оның маңыздылығын және кейінірек не қалдыруға болатындығын саналы түрде біле алады. Балаларды ерте экономикалық тәрбиелеу мәселесін Е.А. Курак, А.А. Смоленцева, И.Ю. Орлова, И.А. Сасова, А.Д. Шатова және т.б. зерттеді. Өз зерттеулерінде олар қазіргі жағдайдағы мектеп жасына дейінгі балаларды экономикалық тәрбиелеудің маңыздылығын көрсетті, балалардың экономикалық тәрбиесінің мазмұнын анықтау міндеттерін, принциптерін тұжырымдады және оны жүзеге асыру жолдарын белгіледі [3, 4, 5, 6]. Алайда, орыс педагогикасындағы мектеп жасына дейінгі балаларды экономикалық тәрбиелеу жаңа бағыт болып табылатындығын, толығымен қалыптаспағанын, сондықтан теориялық және практикалық тұрғыдан түсінуді қажет ететінін атап өткен жөн.

Көптеген ғалымдар мектеп жасына дейінгі балалардың экономикалық тәрбиесі арқылы балалардың мүдделерін қанағаттандыру және олардың мүмкіндіктерін іске асыру үшін қарапайым экономикалық білімді қалыптастыруға бағытталған педагогикалық іс-әрекеттің арнайы жасалған жүйесін түсінеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды экономикалық тәрбиелеу келесі міндеттерді шешуге бағытталған [6]:

1) қаржы-экономикалық санаттардың негіздері туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;

2) балаларды ақшаға дұрыс қарауға, ақылға қонымды пайдалануға, оларды табу тәсілдеріне үйрету;

3) адам еңбегінің нәтижесі мен өнімі, оның құны, құндылығы ретінде тауар туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру;

4) өз қажеттіліктерін ақылға қонымды шектерде ұғына білу қабілетін дамыту, басты және екінші кезектегі міндеттерді бөле білу;

5) тұлғаның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу: үнемділік, үнемділік, жомарттық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, адалдық және т.б.

6) экономикалық ортаның негізгі өнімі ретінде ересектердің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. Бірқатар ішінара білім беру бағдарламаларында: А.Д.Шатованың «Мектеп жасына дейінгі бала және экономика» [6], А.Ю.Селезневаның «Балаларға арналған Экономика» [7], А.А. Смоленцеваның «Экономика әлеміне кіріспе немесе біз экономиканы қалай ойнаймыз» [5], И.А.Сасованың «Отбасындағы балалардың экономикалық тәрбиесі» [4] және т.б. мектеп жасына дейінгі балаларға ұсынылатын экономикалық білімнің шамамен мазмұны ұсынылған, оны жүзеге асырудың негізгі жолдары

анықталған. Сонымен, осы бағдарламалардың мазмұнына қысқаша шолу келесі тұжырымдарға қол жеткізуге мүмкіндік берді:

1) мектеп жасына дейінгі балаларды экономикалық тәрбиелеу бойынша білім беру жұмысы негізінен үлкен мектепке дейінгі жаста енгізіледі және қарапайым математикалық түсініктерді дамыту жөніндегі жұмыспен біріктіріледі;

2) бағдарлама авторлары, ең алдымен, балаларды ересектердің еңбегімен адам қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы, бағалар мен ақша, тауарлар мен қызметтерді жарнамалау және т.б. ретінде таныстыруды ұсынады.

3) негізгі рөл дамып келе жатқан пәндік-кеңістіктік ортаны байытуға, экономикалық қатынастарды модельдейтін ойыншықтар мен атрибуттарды, экономикалық;

4) экономикалық білім негіздерін игеру балалар іс-әрекетінің барлық түрлері арқылы жүзеге асырылады: ойын, еңбек, Бейнелеу Қызметі, Әлеуметтік әлеммен танысу және т.б., бірақ басты рөл ойынға, дәлірек айтқанда, балалар ойындарының әр түрлі түрлеріне беріледі;

5) ата-аналардың балаларды Отбасы экономикасымен таныстыруда дұрыс педагогикалық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған балабақша педагогтарының тәрбиеленушілердің отбасыларымен бірлескен жұмысын ұйымдастыру қажеттілігі атап өтілді [8].

Жұмыста білім беру процесін ұйымдастырудың барлық түрлерін қолдану мұғалімге экономикалық тәрбие процесін қызықты, шығармашылық, мектеп жасына дейінгі балалар үшін қол жетімді етуге көмектеседі. Біздің ойымызша, мектеп жасына дейінгі балаларға экономикалық білім беруді ұйымдастырудың негізгі формаларының бірі-бұл көбінесе математиканы, сөйлеуді дамытуды және қоршаған әлемді біріктіретін, интеграцияланған сабақ деп аталатын сабақ. Сабақтар балаларды негізгі экономикалық санаттармен таныстырады, экономикалық тұрғыдан тиімді мінез-құлықпен таныстырады.

Логикалық және арифметикалық есептерді шешу барысында балалардың экономикалық білім алуға деген қызығушылығы артады, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс байқалады. Сабақтардан басқа балалармен экономикалық мазмұны бар ойындар (сюжеттік-рөлдік, дидактикалық, театрландырылған), көркем әдебиетті оқу («Үш кішкентай торай», «Етіктегі мысық» және т.б.), әдеби шығармаларда да, нақты өмірде де туындайтын проблемалық жағдайларды шешу, экономикалық жағдайларды модельдеу, викториналар, конкурстар және т.б. Сонымен, проблемалық-ойын жағдайларын шешу балаларды практикалық мәселелерді шешуге, қоршаған шындықты бағдарлауға үйретеді, осылайша экономикалық сауатты мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етеді [5].

Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жетекші қызметі бола отырып, баланы тауарлық-ақша қатынастары әлемімен таныстыруға, күрделі экономикалық категорияларды ойын-сауық түрінде игеруге және жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, тәуелсіз және шығармашылық ойын экономиканы балаға қол жетімді етеді. «Жарнамалық ойындар» қызықты,

онда балаларға әртүрлі ойыншықтар мен заттарды жарнамалау ұсынылады, олардың функционалдығы мен тартымдылығын баса көрсетеді. Ертегінің педагогикалық құндылығы мектеп жасына дейінгі баланың танымдық дамуының тиімді құралы ретінде балаларда білімді, оның ішінде экономикалық бағытты, қол жетімді және ойын-сауық түрінде қалыптастыру мүмкіндігі болып табылады. Балалар ертегілерді, дәстүрлі халықтық, авторлық және мұғалім алдын-ала белгіленген мақсатта ойлап тапқанды ұнатады. Айтпақшы, кез келген таныс ертегіні өзгертуге, экономикалық жағдайларды енгізуге болады: сатып алу-сату, жалақы, ақшалай несие, бөліп төлеу және т.б. Ойын-сауық, экономикалық ертегілерді драматизациялау, демалыс кештері, конкурстар, Мерекелер, викториналар, әдетте, жалпылама сипатқа ие және білімді шоғырландыру және жүйелеу, экономикалық ойлауды дамыту үшін қолданылады.

Зерттелген әдебиеттерді талдау негізінде зерттеу жүргізілді, оған мектеп жасына дейінгі балалар қатысты. Анықтау кезеңінде алынған нәтижелер балалардың қоғамдық өмірдің экономикалық саласына қызығушылық танытпайтынын, ақшаның, ересектердің еңбегінің маңыздылығын нашар көрсететінін, ақша мен ересектердің жұмысы арасындағы байланыс туралы дұрыс емес түсініктерге ие екенін көрсетті. Жалпы, балалардың осы мәселеге деген қызығушылығының жоқтығын, диагностикалық тапсырмаларды орындаудағы енжарлық пен тәуелсіздікті атап өткен жөн. Эксперименттің бірінші кезеңінің нәтижелері екінші кезеңге өтуге негіз болды – мектепке дейінгі ұйым жағдайында үлкен мектеп жасына дейінгі балаларға экономикалық білім беру бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеуді және тәжірибелік сынақтан өткізуді көздейтін қалыптастырушы. Осы кешенді іске асыру мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

– балалардың экономикалық сауаттылығының негіздерін қалыптастыру;

– ересектердің кәсіби қызметіне, олардың еңбегіне деген қызығушылықты дамыту;

– зат пен заттарға ұқыпты қарауға, заттардың құндылығын түсінуге, ересектер мен құрдастардың еңбек нәтижелерін құрметтеуге тәрбиелеу;

– экономикалық тәрбиені балалардың күнделікті іс-әрекетінің әртүрлі түрлеріне қосу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды экономикалық тәрбиелеу мен білім берудің тиімділігіне ықпал ететін жағдайлардың бірі – мұғалімдердің оқушылардың отбасыларымен өзара әрекеттесуі. Ата-аналардың мұғалімдермен ынтымақтастыққа деген ынтасын қалыптастыруға көбінесе мәдени-ағарту жұмыстары ықпал етеді: мұғалімдердің экономикалық тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін таратуы, экономикалық бағдарламалардың мазмұнымен танысу. Ата-аналардың назарын мектепке дейінгі жастағы экономикалық тәрбиенің басты мақсатына – баланың адамгершілік-экономикалық жеке қасиеттерін қалыптастыруға (еңбекқорлық, жауапкершілік, Тәуелсіздік, практикалық, өз қажеттіліктерін мүмкіндіктермен өлшеу, ақшаны дұрыс пайдалану, ересектердің еңбегін бағалау және т.б.) аудару керек. Көп

жағдайда балаларда жоғарыда аталған жеке қасиеттердің қалыптасуы болашақта олар есейген сайын өзара түсіністікке және отбасындағы жағымды қарым-қатынастардың сақталуына ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды экономикалық тәрбиелеу бойынша білім беру жұмысының мазмұнын жобалау кезінде оқушылардың отбасыларымен ынтымақтастық формаларын, ата-аналарды білім беру процесіне қосу тәсілдерін қарастырған жөн. Педагогтердің тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимылының нәтижесі балаларда дұрыс экономикалық мінез-құлық әдеттерін қалыптастырудың бірыңғай тәсілі болып табылады (заттарды сақтай білу, оларды ұқыпты пайдалану, өз қалауы мен қажеттіліктерін отбасының қаржылық мүмкіндіктерімен байланыстыру және т.б.). Осылайша, қазіргі уақытта отандық ғалымдар мен мұғалімдер отандық білім беру дәстүрлерін ескере отырып, адамгершілік құндылықтарды прагматикалық көзқараспен және тәжірибеге бағытталған мазмұнмен үйлестіретін мектеп жасына дейінгі балаларға арналған экономикалық тәрбиенің әртүрлі бағдарламаларын әзірледі және білім беру тәжірибесінде сәтті жүзеге асыруда деп қорытынды жасауға болады.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Кудрявцев В.Т. Мектепке дейінгі инновациялық білім беру: тәжірибе, проблемалар және даму стратегиялары. Мектепке дейінгі тәрбие. 1997. №7. – 10-12 б.

2 Бывшева М.В., Ханова Т.Г. Мектепке дейінгі балалық шақтағы дамудың әлеуметтік жағдайының ерекшеліктері. Минин университетінің хабаршысы. 2016. № 3 (16). – 22 б.

3 Курак Е.А., Михеева Л.А. Мектеп жасына дейінгі балалардың экономикалық тәрбиесі: үлгілі бағдарлама, перспективалық жоспарлау, сабақтың қысқаша мазмұны. – М.: Сауда орталығы, 2002. – 80 б.

4 Сасова И.А. Экономиканы зерттеуді қалай бастау керек? А-дан Я-ға дейінгі балабақша. 2003, №4. – 12 б.

5 Смоленцева А.А. Экономика әлеміне кіріспе немесе біз экономиканы қалай ойнаймыз. – М.: Балалық шақ – баспасөз, 2008. – 120 б.

6 Шатова А.Д. «Экономика және... балалар» мәселесін талқылау. А-дан Я-ға дейінгі балабақша. №4. – 148 б.

7 Селезнева А.Ю. «Балаларға арналған Экономика» мектеп жасына дейінгі балаларды экономикалық тәрбиелеудің вариативті бағдарламасы. URL: http://docplayer.ru/30079976-Variativnaya-programma-ekonomicheskogo-vospitaniya-doshkolnikov-ekonomika-dlyamalyshey.html.

8 Прокофьева Н.М., Т.Г. Ханова. Мектепке дейінгі жастағы балаларды экономикалық тәрбиелеу қажеттілігі. А-дан Я-ға дейінгі балабақша, 2018. № 2(92).

**ҒТАМР 14.07.09**

# МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

**Ұ.С. Сәмет, М.Т. Иманалиева, А.С. Әминова, Ф.Т. Мағзумова**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.*

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) оқу үдерісінде тиімді пайдалану өзекті мәселе болып табылады. Бүгінгі таңда кез келген мұғалім АКТ-ны қолданып сабақты дайындап, өткізе білуі керек. АКТ-ны қолданатын сабақ көрнекі, түрлі-түсті, ақпараттық, интерактивті, білім алушы мен мұғалімнің уақытын үнемдейді, мұғалімге өз қарқынында жұмыс істеуге мүмкіндік береді, мұғаліммен оқушылармен дифференциалды және жеке жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу болып табылады.

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан жағдайларға байланысты білім беру орталары онлайн оқуға көшуге мәжбүр болды. Онлайн оқу жүйесі тек ақпараттық коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асады. Осы уақытқа дейін білім орталықтары білім беру үрдісін түрлі платформалардың көмегімен жүзеге асыруда. Осы мақалада мектеп қабырғасында көп қолданылатын Zoom және Online mektep платформаларының мектеп оқушыларының үлгеріміне әсері туралы нәтижелер көрсетілген.

***Түйін сөздер:*** ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, онлайн оқыту, Zoom платформасы, Online mektep платформасы,оқушылардың үлгерімі.

Білім беру – оқушылардың білімі мен түсінігін арттыратын оқу процесі. Ұстаз оқушының білімге деген құлшынысын, адалдығын тәрбиелейді. Қазіргі уақытта адам ресурстарының сапасын арттыру білім беруде маңызды рөл атқарады (Sari, 2021).

Мектептегі ақпараттық технологиялар білім беру ұйымының басқарылатын және бақыланатын ішкі жүйелері арасындағы тиімді өзара

әрекеттесуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ақпарат – кез келген объект туралы біздің біліміміздегі белгісіздік дәрежесін төмендететін барлық ақпарат. Тиісінше, ақпараттық технологиялар дегеніміз – оны қалыптастыру, ұйымдастыру, өңдеу, тарату және пайдалану мақсатында ақпаратты өзгерту процедураларының жүйесі (Афанасьева О.В. 2012).

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дегеніміз – әр түрлі ақпарат көздерінен, оның ішінде Интернеттен ақпараттарды іздеуге, өңдеуге және сіңіруге мүмкіндік беретін технологиялар. Бұл ақпаратты электронды түрде ұсыну, оны өңдеу және сақтау, компьютердің өзін, әртүрлі бағдарламаларды пайдалану (В.А. Красильникова, 2012).

Қазіргі уақытта электрондық оқытуға негізделген оқу процесі іс-әрекеттегі тапсырманы шешу кезінде оқушының ойлауына оң әсер етуі мүмкін. Сыни тұрғыдан, өз бетінше ойлау және интернетті іздеу арқылы дауласуға батылдық студенттерге технологияны тиімді және тиімді пайдалану туралы түсінік береді. Оқу процесінің әрбір жаттығуында студенттерден лектор қойған міндеттерді анықтау және басымдық беру ұсынылады (Muthy & Pujiastuti, 2020).

Бірыңғай және үздіксіз жұмыс істейтін оқу процесі білім берудің өндірісі мен табысты болуы үшін маңызды. Сабақтағы барлық дереккөздерді модульдер, электронды кітаптар және бейне курстар түрінде толық немесе егжей-тегжейлі алу үшін оқушыларға онлайн сайттарға кіру міндетін беру жеткілікті. Сонымен қатар, технологияға негізделген сыныптарда бұқаралық ақпарат құралдарының болуы оқушыларға әртүрлі көздерден жаңа ақпаратты үйренуге қатысуға және белсенді болуға мүмкіндік береді, осылайша олардың бар әлеуеті мен білімін кеңейтеді (Widianto, 2021).

Оқушыларды оқытылатын тақырыпты бағалауға және оқуды қолдану әдісін қолдануға ынталандыру үшін дыбыстан бастап, мәтінді, графиканы, анимацияны және бейнені қолдану арқылы мультимедиялық оқытуды жүзеге асыру кеңінен тарады. Ең маңызды фактор – оқушының белсенділігін арттырып, оқуды қызықты ете алатын мақсатқа бағытталған тұжырымдама (Solviana, 2020).

Сонымен қатар, технология білімді оқыту мен игеруді жеңілдететін құрал ретінде саналады. Пандемия жағдайында білім беру алдында оқыту процесін, оқыту құралдарын, сабақтарды өткізу әдістерін және сабақтарды бағалау тұрғысынан білім беруді дамытуға жәрдемдесудегі технологиялардың рөлін оңтайландыру міндеті тұр. Білім алушылардың пән туралы түсінігін төмендетпей немесе жоймай жағымды оқу ортасын құра алатын бұқаралық ақпарат құралдарының бірі-технологиялық прогресс (Salsabila, 2020).

Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту және қолдану білім берудегі жүйелі жақсартуларға әкелуі мүмкін. Дәріскерлердің сыныпта қолдануға болатын әр түрлі акт қосымшалары туралы білімі мен түсінігі артып келеді. Технология оқу процесіне үлкен көмек көрсетеді. Оқушылар технологияны және осы оқу әрекетін олардың мотивациясын, білімін, түсінігін және оқыту процесінде технологияны қолдану

тәжірибесін арттыру құралы ретінде пайдаланудан қолдау сезінеді (Budiana, 2015).

*Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.*

*Жұмыстың мақсаты:* Алматы қаласының №175 гимназия мектебінің 5,8,7– сынып оқушыларының биология пәні бойынша сабақ үлгерімдеріне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әсерін зерттеу.

*Жұмыстың міндеті:*

1. 2019-2020 оқу жылы мен 2020-2021 оқу жылындағы сынып оқушыларының сабақ үлгерімін салыстыру;
2. Сабақ барысында ақпараттық-технологялардың тиімділігін оқушылардың сабаққа үлгерімдерін қарау арқылы анықтау;
3. Білім алушылардың білімін бақылау және «Bilimland, ZOOM» білім беру платформасының рөлін негіздеу;
4. Биология пәнін оқытуда компьютер жүйесі мен смартфонды қолданудың тиімділін анықтау.

*Зерттеу материалдары мен әдістері.*

2020-2021 оқу жылының 2 аптасы артта қалды. 2,6 млн оқушы қашықтан, 800 мың бала дәстүрлі форматта мектепке қатынап оқуда. Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтың сөзінше, қашықтан оқуда қолданылатын қазақстандық онлайн білім платформаларының саны 8-ге жеткен. Олардан бөлек, шетелдік WhatsApp, Telegram мессенджерлері, Zoom видеоконференциясы, Microsoft Teams, Google Classroom платформалары қосымша қолданыста.

42 пәннен 5 700 сабақ пен 140 мыңнан астам тапсырма әзірленген. Компания мәліметінше, күн сайын 1,5 млн бірегей қолданушы кіріп, сайт 30 млн рет қаралады. 3 500 мектеппен платформаны пайдалану туралы келісімшарт жасалған.

BilimLend Online mektep – бұл мектептерде кеңінен қолданылатын платформалардың бірі. Порталда кез келген оқытушы мен студент сабақтарды синхронды және асинхронды форматта өткізе алады. Синхронды режимде портал бейнеконференция қызметін ұсынады.

Интернеттегі сабақ кестесі жасалады, сілтеме жасалады, ол балаларға жіберіледі. Ал мұғалім белгіленген уақытта камераны қосып, балаларды шақырады, нақты уақыт режимінде сабақ өткізеді. Мұғалімнің экранмен, презентациямен бөлісуге мүмкіндігі бар, балалар мұғалімге сұрақтар қоя алатын чат жұмыс істейді. Бүгінгі күні BilimLend индикаторлары күніне 21,8 миллион қаралымды құрайды, порталға күніне 780 мың қолданушы кіреді.

*Сурет 1. Bilimland платформасы бойынша сабақтың өтілуі.*

Bilimland Online mektep платформасында сабақ барысында орындалатын және үй тапсырмалары бөлініп көрсетілген. Тапсырмаларды орындамас бұрын 1-суретте көрсетілгендей мұғалімнің презентация арқылы жаңа тақырып туралы түсініктеме берген видеоматериал көрсетіледі. Сол видеоны толықтай көріп болғасын 5 тапсырма беріледі. Әр тапсырмаға 20 баллдан берілген.

*Сурет 2. Online mektep платформасы бойынша баллдық жүйе.*

Тапсырмалар әртүрлі түрде болады. Тест түрінде, сәйкестендіру, аудио тыңдау, сөйлемді толықтыру, суреттер түрінде және т.б. Оқушылар тапсырманы орындап болғасын жинаған баллдары көрсетіледі (2-суретте). Яғни, әр тапсырмаға 20 баллдан беріледі. Барлығы бес тапсырмадан болады. Bilimland Online mektep платформасында зертханалық жұмыстардың бөлек бөлімі белгіленген. Сол бөліміне кіру арқылы оқушылар зертханалық жұмыстарды видео арқылы кез келген тақырып бойынша көре алады.

АКТ-ны қолдану нәтижелері оқушылар мен оқытушыларды жан-жақты дамыту, оқу процесін жоғары әдістемелік деңгейде ұйымдастыру, білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыру болып табылады.

Сабақ барысында компьютерді қолданудың маңызы өте зор. Компьютердің көмегімен жаңа сабақты түсіндіре отырып, соған байланысты қызықты тапсырмалар ұйымдастыруға болады.

Зерттеу жұмысында Алматы қаласының №175 гимназия мектебінің 5, 8, 7–сынып оқушылары зерттелінді. Онлайн оқыту жүйесі бойынша күнделікті сабақ Zoom платформасы бойынша өтіледі. Жаңа сабақты қорытындылау және үй тапсырмалары Bilimland Online mektep платформасында беріледі. Зерттеу

барысында оқушылардың 2020-2021 оқу жылындағы 1, 2, 3 тоқсан бойынша zoom платформасында сабаққа қатысу белсенділігі және Bilimland Online mektep платформасында жинаған балдары қарастырылды.

Бақылау нысаны ретінде 2019-2020 оқу жылындағы оқушылардың 1, 2, 3 тоқсан бойынша білім сапасының нәтижелері алынды.

Мектеп оқушыларының тікелей мұғаліммен қарым-қатынас жасай оттырып, АКТ көмегімен сабақ өтуінің нәтижесі мен мұғаліммен белгілі бір арақашықтықта АКТ құралдарын қолдану арқылы алынған білімдерінің нәтижесін салыстыру арқылы қай білім беру жүйесінде АКТ-нің тиімділігі артық болатынын анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді.

*Зерттеу нәтижелері және оны талдау.*

Бақылау нысаны ретінде 2019-2020 оқу жылындағы оқушылардың I, II, III тоқсандар бойынша білім сапасының және үлгерімінің нәтижелері алынды.

*Кесте 1. №175 гимназия мектебінің 2019-2020 оқу жылындағы оқушылардың Биология пәнінен I, II, III тоқсан бойынша білім сапасының нәтижелері.*

| | **I тоқсан (үлгерім, сапа%)** | | **II тоқсан (үлгерім, сапа%)** | | **III тоқсан (үлгерім, сапа %)** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 сынып | 98% | 90% | 98% | 90% | 99% | 90% |
| 7 сынып | 99% | 95% | 99% | 90% | 96% | 90% |
| 5 сынып | 99% | 92% | 99% | 95% | 98% | 95% |

2019-2020 оқу жылында биология пәні бойынша 8, 7 және 5 сыныптардың сабақ үлгерімінің өте жақсы көрсеткіште тұрғанын (1-кесте) байқауға болады. Осы жылдары оқу жүйесі мектеп қабырғасында өтілген. Мұғалім сабақ үстінде презентация арқылы жаңа тақырыпты жан-жақты өткен. Сонымен қатар түрлі қызықты видеоматериалдар көрсетілген. Оқушыларға әртүрлі жеке, топтық, жұптық тапсырмалар берілген.

Тәжірибие нысаны ретінде 2020-2021 оқу жылындағы оқушылардың Биология пәнінен I, II, III тоқсандар бойынша білім сапасының және үлгерімінің нәтижелері алынды.

Осы жылғы оқу жылы бойынша оқу жүйесі қашықтықтан оқыту жүйесіне ауысты. Бірінші тоқсан бойынша сабақ зум платформасы бойынша жүзеге асырылды.

Zoom – бұл Zoom Video Communications компаниясы әзірлеген бейнеконференцияларға арналған бағдарламалық жасақтама. Онда бір уақытта 100-ге дейін құрылғыны ақысыз қосуға мүмкіндік беретін, тегін шоттар үшін 40 минуттық шектеумен қамтамасыз етілетін бейне телефония қызметі ұсынылған. Пандемия кезінде зум платформасы қашықтықтан оқыту жүйесінде кеңінен таралды [5].

*Кесте 2. Zoom платформасы бойынша сабақтың өту кезеңдері.*

| Кезеңдері | Сипаттамасы |
|---|---|
| Қайталау | Үй тапсырмасын сұрау: сұрақ жауап, алфавит, суреттер сөйлейді. |
| Жаңа сабақ | Презентация, видеоматериалдар, суреттер |
| Сабақты бекіту | Жеке, жұптық, топтық тапсырмалар беру. Ситуациялық тапсырмалар, есептер, шынжыр, алты қалпақ және т.б. әдістерді қолдану. |
| Кері рефлексия | Жаңа сабақ бойынша меңгерген ақпараттары туралы оқушылардың пікірі: фишбоун, бес саусақ, қайық және т.б. әдістерді қолдану. |

Видео қоса отырып, оқушы мен мұғалім арасында байланыс орын алады. Платформада презентация, видеоматериалдармен бөлісметін арнайы қызметі көрсетілген. Ең алдымен оқытушы Zoom платформасында видеоконференция ұйымдастырады. Конференцияның арнайы сілтемесін оқушыларға жібереді. Оқушылар зумға кірген соң, 2-кестеде көрсетілгендей сабақ жүргізіледі.

*Кесте 3. №175 гимназия мектебінің 2020-2021 оқу жылындағы оқушылардың Биология пәнінен I, II, III тоқсан бойынша білім сапасының нәтижелері.*

| | **I тоқсан (үлгерім, сапа%)** | | **II тоқсан (үлгерім, сапа%)** | | **III тоқсан (үлгерім, сапа %)** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 сынып | 95% | 90% | 96% | 90% | 98% | 95% |
| 7 сынып | 99% | 95% | 99% | 90% | 96% | 94% |
| 5 сынып | 90% | 88% | 90% | 88% | 90% | 89% |

Әр сабақ сайын 7, 8, 5 сынып оқушылары өте белсенді түрде қатысып отырды. 8 сыныпта 31 оқушы бар. Оның ішінде 10 қыз және 21 ұл бар. Оқушылар әр сабақта белсене қатысып отырады. Сабаққа Zoom платформасы бойынша уақытында кешікпей кіреді. 8 сынып оқушыларының 2020-2021 оқу жылына қарағанда 2019-2020 оқу жылында үлгерімдері жоғары (3-кесте) сипатта болған. Алайда, 2020-2021 оқу жылында төмен деп те айтуға болмайды. Екі жағдайда да ақпараттық– коммуникациялық технологиялардың көмегімен оқыту жүйесі өз деңгейін бір деңгейде ұстап тұрды. Сабақ барысында оқушыларға көптеген видеоматериалдар, көрнекіліктер көрсетілді. Сонымен қатар презентация арқылы жаңа сабақ қысқа, нақты, түсінікті түрде өткізілді. АКТ құралдарының күн өткен сайын дамуына байланысты білім беру қызметінде үлкен септігін тигізетін онлайн платформалар іске қосылуда. Бұл әр сабақтың жоғары деңгейде өтуінде әрбір платформаның атқаратын рөлі өте зор.

Оқушылардан сабақ барысында қандай технологияның қолданған тиімдірек екені сұралды. Көптеген оқушылардың айтуы бойынша, сабаққа

ноутбук арқылы кірген тиімдірек. Себебі. Көптеген смартфондар интернет желісіндегі түрлі программаларды көтере алмайды. Сол себептен, көбіне ноутбук арқылы кірген тиімдірек деп санайды.

Сабақ барысында ситуациялық тапсырмалар, алфавит арқылы терминдерге түсініктеме беру секілді көптеген тапсырмаларды қолданған оқушыларға оң әсерін тигізген. Оқушылардың айтуы бойынша, осындай инновациялық әдістер арқылы тапсырма орындаған және презентация, видеоматериалдар көрсеткен оларға жаңа тақырыпты есте сақтауына жақсы әсер етеді екен.

7 сыныпта 26 оқушы бар. Оның 16 қыз және 10 ұл. 7 сынып оқушыларының екі оқу жылы бойынша сабақ үлгерімдерін салыстырсақ, ешқандай өзгеріссіз деп айтсақ та болады. Жалпы, оқушылар сабақ үстінде өте белсенді түрде қатысып отырды. Мектеп оқушылардың барлығын ноутбук және планшеттермен қамтамасыз етуіні арқасында, оқушылар еш кедергісіз сабаққа қатысып отырды. Сабақ барысында зум платформасында видеоматериалдар көрсетілді. Сонымен қатар, түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды. Мысалы: ұяшықтар, суреттер сөйлейді.

7 сыныптың «Мидың құрылысы және қызметі» атты тақырыбына сабақ өткізгенімді мысал ретінде көрсетуге болады. Сабақ басында оқушылардан үй тапсырмасы «қағаз лақтыру» әдісі арқылы сұралды. Яғни, мен бір оқушыға алдыңғы тапсырма бойынша сұрақ қоямын, ол оқушы келесі бір оқушыға сұрақ қояды. Осылай кезекпен оқушылар бір-біріне сұрақ қойып шығады. Үй тапсырмасы сұралып болған соң, жаңа тақырып бойынша түсініктеме беру кезеңі басталады. «Мидың құрылысы және қызметі» тақырыбы бойынша презентация арқылы оқушыларға қысқаша түсініктеме бердім. Артынан қызықты видеоматериал көрсеттім. Бұл оқушылардың тақырыпқа деген түсінігін одан әрі тереңдете түседі.

Жаңа тақырыпты бекіту мақсатында оқушыларға суреттер сөйлейді тапсырмасы берілді. Яғни, мидың бес бөлімінің суреттері көрсетіледі. Оқушылар жұпқа бөлініп, кезекпен суреттегі мидың бір бөлімі туралы сипаттама беріп, өз түсініктерін айтады. Бірінші тапсырмадан соң, оқушыларға жеке тапсырмалар беріледі. Жеке тапсырмалар тест, сәйкестендіру, кесте толтыру секілді тапсырмалармен жүргізіледі. Сабақ соңында оқушыларды 10 баллдық жүйе бойынша бағаладым.

5 сыныпта 30 оқушы бар. Оның 14 қыз және 16 ұл. 5 сынып оқушыларының екі оқу жылындағы нәтижелері бойынша 2020-2021 оқу жылындағы сабақ үлгерімдерінің аздап төмендегенін байқауымызға болады. Олар кіші сынып болған соң, тікелей мұғаліммен қатынас жасай отырып, сабаққа қатысқаны жөн деп санаймын. Оқушылардың арасында Zoom платформасын дұрыс қолдана алмайтындар болуы мүмкін немесе қашықтықтан оқытуға баланысты өз ойын айта алмай қалатын оқушылар да болуы мүмкін. Алайда, оқушылар сабаққа барынша белсенді қатысып отырды. 5 сынып оқушыларының көбінесе білімленд платформасы бойынша баллдары өте

жоғары көрсеткіште болды. Zoom платформасы туралы көп оқушылардың түсінігі толық қалыптаспағандықтан сабаққа кіруге мүмкіндігі болмады.

2019-2020 және 2020-2021 оқу жылдарында АКТ құралдары сабақ үстінде өте жоғары дәрежеде қолданылған. Айырмашылығы тек алдыңғы жылы тікелей мұғалімнің қатысымен жүзеге асса, осы жылы мұғалім мен оқушы арасында байланыс белгілі бір арақашықтықта АКТ құралдары арқылы жүзеге асты. Осы оқу жылында сабақты белсенді түрде өткізу мақсатында көптеген онлайн платформалар іске қосылды.

№175 гимназия мектебі 2020-2021 оқу жылында қашықтықтан оқыту жүйесіне ауысуына байланысты оқушылардың 80-90% ноутбук және планшет АКТ құралдарымен қамтамасыз еткен. Әр оқушының Bilimland платформасында өзіне жеке логин, пароль берілген. Яғни, ол арқылы оқушы әр сабақ бойынша тапсырмаларын орындап, жинаған баллын көре алады. Сонымен қатар аптаның әр күніндегі сабақ кестесі көрсетілген.

Екі оқу жылын салыстырып қарасақ, ешқандай айырмашылық жоқ десек те болады. Яғни, АКТ құралдары арқылы қашықтықтан оқытудың да нәтижесі жақсы көрініс бере алады. Себебі, қазіргі заман даму үстінде, ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жұмыс жасауды барлық адамдар біледі десек те болады. Интернет желісінде кітапты іздеп, онлайн түрде де оқуға болады. Білім беру жүйесіне қажет болатын көптеген платформалар, тесттер, программалар және т.б. АКТ материалдары қамтамасыз етілген. Мысалы, Zoom платформасы арқылы видео қоса отырып, мұғалім оқушымен тікелей қарым-қатынас жасап, кері байланыс орната алады. Ал, зертханалық жұмысқа келетін болсақ, белгілі бір тақырып бойынша зертханалық жұмысты жасап, оны видеоға түсіріп, оқушыларға көрсету арқылы жүзеге астырылды. Яғни, оқушылар сөзбен тыңдап қана қоймай, оны қалай жүзеге асатынын көзбен көру арқылы естерінде сақтай алды. Алайда, мектеп қабырғансында осындай тәжірибелік әрекеттерді оқушылардың өздері жасап, жүзеге асыратын болса, онда ол өте тиімді болар еді деп санаймын.

*Қорытынды.* Алматы қаласының №175 гимназия мектебінің 5,8,7–сынып оқушыларының биология пәнінен 2019-2020 оқу жылы мен 2020-2021 оқу жылындағы сабақ үлгерімдеріне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әсерін зерттелді. Әр тоқсанда шыққан білім сапасының нәтижелері ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақ барысында қолданудың тиімді екенін көрсетеді.

Биология сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқушылардың тек қызығушылығын арттыра қоймай, олардың белгілі бір ғылыми зерттеулер жасауына түрткі бола алады. Білім алушылар интернет желісі арқылы көптеген шетелдік тәжірибелерді, зерттеулерді, естімеген ақпараттарды ала алады. Сонымен қатар қиын жасалынатын тәжірибелерді видео арқылы көре алады. Қытай халқының мынадай сөзі бар: «сен маған айт есімнен бір күнде шығып кетеді, сен маған жасауды көрсет есімде қалады, сен соны өзіме жасат мәңгіге есімде қалады». Яғни, білім алушы белгілі бір тәжірибені көру арқылы оны есінде біраз уақытқа қалдырады. Сол арқылы

білім алушы сол тәжірибені жасауға ұмтылады. Ал сол тәжірибені жүзеге асырғанда ол білім алушының үлкен ғылыми жетістігіне алып келуі мүмкін. Сол себептен де қазір ақпараттық технологияның заманы десек қателеспейміз. Кез келген үлкен жаңалыққа ақпараттық-коммуникаицялық технологияның өзі бір түрткі болып табылады деп санаймын.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі


1 Руденко Т.В. Дидактические функции и возможности применения информационно-коммуникационных технологий в образовании [электронный ресурс]

2 We Live in Zoom Now, The New York Times (17 марта 2020).

3 Красильникова В.А. Использование информационных и коммуникационных технологий в образовании 2012. – 103 с.

4 Афанасьева О.В. Использование ИКТ в образовательном процессе. 2012.

5 Sari I.P. (2021). Pengaruh sosialisasi pembelajaran online terhadap tingkat keaktifan siswa SD di Desa Sumberagung Lamongan. Indonesia Journal of Community Research and Engagement, 2(1), BIO–INOVED: Jurnal Biologi-Inovasi Pendidikan Master Program of Biology Education, University of Lambung Mangkurat Maulana et al. (2022) Learning media through technology for biology education. 290. – P. 1-14.

6 Muthy A.N., Pujiastuti H. (2020). Analisis media pembelajaran e-learning melalui pemanfaatan teknologi dalam pembelajaran matematika di rumah sebagai dampak 2019-nCoV. Jurnal Math Educator Nusantara (JMEN), 6(1). – P. 94-103.

7 Solviana M.D. (2020). Pemanfaatan teknologi pendidikan di masa pandemi Covid-19: Penggunaan fitur Gamfikasi daring di Universitas Muhammadiyah Pringsewu Lampung. Al-Jahiz: Journal of Biology Education Research. – P. 1-14.

8 Widianto E., Anisnai A., Sasami A.N., Rizkia E.F. (2021). Pemanfaatan media pembelajaran berbasis teknologi informasi. Journal of Education and Teaching, 2(2). – P. 213-224.

9 Salsabila U.H., Utami S.N., Zahra A., Haikal F., Fakultas D., Islam A., Ahmad U. (2021). Pengaruh penggunaan media belajar online selama pandemi. Jurnal Ilmiah Wahana Pendidikan, 7(1). – P. 1-9.

10 Budiana H.R., Sjafirah N.A. dan Bakti I. (2015). Pemanfaatan teknologi informasi dan komunikasi dalam pembelajaran bagi para guru SMPN 2 Kawali Desa Citeureup Kabupaten Ciamis. Dharmakarya: Jurnal Aplikasi Ipteks Untuk Masyarakat, 4(1). – P. 59-62.

**ГРНТИ 14.23.05**

# МЕТОДЫ АРТ-ТЕРАПИИ ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА У ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ В РАЗВИТИИ

**О.Л. Долганина**
*Педагог-психолог, Урицкая школа-лицей, Сарыкольский район, Костанайской обл.*

Статья посвящена изучению использования арт-терапии в коррекционной работе с детьми с нарушениями в развитии. Представлен анализ ключевых понятий по проблеме исследования. В статье рассматриваются виды новейших арт-терапевтических методик, используемых при коррекции различных видов нарушений в развитии ребёнка. Определяются перспективы и особенности внедрения арт-терапии при развитии интеллектуально-творческого потенциала ребенка.

***Ключевые слова:*** Арт-терапия, коррекция различных видов нарушений, личностные особенности.

Арт-терапия – это относительно новый метод психокоррекции. Термин «арт-терапия» или терапия искусством, ввел в употребление в 1938 году Андриан Хилл. В настоящее время под арт-терапией понимают использование всех видов искусства. Этот метод позволяет экспериментировать с чувствами, исследовать и выражать их на символическом уровне. Арт-терапия – это метод развития и изменения сознательных и бессознательных сторон психики личности посредством разных форм и видов искусства.

Арт-терапия все чаще рассматривается как инструмент прогрессивной психологической помощи, способствующей формированию здоровой и творческой личности, а также реализации на практике таких функций социализации личности, как адаптационная, коррекционная, мобилизующая, регулятивная, реабилитационная и профилактическая.

В работе с детьми с различными проблемами в развитии, такими как нарушение речи – заикание, аутизм, с проблемами в эмоционально-личностном развитии, с задержкой психического развития, огромный терапевтический и коррекционный эффект имеет практический опыт психокоррекционной работы методом арт-терапии. Это можно объяснить тем, что арт-терапевтические методики предоставляют возможность широко применять не только групповую, но и индивидуальную форму работы с детьми указанной категории,

а также ставить и разрешать определенные психокоррекционные задачи по созданию новых установок и мотивов, их закреплению в реальном мире при помощи искусства.

В процессе психокоррекционной помощи все чаще применяются различные виды арт-терапии, такие как кинезитерапия, музыкотерапия, вокалотерапия, сказкотерапия, изотерапия. Выбор по применению конкретной методики должен осуществляться с учетом варианта и характера нарушения, имеющегося у ребенка. В последнее время, учитывая возросший интерес к закономерностям формирования личности ребенка с ограниченными возможностями здоровья, при применении коррекционного воздействия в условиях учреждения, можно наблюдать комплексное применение разных психокоррекционных методик, среди которых очень важное место принадлежит арт-терапии.

Биология және химияны оқушыларға үйрету, оқыту кезінде кез келген тақырыптағы мәліметтер бір-бірімен байланысып отыратыны анық. Соның әдісін тауып, оқушыларға ұғындыру пән бойынша нәтижесін береді. Осылайша, пәнаралық байланысты қолдану нәтижесінде оқушылардың сабаққа қызығушылығы ашылып, сабаққа белсенділігі артып, олар сабақ үшін жаңа әрі тың материалдарды іздестіру қажеттілігін сезіне біледі деп ойлаймын. Балалар қарапайым оқу рефераттары мен баяндамаларын жазуда белсенділік таныта бастайды және жазу сауаттылығы жоғарылайды.

Келесі физика пәнімен пәнаралық байланыс орнатуға ыңғайлы тақырыптарға тоқталсақ. Сүйектер мен буындардың қозғалыс механизмін түсіндіру физика, механикалық жұмыс және үйкеліс күші туралы білімді ескеруді қажет етеді. Бұл жағдайда 8-сынып биология курсымен сабақтастық принципін сақтау қажет, онда осы мәселелерге де назар аударылады. Өкпе және тіндік газ алмасу мен қанның тасымалдау қызметін зерттеу оқушылардың тотығу және диффузия және олардың жануарлар организміндегі рөлі туралы білімдерін қолдана отырып жүргізіледі. Ингаляция және дем шығару, қан қысымы механизмдері жолдың басындағы және соңындағы қысым айырмашылығына байланысты Сұйықтықтар мен газдардың қозғалыс заңдылықтарына сүйене отырып түсіндіріледі (физика, 7-сынып).

Адам ағзасындағы зат алмасуға қолданылатын энергияның сақталу және өзгеру заңы туралы Физикалық білім білім алушыларды осы табиғат заңының әмбебаптығы және физика-химиялық және биологиялық процестердің бірлігі туралы қорытындыға келтіруге мүмкіндік береді. Көру және есту

органдарының функциялары оқушылардың оптика және дыбыс туралы жалпы түсініктерін және жоғары сынып физика курстарымен перспективалық байланыстарды ескере отырып ашылады.

Биология сабақтарында физика мен биология арасындағы байланысты жүзеге асыру сабақтарда кездейсоқ мысалдар мен фактілерді қолдану арқылы емес, мұғалім әртүрлі оқу пәндерін оқу нәтижесінде алынған білімнің байланысын қамтамасыз ететіндіктен жүзеге асырылуы керек.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқына Жолдауы». Елбасының «Қазақстан жолы» – 2050. – Астана, 2014.

2 Абрамова Г.С. Практическая психология: Учебник для студентов вузов. – М.: Академический проект, 2001. – 480 с.

3 Максимова В.Н., Груздева Н.В. Межпредметные связи в обучении биологии. – М.: Просвещение, 1987. – 107 с.

**ГРНТИ 14.25.09**

# СТРАТЕГИИ И ПРИЕМЫ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

**У.К. Сулейменова**
*Школа-гимназия №14 им. Аль-Фараби, г. Кентау, Туркестанской обл.*

В данной статье автор пишет об эффективных стратегиях и приемах, которые применяет на уроках русского языка и литературы для формирования функциональной грамотности учащихся, то есть для формирования прочных знаний, которые будут востребованы в реальной жизни и будут способствовать адаптации учащихся в различных жизненных ситуациях.

***Ключевые слова:*** грамотность, функциональная, читательская, стратегии, формирование.

В настоящее время усиленное внимание уделяется формированию и развитию функциональной грамотности учащихся, то есть формированию прочных знаний, которые будут востребованы в реальной жизни.

Под функциональной грамотностью понимается способность учащегося свободно использовать навыки чтения и письма в целях получения информации из текста (понимания, сжатия, преобразования и т.д.) и в целях передачи такой информации в реальном общении [1]

Чтение и текстуальное изучение того или иного материала составляют основу содержания русского языка и литературы, как учебного предмета. Поэтому в первую очередь учителю необходимо привить любовь и интерес к чтению у учащихся и одновременно развивать их читательскую грамотность. А это в век интернета становится сложным, так как информацию ученики могут получить и из других аудиовизуальных источников, более быстрых, ярких, привлекательных. «Зачем читать большие тексты, терять время, когда можно быстро прослушать аудиозапись или просмотреть фильм?» – думает современная молодежь. Чтобы ответить на этот вопрос, учителю приходится искать и находить методы, чтобы привить ученику устойчивый интерес к чтению, обучить его читательской грамотности.

На уроках каждый учитель сам определяет стратегии обучения.

Я использую многие стратегии, представленные в учебниках и на просторах интернета. Это всем известные «Синквейн», «Кластер», «Двухчастный и трехчастный дневники», «Тонкие и толстые вопросы»,

«Литературная пирамида», «Плюс, Минус, Интересно» и т.д. Хочу рассказать о стратегиях, предложенных коллегой из России Гусевой Натальей Николаевной в своем докладе [2], которые я эффективно использую на уроках русского языка: это «Лови ошибку», «Шаг за шагом», «Морфологический ящик», «Создай паспорт», «Да-Нет» и другие.

Замечу, что готовых рекомендаций по использованию стратегий – нет. Я приведу собственные примеры использования этих стратегий на уроках.

*Стратегия «Лови ошибку».*

Универсальный приём, активизирующий внимание учащихся.

Формирует:

– умение анализировать информацию;
– умение применять знания в нестандартной ситуации;
– умение критически оценивать полученную информацию.

Учитель предлагает учащимся информацию, содержащую неизвестное количество ошибок. Учащиеся ищут ошибку группой или индивидуально, спорят, совещаются. Придя к определенному мнению, группа выбирает спикера. Спикер передает результаты учителю или оглашает задание и результат его решения перед всем классом. Чтобы обсуждение не затянулось, заранее определите на него время.

***Пример.*** Русский язык. Учитель дает несколько грамматических (синтаксических или др.) правил. Одно или несколько из них – неверны. Найти и доказать ошибочность.

**Задание**: выявить в тексте допущенные ошибки.

1. Предлог – это самостоятельная часть речи, которая выражает зависимость одних слов от других слов в словосочетании и предложении. Предлоги, состоящие из одного слова, – простые, а состоящие из двух и более слов,– сложные. Предлоги делятся на сочинительные и подчинительные, производные и непроизводные.

2. Причастие – часть речи, которая совмещает в себе признаки наречия и глагола. В предложении является определением. Это неизменяемая часть речи. Причастия бывают только действительные. Причастия бывают настоящего и прошедшего времени. Действительные причастия настоящего времени имеют суффиксы: -ем, -ом, -им.

Ответы: 1.на сочинительные и подчинительные бывают союзы

2. Причастия бывают действительные и страдательные. Действительные причастия настоящего времени имеют суффиксы: -ащ, -ящ, -ущ, -ющ.

*Стратегия «Шаг за шагом».*

Приём интерактивного обучения. Используется для активизации полученных ранее знаний. Ученики, шагая к доске, на каждый шаг называют термин, понятие, явление и т.д. из изученного ранее материала. На уроке литературы могут назвать героев произведения, место действия, автора и т.д.

**Пример**. Русский язык. Тема «Деепричастие». Задание: Назови слова, которые раскрывают морфологические признаки деепричастия.

1 шаг-особая форма глагола 2 шаг-вид, 3-прошедшее, 4-настоящее, 5-суффикс, 6-добавочное, 7-действие, 8-обстоятельство, 9-неизменяемая и т.д.

*Стратегия «Да-Нет».*

Универсальный приём: способен увлечь учащихся. Формирует следующие универсальные учебные действия:

– умение связывать разрозненные факты в единую картину;
– умение систематизировать уже имеющуюся информацию;
– умение слушать и слышать друг друга.

Учитель загадывает нечто (число, предмет, литературного героя, историческое лицо и др.). Учащиеся пытаются найти ответ, задавая вопросы, на которые учитель может ответить только словами: «да», «нет», «и да и нет».

Например, на уроке литературы по роману-эпопее «Война и мир» загадывается литературный герой. Ученики спрашивают: «Это мужчина?» (Ответ «Да»), «Участвовал в войне?» («Нет»), «Реальное историческое лицо?» и т.д.

*Стратегия «Морфологический ящик».*

Прием используется для создания информационной копилки и последующего построения определений при изучении лингвистических, математических понятий. Модель служит для сбора и анализа информации по заданным признакам, выявление существенных и несущественных признаков изучаемого явления. *Пример.*

– На уроке русского языка – сбор частей слова для конструирования новых слов; сбор лексических значений многозначных слов; составление синонимических и антонимических рядов; копилка фразеологизмов и их значений; копилка слов, содержащих определенную орфограмму; копилка родственных слов;
– литературное чтение – копилка рифм, метафор; копилка личностных качеств для характеристик героев.

*Задание:* Записать фразеологизмы, в которых указаны:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Части тела | Развесить уши | Сидеть сложа руки | Зарубить на носу | Повесить нос |
| Животные | Кот наплакал | Делать из мухи слона | Деньги куры не клюют | Съел собаку |

*Стратегия «Создай паспорт».*

Может быть использован для создания характеристик:

– на литературном чтении – героев литературных произведений (Например, создать паспорт Жилина и Костылина из рассказа «Кавказский пленник»;
– на русском языке – частей речи, членов предложений, частей слова, лингвистических терминов.

*Задание:* Создай паспорт к персонажу из рассказа «Хамелеон» А.П. Чехова.

| | |
|---|---|
| Фамилия | Очумелов |
| Должность | Полицейский надзиратель |
| Характер | беспринципный, недалекий, трусливый, двуличный |

*Стратегия «Зигзаг».*

Данную стратегию уместно использовать для развития у школьников следующих умений:

– анализировать текст совместно с другими людьми;
– вести исследовательскую работу в группе;
– доступно передавать информацию другому человеку;
– самостоятельно определять направление в изучении какого-то предмета с учетом интересов группы

Например, прием используется для изучения и систематизации большого по объему материала. Для этого предстоит сначала разбить текст на смысловые отрывки для взаимообучения. Количество отрывков должно совпадать с количеством членов групп. Например, если текст разбит на 5 смысловых отрывков, то в группах (назовем их условно рабочими) – 5 человек.

На уроке литературы удобно использовать метод «Зигзаг» при чтении статьи о жизни и творчестве писателя. Разделить на части, распределить по группам. Затем ученики презентуют свою информацию в виде кластера, таблицы, биографической карты. Затем каждая группа после презентаций задает вопросы по своему тексту. Спикеры оценивают.

*Стратегия «Хорошо-плохо».*

*Описание:* универсальный приём, направленный на активизацию мыслительной деятельности учащихся на уроке, формирующий представление о том, как устроено противоречие.

*Вариант 1.* Учитель задает объект или ситуацию. Учащиеся (группы) по очереди называют «плюсы» и «минусы».

*Вариант 2.* Учитель задает объект (ситуацию). Ученик описывает ситуацию, для которой это полезно. Следующий ученик ищет, чем вредна эта последняя ситуация и др.

*Вариант 3.* Ученики делятся на продавцов и покупателей. И те, и другие представляют каких-то известных персонажей. Дальше играют по схеме. Только «плюсы» ищут с позиции персонажа – продавца, а «минусы» – с позиции персонажа – покупателя. (эту стратегию интересно разыграть с учениками (учителями).

*Вариант 4.* Ученики делятся на три группы: «прокуроры», «адвокаты», «судьи». Первые обвиняют (ищут минусы), вторые защищают (ищут плюсы), третьи пытаются разрешить противоречие (оставить «плюс» и убрать «минус»). Например, на уроке по теме М.Булгаков «Собачье сердце» судят профессора Преображенского. Имел ли он право на научный эксперимент?

Таким образом, использование различных стратегий на уроках русского языка и литературы формирует умение находить положительные и отрицательные стороны в любом объекте, ситуации; умение разрешать противоречия (убирать «минусы», сохраняя «плюсы»); умение оценивать объект, ситуацию с разных позиций, учитывая разные роли, что способствует адаптации учащихся в реальной жизни.

## Литература

1 https://nsportal.ru/shkola/rodnoy-yazyk-i-literatura/library/2015/01/13/p-r-o-e-k-t-gramotnost-chteniya-kak-komponent.

2 https://infourok.ru/doklad-na-temu-ispolzovanie-sovremennih-strategiy-na-urokah-russkogo-yazika-v-nachalnoy-shkole-385292.html.

ҒТАМР 14.35.01

# СТУДЕНТТІҢ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МОТИВТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**С.Қ. Дарибаева**
*Аға оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.*
**А.Н. Камербаева**
*Студент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.*

Мақалада қазіргі ғылым мен техниканың талап ететін білімді, жылдан жылға көлемі артып келе жатырған ақпаратты меңгеруде оқушылардың осы білімді игеруге деген қызығушылығының, оқуға мотивациясының алатын орнын, қазіргі қоғам жағдайында жоғары мектеп студенттерінің оқу-танымдық, іс-әрекеті мотивтерін қалыптастыруда тиімді әдіс-тәсілдерді, құралдарды, білім беру технологияларын және оны қалыптастырудың т.б. педагогикалық-психологиялық шарттарын және мотивацияны психологияда жеке бастың мінез-құлқын, іс-әрекеті мен белсенділігін реттейтін фактор ретінде қарастырылып жан-жақты талданған.

***Түйін сөздер:*** мотив, мотивация, оқу-танымдық, бейімделу, мотивациялық сфера.

Тәуелсіздік алғаннан бері қоғамымызда болып жатырған сапалы өзгерістер, экономиканың қарқынды дамуы білім беру жүйесіне үлкен талаптар қоюда. Мұндай үлкен өзгерістер студенттердің оқу-танымдық, көзқарасына, мотивациясына өз ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Қазіргі ғылым мен техниканың талап ететін білімді, жылдан жылға көлемі артып келе жатырған ақпаратты меңгеруде оқушылардың осы білімді игеруге деген қызығушылығының, оқуға мотивациясының алатын орны ерекше. Әсіресе, білім берудің алғашқы баспалдағы болып саналатын Жоғары мектеп студенттерінің оқу-танымдық, мотивациясын қалыптастыру оқыту үрдісінің нәтижелі, жемісті жүргізілуінің басты шарттарының бірі. Бұл қазіргі қоғам жағдайында жоғары мектеп студенттерінің оқу-танымдық, іс-әрекеті мотивтерін қалыптастыруда тиімді әдіс-тәсілдерді, құралдарды, білім беру технологияларын және оны қалыптастырудың т.б. педагогикалық-психологиялық шарттарын іздестіруді талап етеді. Ең алғашқы рет мотивация сөзін А. Шопенгаузер «Четыре принципа достойной причины» мақаласында

қолданды. Қазіргі таңда мотивация психологиялық құбылыс ретінде әртүрлі түсіндіріледі.

Мотивация психология ғылымында жеке бастың мінез-құлқы, іс-әрекеті мен белсенділігін реттейтін фактор ретінде қарастырылады. Ал жеке тұлғаның іс-әрекеттің қандайына болсын мотивациялық ерекшеліктерін ескермей әлеуметтік психологиялық тиімді өзара әрекет, қатынас жасау мүмкін еместігі белгілі. Әрбір жеке тұлғаның мотивациясы өзіндік сипатқа ие болатындықтан, нақтылы фактілер мен заңдылықтарды талқылауға өтпей тұрып, негізгі ұғымдарды анықтап алу керек. Қазіргі кездегі психология ғылымы мотив, мотивация ұғымдарына әр түрлі анықтамалар береді.

Мотивацияға психологиялық тұрғыдан анықтама беретін болсақ, бұл іс-әрекетке энергетикалық импульс пен жалпы бағыттылық беретін психикалық процестердің жиынтығы, яғни адам іс-әрекетінің қозғаушысы деп айтуға болады.

Жеке тұлғаның қажеттілік-мотивациялық сферасын қалыптастырудың қажеттігі В.Р. Асеев, А.Н. Леонтьев, Н.А. Бекшаева, М.С. Искакова, Т.К.Құдайбердиева, В.С. Магун, А. Маслоу, Н.Н. Михайлова, Н.А. Тернова, А.Ю.Тимакова, Х. Хекхаузен және т.б. еңбектерінде көрініс тапты.

Мотивация және мотив мәселелерін дүние жүзінің көптеген ғалымдары зерттеп, өз тұжырымдамаларын жасаған (В.К. Вилюнас, В.И. Ковалев, М.Ш.Магомед-Эминов, А.К. Маркова, Т.А. Матис, В.С. Мерлин, А.Б. Орлов, П.В.Симонов, Д.Н. Узнадзе т.б.).

Адамдардың және жануарлардың іс-әрекетіндегі белсенділіктерінің себептерін ғылыми зерттеудің негізін ежелгі ойшылдар салды (Аристотель, Гераклит, Демокрит, Лукреций, Платон, Сократ).

XX ғасырдың 20 жылдары батыс психологиясында тек адамға қатысты мотивация теориялары пайда болды. Мұнда органикалықтан басқа оқыту және теория нәтижесінде пайда болатын психогенді қажеттіліктер бөліп көрсетіледі.

Кейбір ғалымдар адамға мотивациялық фактор ретінде бұрын тек жануарларда болады деп саналған инстинктерді, ағзаның қажеттіліктеріне де таңса (Э. Фрейд, У. Макдауголл), енді біреулері А.Ф. Лазурский, Н.Н. Ланге, В.М.Боровский, Н.Ю. Войтонис, Л.С. Выготский секілді ғалымдар мотивацияға физиологиялық тұрғыдан қарайды.

Мотивацияны арттыруда шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру проблемасы С.И. Гильманов, В.И. Загвязинский, В.А. Кан-Калик, Н.Д.Никандрова, В.В. Краевский, Н.В. Кузьмин, М.М. Поташкин және қазақстандық ғалымдар З.А. Исаева, А.А.Калюжный, А.П. Сейтешев, Н.Д.Хмель және т.б. еңбектерінде зерттелді.

Қазіргі кезде елімізде және әлемде болып жатырған көптеген өзгерістер сензитивтік кезең болып саналатын жоғары мектеп студенттерінің оқу-танымдық, мотивациясына өз ықпалын тигізбей қоймайтындығы белгілі. Кеңестік дәуір кезеңінде оқу іс-әрекетінің мотивтерін зерттеуге едәуір жұмыстар жүргізілгенімен (А.К. Маркова, Т.А. Матис, А.Б. Орлов т.б.), соңғы

25 жылдағы әлеуметтік, экономикалық және психологиялық өзгерістер оқу іс-әрекеті мотивтерін зерттеуді талап етуде.

Адамзат қоғамының дамуы іс-әрекет түрлеріне, яғни ойын, оқу, еңбек белсенділігіне байланысты. А. Маслоу кез келген іс-әрекетте ең бірінші физиологиялық қажеттіліктердің орындалуы өте маңызды екендігін атап көрсеткен болатын. Алты жасқа толған бала жалпы жүйелі мектеп оқуына даяр болады. Бұл жаста ол өз мінез-құлқын саналы меңгере, өзін басқалармен салыстыра бастағандықтан оған жеке тұлға ретінде қарауға болады. Мектепке дейінгі кезеңнің соңына қарай оның бойында төмендегідей жаңа психикалық сапалар қалыптаса бастайды:

– қоғамдық маңызды іс-әрекетке араласуға деген ұмтылыс;
– өз мінез-құлқын басқару қабілеті;
– қарапайым қорытындылар жасау біліктілігі;
– белгілі дәрежеде сөйлеуді меңгеру;
– басқа адамдармен өзара қарым-қатынас пен іс-әрекетті ұйымдастыру біліктілігі.

Мектеп кезеңіне өту студенттердің іс-әрекеті, басқа адамдармен қарым-қатынасында болатын шұғыл өзгерістермен байланысты. Бұл кезде оқу оның негізгі іс-әрекетіне айналады, жаңа міндеттер пайда болады, айналадағы адамдармен қарым-қатынасы өзгереді. Қазіргі ерекшеліктеріне қарым-қатынасындағы «демократиялылық», мектеп өмірінің нормаларына сәйкес өз мінез-құлқын реттей алмауы жатады. Мұндай жағдай оқу жылының басында жаңадан келген студенттерге тән болғанымен, бірінші курс соңына қарай олардың бойында қойылатын талаптарға қарсы әрекет жасайтындығы байқалады. «Болмайды», «керек», «соңына дейін орында» деген ересектердің қатаң бақылауымен қабылданады және орындалады. Мұның барлығы оқушылармен қарым-қатынас мәнерін өзгертетін жұмсақ, гуманды қарым-қатынасқа көшетін уақыт келгендігін көрсетеді.

Оқушының оқуға мотивациясының оқу іс-әрекетінде алатын орны туралы А.Н.Леонтьев былай деп жазады: «Оқудың нәтижесі оқушының индивуалдық ерекшеліктеріне, оның психикалық процестерінің жүру сипатына, құндылықтарға бағытталуына, іс-әрекетке не итермелейтініне, яғни оның мотивтеріне байланысты.

Студенттердің өздеріне беретін бағасының ұжымға тез бейімделуіне, соған орай оқу мотивациясына да өз ықпалын тигізеді. Бұл бағытта В.Л.Мунтьянның зерттеулері өзіне беретін бағасы адекватты студенттің танымдық қызығушылығы мен оқуға мотивациясы жоғары болатындығын көрсетеді.

Л.И. Рувинский және А.Е. Соловьеваның мәліметтері бойынша студенттердің өзін-өзі бағалау нәтижесінде өз бойындағы кемшіліктерді көруі мүмкін. Бұл жағдайда ол сол кемшіліктерді жою мақсатында өзін тәрбиелеу жұмыстарын жүргізуге мотивациясын арттырады. Ал кейде бұл баланың ішкі жан дүниесінде ішкі дау-жанжалдың пайда болуына әкеліп, оқуға мотивациясының төмендеуіне әсерін тигізеді.

Н.Н. Толстых пен С.А. Куликовтың зерттеулерінде ерте басталған темекі тарту сияқты адиктивтік мінез-құлық (*addiction* – лат. тілінен ауд. зиянды әдеттер) балалардың мотивациялық сферасының бұзылуына әкеліп соқтыратынын көрсетеді. Бірақ, В.А. Худик 13 жасқа дейін темекі тарту жай ғана еркелік, ересек болуға деген ұмтылыс деп өз пікірін білдіреді.

Тасқын атқан жігер бастауыш сынып оқушысын дегбірсіз еткенімен, баланың жас ерекшелігі педагогтың тәрбиесіне көнбейді деуге болмайды. Студенттердің жүргізген жұмысына қызығып, оның талабына орай төменгі біршама ұстамды, тәртіпті де байсалды бола алады. Бірақ оның күш-қуатының қозғалысқа деген талабына ойлы айла-амал іздеген жөн. жасатып, үзіліс кезінде жүріп-тұруына мүмкіншілік беру керек, мұның барлығы төменгі жалығып кетпеуіне, өзінің жеңе біліп, өзін-өзі билей білуіне қабілетті етеді.

Іс-әрекетіне еркін, жан-тәнімен араласуында олардың өзінік өзіне беретін бағасы сияқты психологиялық ерекшеліктерінің алатын орны ерекше. Мысалы, өзіне беретін бағасы адекватты, өзіне сенімді өздерін сенімді ұстап, оқуға шын ниетімен араласа алады. Бұл жөнінде В.А. Сухомлинский «Тәрбиеленушіні өзіне адам ретінде қарауға үйрету – бұл оның бойында өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылыс туғызады, ерік күшін арттырады» – деп жазады.

Алғашқы курс студенттеріне жалпы сипаттама бергенде қарағанда өзінің психикалық және денелік жағынан алғанда едәуір айырмашылығы бар екенін ескермеуге болмайды. Егер бірінші курс студентінің ортақ белгілері мол болып келсе, жоғары курста өзіндік ерекшеліктері байқала бастайды. А.Н.Леонтьевтің, П.П. Бонскийдің және А.А. Смирнов пен П.И. Зинченконың зерттеулері, еріксіз еске қалу ең алдымен субъективтілік себептерге байланысты екендігін көрсетіп отыр. Зерттеулер студентті еріксіз еске қалдыруы кейде тіпті еріксіз еске сақтаудан әлдеқайда тиімді, әсерлі болатынын көрсетеді. Бұл туралы А.А.Смирнов зерттеу нәтижелерін жинақтай отырып, «еріксіз түрде болса да, белсенді ойлау, саралау қызметі нәтижесінде естерінде сақталынып қалған нәрселер ерікті, саналы түрде әдеттегі жалған міндетті орындау барысында есте сақталған нәрселерден гөрі ұзақ, әрі нық сақталынады» деген қорытынды жасайды. Бұл қорытындылар материалын меңгеруде оқу мотивацияның жоғары болуының маңызы зор екендігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесі саясатының басты мақсаттарының бірі – жан-жақты, жоғары білімді, шығармашылық қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Демек, қазіргі ғылыми-техникалық прогресс дәуірінде өндіргіш күштердің дамуымен бірге, қоғамның түрлі салаларында шығармашылықпен жұмыс істеудің мәні өсуде. Ал бұл іс-әрекетті алдын ала жоспаралап, оңтайлы әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, тиімді ұйымдастыру біліктерінің болуына тікелей байланысты.

Студенттің танымдық іс-әрекетін, оның жоспарлау және ұйымдастыру біліктерінің қалыптастыру мақсатында түрлі танымдық тапсырмалар дайындауда мынадай талаптар ескерілуі қажет деп есептейміз:

- оқылатын пәннің және кәсіптік сипатын ескеруі қажет;
- танымдық тапсырмалар түрлі деңгейде болу керек;

– кезекті тапсырма бұрын берілген тапсырмамен байланысты және бір жүйеде берілуі;

– танымдық тапсырмалар іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндей болуы;

– білімі мен біліктерін жетілдіретіндей;

– тапсырмалардың «қарапайымнан-күрделіге» өзгеруі.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1 Ковалев.В.И. Мотивация учения и ее воспитание у школьников. – М.: Педагогика, 1983.

2 Ковалев В.И. Мотивы поведения и деятельности. – М.: Наука, 1998.

3 Дубовицкая Т.Д. Методика диагностики направленности учебной мотивации. Психологическая наука и образование. 2002, №2.

4 Леонтьев А.К. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1975. – 304 с.

5 Маслоу А. Мотивация и личность. – М., 1996. – 467 с.

**ҒТАМР 14.33.01**

# ТОПТА ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОМАНДАЛЫҚ ЖҰМЫС ЖАСАУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Д.М. Косымова**
*Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*
**А.Қ. Бекетова**
*Жетекші, PhD-доктор, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*

Заманауи жағдайда өндіріс және бизнес басшылары саланы дамытуға мүмкіншілік беретін – командада жұмыс жасау дағдысы жетілген жұмыскерлерді талап етеді. Өкінішке орай, түрлі зерттеулер жоғары сынып оқушыларының көпшілігі қажетті деңгейде бірлесе жұмыс жасай алмайтынын көрсетеді. Осы себепті мектепте оқу үрдісі барысында жоғары сынып оқушыларының команда құрамында жұмыс істеу дағдысын барынша жетілдіру керек. Бұл жұмыс жоғары сынып оқушыларының ұжымдық жұмысқа қабілетін арттыру үшін қажетті жобаланған топтық оқыту моделінің тиімділігін зерттеу мақсатында жүргізілді. Бұл Алматы қаласы жалпы білім беретін №84 мектебінің 11 «А», 11 «Ә» сынып оқушылары арасында 01.02 – 25.05.2022 ж. аралығында жүргізілген командалық жұмыс үшін оқушылар бойында дамытылуға тиіс төрт аспект – бөлісу, ынтымақтастық, басқалардың құқықтары мен игілігін ескеру, басқаларға қамқорлық – тұрғысынан қарастырылған зерттеу болды.

Зерттеу нәтижелері екі сыныптағы оқушылардың командалық жұмыс жасау қабілетін арттыруда жобаланған бірлескен топтық оқытудың құрамдық моделінің тиімді екенін көрсетті. Жүргізілген жұмыс арқылы қарастырылған барлық аспектілер жетілдірілді. Олардың ішінде «ынтымақтастық», «басқалардың құқықтары мен игілігін ескеру», «басқаларға қамқорлық» аспектілері «жоғары» санатқа, ал «бөлісу» аспектісі «орташа» санатқа көтерілді.

***Түйін сөздер:*** бірлескен оқу, ынтымақтастық, басқалардың құқықтары мен игіліктері, қамқорлық, бөлісу.

Қолданыстағы технологияның даму қарқыны, жаһандық бәсекелестіктің шиеленісуі және түрлі нысандағы жылдам жүріп жатқан өзгерістер – әр түрлі дамыған және дамушы елдердегі экономикалық және өнеркәсіптік салалардағы

өзгерістерге алып келді. Бүгінде бизнес пен сала басшыларына негізінен өз бизнес салаларында табысқа жету үшін ынтымақтаса командалық жұмыс жасауға қабілетті қызметкерлер қажет [1]. Өкінішке орай, әр түрлі зерттеулер жалпы жоғары сынып оқушыларының командалық жұмыста бірлесе қажетті деңгейде жұмыс істей алмайындығын көрсетеді [2]. Сонымен қатар, жұмысшы қызметіндегі қызметкерлердің сыни ойлау құзіреттілігі мен командада бірлесіп жұмыс істеу қабілетінің деңгейінің төмендігі байқалады [3]. Сол себепті орта мектептегі оқу үрдісінде бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту қажет. Оқыту барысында командалық жұмыс дағдысын қалыптастыратын стратегиялар, әдістер мен тәсілдерді қолдану қажеттігі түсінікті. Бірақ солардың ішінде «Жоғары сынып оқушыларының топтық жұмыста бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамытуға қандай оқыту стратегиясы қолайлы?» деген сұраққа жауап беру қиын. Бұл қиындық орта мектептердегі әдеттегі оқу үрдісіне, бір-бірімен қарым-қатынасына, сыныптағы ахуалға т.с.с байланысты болуы мүмкін.

Сабақтағы оқу мақсаттарының жетістік тұжырымдамасы ынтымақтастықтан гөрі бәсекелестікке негізделеді. Жалпы қоғамдағы түсініктің өзінде «табысқа жету – командалық жұмыстың негізі болып табылатын өзара тәуелділіктің емес, тәуелсіздіктің нәтижесі» ретінде анықталады. Дамыған елдер бұл тұжырымдамадан бас тартқан [4]. Стивен Ковидің «Тиімділігі жоғары адамдардың 7 әдеті» атты бестселлерінде қазіргі өмір мен заманауи менеджмент парадигмасындағы ең жоғары дағды – өзара тәуелділік деп қарастырған. Бизнес, өндіріс саласынының жетістіктері адамдар арасындағы әрекеттесудегі – тәуелділік, тәуелсіздік, өзара тәуелділік ұғымдарының өзара қатынас деңгейімен өлшенеді. Осы ұғымдарды ретімен орналастырсақ, тәуелділік төмен, тәуелсіздік орташа, өзара тәуелділік жоғары деңгейде орналасуы тиіс. Заманауи тұжырымдаманың бұл ауысуы түсінікті, өйткені ғылым салаларының барған сайын мамандандырылуы сонша, өнім өндіру үшін ғылымның бірнеше салалары арасында үйлесімді ынтымақтастық болуы керек. Ол адамдардың бірлесе жұмыс жасауын талап етеді. Бәсекелестіктен көрі ынтымақтастықтың маңыздылығын немесе тәуелсіздіктен гөрі өзара тәуелділіктің маңыздылығын көрсететін оқу процесінің маңыздылығын Флинн [5] және Грэм [6] өз еңбектерінде атап көрсетті. Егер оқу процесінде бәсекелестік дамытылса, жоғары сынып оқушыларының мінез-құлқы мен іс-әрекеттері басқаларға басымдылық жасауға бағытталуы мүмкін. Шын мәнінде, екінші жағынан, ынтымақтастық пен өзара тәуелділікті дамыту жұмыс әлеміне кірігуде болатын қиындықтардан жол табуға, көшбасшылық және басқару қабілеттерін артуына себепші болады [5, 6].

Қазірде оқу үрдісінде командалық жұмысқа баулитын топтық оқуға негізделген оқытудың әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылады. Жалпы, топтық жұмыс – проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау барысында бірлесіп жұмыс жасауды көздейді. Дегенмен, топтық оқыту стратегияларын саралау нәтижесінде – топтың әр мүшесінің жұмыс барысында атқаратын қызметі толықтыруды, жіктеуді қажет ететінін анықтадым. Себебі, қазірде оқушылар – көшбасшы (ұйымдастырушы), хатшы, таймкипер, спикер қызметтерін өзара

бөлісіп атқарады. Бұл құрам төменгі, орта буын оқушылары үшін жеткілікті болғанымен, жоғары сыныптағы топтық жұмыста тиімділігі төмен. Шынымен де, ең мықты деген команда құрамына кіретін адамдар бірін-бірі толықтырып тұратын үйлесімді құраммен ерекшеленеді. Саралай келе жоғары сынып оқушыларында командалық жұмысқа баулитын топтық оқытудың құрамдық моделі жобалауды және сол модельдің тиімділігін тәжірибеден өткізуді жөн көрдім. Жобаланған құрамдық модельде топтық жұмыста оқушылар әр жолы кезектесе атқаратын қызметтер ұсынылды, олар:

Ымыраластырушы – команда мүшелерінің арасында үйлесімділік пен өзара түсіністікті қамтамасыз ете отырып, топ мүшелерін мақтап-мадақтайды, соңғы пікірлер арасындағы алауыздыққа жол бермейді.

Ынталандырушы – команданы энергиямен қамтамасыз етеді, мәселелерді шешуге бағытталған тың идеялармен жұмыс жасауға ынталандырады.

Бағалаушы – сыни тұрғыда талданған барлық ұсыныс нұсқаларының арасынан негіздемесі бар ортақ шешімді ұсынады.

Идея ұсынушы – мәселені шешудің және тапсырманы орындаудың немесе ұйымдастырудың жаңа, ерекше әдісін ұсынады.

Көшбасшы – міндеттерді белгілейді және қатысушыларды нәтижеге жету жолына бағыттайды, топтың бағытын үнемі бағдарлайды және ресурстарды үйлестіреді.

Тіркеуші – топтың әр мүшесінің өз міндетін дұрыс түсінітінін негізге ала отырып хронометражды тіркеулер арқылы команданың ұйымдасуы мен шоғырлануын бақылайды.

Қорытындылаушы – топтың әрбір мүшесінің қызметін белгілейді және олардың идеялары мен пікірлерін дамытады, топішілік талдауды жүзеге асырып жұмысты қорытындылайды.

*2. Әдістер.* Осы зерттеудің айнымалылары: (1) тәуелсіз айнымалы ретінде бірлескен топтық оқыту моделі және (2) тәуелді айнымалы ретінде оқушының командалық жұмысқа деген төрт өлшемнен тұратын қабілеті болды. Олар: бөлісу, ынтымақтастық, басқалардың құқықтары мен игілігін ескеру, басқаларға қамқорлық. Жүргізілетін эксперименттік процедуралар (1) оқушылардың командалық жұмыстың маңыздылығы туралы түсінігін дамытуды; (2) команданы қалыптастыру; (3) командаға өзінің негізгі міндетіне назар аударуына көмектесу; (4) тапсырмаларды оқушылар арасында теңдей бөлу; (5) оқушылардың жауапкершілігін дамыту; (6) оқушылардың жазу дағдыларын жетілдіру; және (7) оқушыларды мұғалім тарапынан алғашқы көмек және кері байланыспен қамтамасыз ету; (8) зерттеудің әдістемелік-процедуралық негізін жасауды (Pretest, Posttest әзірлеу; оқытудың құрамдық моделін жобалау; нәтижелерін өңдеу) қамтиды.

Эксперименттік зерттеуге екі сыныптан жалпы 45 оқушы қатысты. Жұмыс кезеңдері:

1) Оқушылардағы топтық жұмыс аспектілерінің жағдайын бағалау (тест, сауалнама);

2) Сабақтарда топтық оқытудың құрамдық моделін биология сабағында (01.02-25.05.2022жж. аралығында) қолдану [7];

3) Жүргізілген жұмыстан кейінгі оқушылардағы топтық жұмыс аспектілерінің жағдайын бағалау (тест, сауалнама);

4) Зерттеу нәтижелерін талдау, қорытынды жасау.

*3. Нәтижелер және оны талдау.*

Жоғары сынып оқушыларының топта жұмыс істеу қабілетінің бастапқы көрстекіштері пайыздық талдауға негізделген, атап айтқанда барлық оқушылардың алған нақты ұпайын идеалды максималды баллға бөлу нәтижелер 1-кестеде көрсетілген.

*Кесте 1. 11 «А» сынып оқушыларының топтық жұмыс негізіндегі оқыту үлгісімен оқу процесіне қатысқанға дейінгі сауалнама нәтижесінің көрсеткіштері.*

| **Айнымалы<br>Ішкі айнымалы** | **Жоғары шектік мән** | **Сауалнама нәтижесі** | **%, деңгей** |
|---|---|---|---|
| 11 «А» сынып оқушыларының бастапқы топтық жұмыс қабілеті | 120 | 39 | 32% (Т) |
| Бөлісу | 30 | 9 | 30% (Т) |
| Ынтымақтастық | 30 | 11 | 36,67% (О) |
| Басқалардың құқықтары мен игілігін ескеру | 30 | 9 | 30% (Т) |
| Басқаларға қамқорлық | 30 | 10 | 33,33% (О) |

*Т = Төмен (1-33); О = Орташа (34-65); Ж = Жоғары (66-100).*

*Кесте 2. 11 «Ә» сынып оқушыларының топтық жұмыс негізіндегі оқыту үлгісімен оқу процесіне қатысқанға дейінгі сауалнама нәтижесінің көрсеткіштері.*

| **Айнымалы<br>Ішкі айнымалы** | **Жоғары шектік мән** | **Сауалнама нәтижесі** | **%, деңгей** |
|---|---|---|---|
| 11 «Ә» сынып оқушыларының бастапқы топтық жұмыс қабілеті | 120 | 35 | 29% (Т) |
| Бөлісу | 30 | 8 | 26,67% (Т) |
| Ынтымақтастық | 30 | 10 | 33,33% (О) |
| Басқалардың құқықтары мен игілігін ескеру | 30 | 9 | 30% (Т) |
| Басқаларға қамқорлық | 30 | 8 | 26,67% (Т) |

*Т = Төмен (1-33); О = Орташа (34-65); Ж = Жоғары (66-100).*

1-кестеден көріп отырғанымыздай, жалпы екі сыныпта да командалық жұмыс істеуге деген бастапқы қабілеті әлі де жеткілікті деңгейде емес. Нақтырақ алсақ, көптеген аспектілер, яғни «бөлісу», «басқалардың құқықтары мен игілігін ескеру» және «басқаларға қамқорлық» аспектілері «төменірек» деп жіктеледі. Екі сыныпта да «орташа» деп жіктелген жалғыз аспект бар, ол – «ынтымақтастық». Бұл зерттеудің нәтижелері жоғары сынып оқушыларының командада жұмыс істеу қабілеттерін дамытуды қажет ететінін көрсетеді. Осыған мән берілмесе, болашақта мектеп түлектерінде командалық жұмыс барысында түйткілді мәселелердің туындауына алып келетіні сөзсіз.

Жоғары сынып оқушыларының топта жұмыс істеу қабілетінің бастапқы көрстекіштері мен соңғы көрсеткіштері пайыздық талдауға негізделіп, атап айтқанда барлық оқушылардың алған нақты ұпайын идеалды максималды баллға бөлу нәтижелері 3-кестеде көрсетілген.

*Кесте 3. 11 «А» сынып оқушыларының топтық жұмыс негізіндегі оқыту үлгісімен оқу процесіне қатысқанға дейін және кейін жүргізілген зерттеу нәтижелерін салыстыру кестесі.*

| **Айнымалы<br>Ішкі айнымалы** | **Жоғары шектік мән** | **Сауалнама нәтижесі** | **%, деңгей** | **Сауалнама нәтижесі** | **%, деңгей** |
|---|---|---|---|---|---|
| 11 «А» сынып оқушыларының бастапқы топтық жұмыс қабілеті | 120 | 39 | 32% | 85 | 70,8% (Ж) |
| Бөлісу | 30 | 9 | 30% | 18 | 60% (Ж) |
| Ынтымақтастық | 30 | 11 | 36,67% | 23 | 76,67% (Ж) |
| Басқалардың құқықтары мен игілігін ескеру | 30 | 9 | 30% | 22 | 73% (Ж) |
| Басқаларға қамқорлық | 30 | 10 | 33,33% | 22 | 73% (Ж) |
| Кезеңдер | Pretest | | | Posttest | |

*Т = Төмен (1-33); О = Орташа (34-65); Ж = Жоғары (66-100).*

*Кесте 4. 11 «Ә» сынып оқушыларының топтық жұмыс негізіндегі оқыту үлгісімен оқу процесіне қатысқанға дейін және кейін жүргізілген зерттеу нәтижелерін салыстыру кестесі.*

| **Айнымалы Ішкі айнымалы** | **Жоғары шектік мән** | **Сауалнама нәтижесі** | **%, деңгей** | **Сауалнама нәтижесі** | **%, деңгей** |
|---|---|---|---|---|---|
| 11 «Ә» сынып оқушыларының бастапқы топтық жұмыс қабілеті | 120 | 35 | 29% (Т) | 81 | 67,7% (Ж) |
| Бөлісу | 30 | 8 | 26,67% (Т) | 19 | 63,3% (Ж) |
| Ынтымақтастық | 30 | 10 | 33,33% (О) | 22 | 73,3% (Ж) |
| Басқалардың құқықтары мен игілігін ескеру | 30 | 9 | 30% (Т) | 20 | 66,67% (Ж) |
| Басқаларға қамқорлық | 30 | 8 | 26,67% (Т) | 20 | 66,67% (Ж) |
| Кезеңдер | Pretest | | | Posttest | |

*Т = Төмен (1-33); О = Орташа (34-65); Ж = Жоғары (66-100).*

*Сызба 1. 11 «Ә» сынып оқушыларының топтық жұмыс негізіндегі оқыту үлгісімен оқу процесіне қатысқанға дейін және кейін жүргізілген жұмыс нәтижелерінің салыстырмалы графигі.*




Жоғарыдағы кестеден және сызбадан көріп отырғанымыздай, алғашқы сынақ нәтижелеріндегі барлық аспектілер «жоғары» санатқа дейін дамыды. Екі сыныпта да дамуы «орташа» санатқа жеткен бір аспект болды. Бұл «бөлісу» аспектісі. Жалпы, талдау нәтижесі мектептегі айырмашылықтар тұрғысынан алғанда жоғары сынып оқушыларының топта жұмыс істеу қабілетін жақсарту үшін қолданылған бірлескен топта оқыту моделінің (оны құрастыруда таңдалып алынған әдіс-тәсілдердің) тиімділігін көрсетеді. Бұл сыныптарда қолданылған бірлескен оқыту моделі жоғары сынып оқушыларының топ болып жұмыс істеу қабілетін дамытуда екі сыныпта да бірдей тиімді екенін білдіреді.

*Қорытынды.* Зерттеу жұмысындағы талдау нәтижелеріне сүйене отырып осы жобаланған оқытудың құрамдық моделінің жоғары сынып оқушыларындағы командалық жұмыс жасау құзіреттіліктерін дамытуда тиімділігі дәлелденді. Негізіне қарасақ, осы зерттеу орны ретінде таңдалыған сыныптардағы оқушылардың жалпы топта жұмыс істеу қабілеті бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленбейді. Төрт аспектінің ішінде екі сыныпта да айтарлықтай ерекшеленетін бір ғана өлшем бар, ол басқаларымен салыстырғанда төмендеу көрсеткішке ие – «бөлісу» аспектісі. Сондықтан, бұл зерттеу жоғары сынып оқушыларының топтық жұмыс қабілетін арттыру үшін бірлескен топтық оқытудың тиімділігін тереңірек зерттеу үшін жүргізілді. Нәтижені басқа да мұғалімдер өз жауапкершілігіне алатын оқу үрдісінде пайдалана алады. Осылайша, жоғары сынып оқушылары жұмыс және жоғары оқу орындары әлеміне енгенде өте қажет болатын жақсы командалық жұмыс қабілетіне ие болар еді.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Lookatch R.P. Бірлескен оқыту және мультимедиа: бір бастан екі бас жақсы ма? Techtrends, 41(4), 2016. – 27-31 б.

2 Ховард С.А. Сыныптағы бірлескен топтық жұмысқа жетекшілік ету. Тиімді оқыту, 3(1), 2018. – 1-18 б.

3 Александер М.В. Сыныптағы топтық жұмысты оқушылардың қабылдауы. Білім форумы, 51(3). 2017. – 7-10 б.

4 Кови С.Р. Тиімділігі жоғары адамдардың жеті әдеті, 2018.

5 Флинн Г. Топтық жұмыс үшін тегіс жүзу. Жеке журнал, 74 (6), 2015. – 26-34 б.

6 Грэм Р.А., Грэм Б.Л. Ынтымақтастықпен оқыту. Journal of Education for Business, 72 (3), (2017). – 149-152 б.

7 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. – Алматы, 2015. – 180 б.

ҒТАМР 34.01.45

# БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ ГЕЙМИФИКАЦИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕМЕСІ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

**Қ.С. Есенбекова**
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.*

Қазіргі таңда білім алушылар цифрлық технологияға бейімделген,білім беру саласында дәстүрлі форматта оқыту оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын азайтып жатыр. Осы тұста мұғалімдер қандай жаңа технологияны алып келе алады, барлық мұғалімге сұрақ болып отырған маңызды мәселе. Оқушының қызығушылығын оята отырып білім беру, білім сапасын арттыру ол өте маңызды. Мақаламда мұғалім осындай мәселелерге тап болған кезде арнайы цифрлық элементтермен тығыз байланысты геймификация элементтерін ұсынғым келеді. Геймификацияның отандық және шет елдік,әлемдік тәжірибелеріне тоқталатын боламын.

Жалпы білім беру жүйесінде қоғамдық гуманитарлық, жаратылыстану бағыттары болып бөлінгендіктен жоғары сынып оқушылары өз бағытында оқып жатыр бейінді пән ретінде таңдаған білім алушылар биология пәнін тереңдетіп оқуда, ал бейінді пәні емес оқушыларға биологияны негізгі орта білім беру пәні ретінде қалай ары қарай оқыта аламыз, сонымен қатар төменгі сынып оқушылары сабақ оқуға қызығушылықтары болмауда бұл мәселелер биология сабағында көптеп кездесіп жатады. Осы екі мәселені «Биология» сабағында интерактивті құрал ретінде геймификация элементтерін пайдалану арқылы шешетін боламыз. Дәстүрлі сабақ барысында тапсырмалардың бірсарындылығынан гөрі оқушылар геймификация элементтері арқылы бәсекеге қабілеттілігі артады, келесі артықшылығы бағалаудың артықшылығы бағалау ашық жүйеде орындалады, бұл элементтерді пайдалану тақырыптардың ұзақ есте сақталуына көмектеседі. Елімізде ҰБТ кезеңінде оқушылардың қиналып қалатындығы рас себебі бұрынғы материалдарды есінде сақтай алмайды, ал білім беруді есте қалатындай оқушылар ыңғайына сай жасасақ ондай мәселелер туындамайтыны анық.

Геймификация элементтері – ойын механикасы, эстетикалық құрылған бұл жүйеде контексттік ойындар, анықтамалар, сабақ соңындағы қорытындылар ұпай жинау, деңңгейлерге көтерілулер болады. Бастысы білім

беруде цифрлы сауаттылықпен қаруланған оқушылар үшін цифрлы білім беру арқылы білім сапасын арттыру.

***Түйін сөздер:*** тәжірибе, геймификация, элементтер, дәстүрлі формат, эстетика, контекстік ойындар, интерактивті құралдар.

Қазақстанның тұрақты даму мақсаттарының белсенді мүшесі ретінде білім сапасын арттыру баста мақсатымыз болып табылады.Жастарды түрлі жаңашылдықтар арқылы оқыту олардың білімге деген ынтасын арттыру басты мақсатымыз.Отан мен халыққа деген жауапкершілік пен сүйіспеншілікті арттыру. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Елдің бәсекеге қабілетті болуы, әрбір азаматтың дарында әрі білімді болуы деген сөз. Сауаттылық сананы игеру ғана емес, сонымен қатар өз болмысың мен күшінді көрсете білу. Жаңа Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес негізгі міндеттер айқындалды: қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру; жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту; ғылымның ел экономикасына қосар үлесінің артуы. Қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі дамыған цифрлық инфрақұрылым болып табылады. «Сондықтан білім беру ұйымдарында IT-инфрақұрылымды, цифрлық білім беру ресурстарын, ашық онлайн – курстардың желілері мен платформаларын дамыту, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру қажет» – деп ҚР Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов жаңа Мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттары туралы баяндамасында атап өтті [1].

Білім беруде ойын технологияларын қолданудың маңыздылығы өте зор, өйткені «білім беру іс–әрекеті күрделі және күнделікті әрекет болып табылады, студенттердің күш-жігерін талап етеді, көбінесе олардың шаршауын тудырады және ойын механикасы оқушылардың мінез-құлқына және оқу нәтижелерінің тиімділігіне, оқушылардың субъективті белсенділігіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін [1].

Геймификация элементтерін пайдалану арқылы сабақ өту дағды қалыптастыру, жаңашылдық бастамасы арқылы, білім беру жүйесіне жаңа бастама беру. Интерактивті құралдардың бүгінгі таңда саны көп. Бірақ қаншалықты білім сапасын жақсартып жатыр?

*Геймификация ұғымы.* Алғаш рет 2002 жылы американдық бағдарламашы және өнертапқыш Ник Пеллинг (Nick Pelling) қолданған гамификация (gamification) термині 2010 жылға қарай танымал болды және бүгінде адам қызметінің көптеген салаларында (бизнес, персоналды басқару, денсаулық сақтау, білім беру) және әртүрлі күрделілік деңгейіндегі әртүрлі мәселелерді шешудің ерекше әдісін белгілеу үшін қолданылады. Ірі әлемдік брендтер (Microsoft, Volkswagen, Nike) ойын технологиясын қолданады, өз клиенттерін ойындарға қатыстырады және өз өнімдерін сатуды ынталандырады

[2] Л.П. Варенина білім беру саласында ойын технологияларын қолдану мәселесін, ойынның ерекшеліктерін салыстырған. «Геймификация» ұғымы адамның шығармашылық қабілеттерін ашуға және жетістікке жетуге ынталандыруға мүмкіндік беретін үрдіс ретінде қарастырылған [2] Зерттеу материалдары және әдістері.

Жұмысымда жүйелі, логикалық, практикалық талдау жасадым. Гемификацияның бұрынғы элемеенттерін негізге ала отырып оны биология сабағында қолданып көрдім. Бұл элекементтер бәсекелестік, ойдың ұтқырлығы, жылдамдық, ынта. Бағалаудың ашықтық кезеңдерін қамтиды. Цифррлы Қазақстан әлеуетіне бұл басқару жүйесіне сай.

Мұндай геймификацияланған оқытудың артықшылықтарының бірі – жүйенің білім алу мүмкіндігі, онда қатысушының ойын сәттілігі оның дағдылары мен білімімен анықталады, оны кейіннен нақты әлемге ауыстыруға болады. Геймификация жағдайында жүзеге асырылатын оқу үрдісінің ерекшеліктері білім алушылардың оқу мен танымға деген қызығушылығын арттыру ғана емес, сонымен қатар мақсаттар мен міндеттердің күрделілігін біртіндеп арттыру болып табылады.

*Кесте 1. Гемификация және басқа ойын тәжірибесін салыстыру.*

| **Салыстыру параметрі** | **Дәстүрлі ойындар** | **Рөлдік ойындар** | **Іскерлік ойындар** | **Симуляторлар** | **Гемификация** |
|---|---|---|---|---|---|
| Риясыздық | жоқ | ия | жоқ | жоқ | жоқ |
| Ережелердің болуы | ия | жоқ | ия | ия | ия |
| Мақсаттың болуы | ия | жоқ | ия | ия | ия |
| Құрылымы | ия | жоқ | ия | ия | ия |
| Нақты әлем | жоқ | жоқ | ия | ия | ия |
| Жүйелілік | жоқ | жоқ | ия/жоқ | ия/жоқ | ия |

Цифрлық әлемде мұндай өсу ұпай, сыйақы алу арқылы мүмкін болады, ал іс жүзінде бұл жаңа дағдылар мен құзыреттерді игеруге үйретеді. Геймификацияланған оқу үрдісін жобалау кезінде оқытушы компьютерлік ойынның негізгі қасиеттерін ескеруі керек: өзара әрекеттесу, динамика, механика және эстетика. Қазіргі уақытта геймификация әдістерін бүкіл әлем бойынша әртүрлі білім беру мекемелері енгізуде [15, 16]. Отандық және шетелдік оқытушылардың тәжірибесін талдау барысында біз көп немесе аз дәрежеде геймификацияның принциптері мен идеясына сәйкес келетін бірнеше компьютерлік қызметтер мен платформаларды бөлдік. Талдау үшін келесі критерийлер қолданылды:

– меңгерудің қарапайымдылығы (пән мұғалімдері, техник-бағдарламашы мамандар емес);

– пайдаланудың ыңғайлылығы, бірнеше тілді интерфейстің болуы;

– ақылы/тегін қызмет;

– ресурс кімге арналған (қандай мектеп пәндерін қолдануға болады, ойынға қатысушылар);

– оффлайн жұмыс істеу мүмкіндігі;

– (ұпайлар мен марапаттар жүйесі.

Таңдалған критерийлерді дұрыс қолдану үшін оқытуды геймификациялау мүмкіндігі бар бағдарламалық құралдардың барлық түрлері топтарға бөлінді: ойын құрастырушы сайттар, ойын платформалары, білім беру квесттері, оқытуды басқару қызметтері, дайын онлайн тренажерлер, бағдарламалауды оқытудың ойын құралдары.

Оқытуды геймификациялау үшін дидактикалық әлеуеті бар бағдарламалық қызметтер мен платформалардың ауқымы өте кең және алуан түрлі. Біз талдау жасаған құралдар шет елдерде оқытушылар мен білім алушылар арасында ең танымалдылары. Арнайы талдау критерийлерін ескере отырып және геймификация идеясын барынша толық іске асыру үшін қазақстандық білім алушылар үшін өз тілінде жасалған геймификациялық құралдар жоқтығын байқауға болады. Геймификация көбінесе әр білім алушының жеке ерекшеліктеріне байланысты жасалады. Қазақстан аумағында тәжірибеде геймификация әзірге кең тарала қойған жоқ. Негізгі себептері университеттердің әлсіз технологиялық жабдықталуы, нақты алгоритмнің және оны практикалық қолдану бойынша әдістемелік құралдардың болмауы деп түсінеміз. Тағы бір ескеретін жайт, сабақтарда ойын элементтерін қолдану өте қиын, себебі геймификацияланған ойын құру үшін оқытушыдан бірнеше сағатты қажет етеді, алдымен ойын бағдарламалауды, құралдарды, жаңа технологияларды тиімді пайдалану үшін жаңа әдістерді үйрену керек.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Бахметьева И.А. Игрофикация в образовании. Pedagogical Sciences, «Colloquium– journal». – 2019.

2 Караваев Н.Л. Анализ программных сервисов и платформ, обладающих потенциалом для геймификации обучения. Науч.-метод. электрон. журн. «Концепт». – 2017, № 8.

3 Олейник Ю.П. Игрофикация в образовании: к вопросу об определении понятия. Современные проблемы науки и образования. – № 3, 2015.

4 Орлова О.В. Геймификация как способ организации обучения. Вестн. Том.гос. пед. унта. – 2015, № 9 (162).

5 Huotari K. A definition for gamification: anchoring gamification in the service marketing literature. Electron. Markets. – 2017.

6 Dicheva D. Gamification in education: where are we in 2015? / D.Dicheva, C. Dichev // World Conference on E-Learning (ELEARN 2015). Kona, Hawaii. – 2015.

7 Koivisto J. The rise of motivational information systems: areview of gamification research / J.Koivisto, J.Hamari // Int. J. Inf. Manage. – 2019.

8 Deterding S., Dixon D., Khaled R., Nacke L. From game design elements to gamefulness: Defining «gamification». Proceedings of the 15th International Academic MindTrek Conference: Envisioning Future Media Environments. – ACM, New York, USA, 2011.

9 Dichev C., Dicheva D. Gamifying education: what is known, what is believed and what remains uncertain: a critical review. International Journal of Educational Technology in Higher Education. – 2017.

10 Kasurinen J. Publication trends in gamification: a systematic mapping study. J. Kasurinen, A. Knutas. Comput. Sci. Rev. – 2018.

**ҒТАМР 34.01.45**

# БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ЗЕРТХАНАНЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ: ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕГЕ ТАЛДАУ

**А.Қ. Жалғасбек**
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.*

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде білім беру технологияларын дамыту мен қолдану ерекше маңызға ие болуда, бұл, біздің ойымызша, қазіргі білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды факторы болып табылады. Мақалада сандық білім беру үдерісіне білім беру ресурстарын оқу үдерісіне қолдану жөніндегі,соның ішінде сандық зертханаларды қолдану мәселелері қарастырылады.

***Түйін сөздер:*** сандық зертхана, сандық білім беру ресурстары, электрондық білім беру, контент, фактор, дидактика, тәжірибе.

«Биология» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Мақаланың мақсаты, оқушының сандық сауаттылығын,зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруға бағытталады. Сандық білім беру ресурстары оқу үдерісін жақсартуды ұйымдастыру, тұлғаға бағытталған оқыту; сандық білім беру ресурстары оқытушы мен оқушының сабақтан қалған уақыттағы олқылықтарды жоюға; сабақтан кейін өзіндік іздену нәтижелерін жақсартуға;оқушының ізденуіне үлкен мүмкіндік береді.

Сандық білім беру ресурстарының жиынтықтары білім алушыға ақпараттың үлкен ағымын жеткізеді. Оқу үрдісінде сандық зертханаларды қолдану – бұл оқу процесін жетілдіруге, оңтайландыруға,оқушылардың пәнге оқуға деген қызығушылығын арттыруға, дамыта оқыту идеяларын жүзеге асыруға, сабақтың қарқынын, өзіндік жұмыс көлемін арттыруға мүмкіндік беретін тәсілдердің бірін ұсыну әрекеті болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, авторлар мақалада сандық зертханалардың үштұғырлы дидактикалық қызметін: сандық зертханаларды пайдалана отырып оқыту, дамыту, тәрбиелеуге назар аударады.Сонымен қатар Қазақстан және шетелдік тәжірибелерге салыстырмалы талдау жасалады.

Қазақстанның қазіргі кезеңдегі дамуының басты бағыты Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 Стратегиясы» біздің міндетіміз –

қазақстандықтардың және жастардың білімге, интеллектке, Отан мен Халыққа қызмет етуге деген көзқарасын өзгерту. Біз ұлттық интеллекттің өзегін құруымыз керек, бізге халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті адамдар қажет» – деді Президент өз жолдауында. ҚР жаңа білім беру стандарты сыни ойлауды дамытуға және алған білімдерін өмірде қолдануға баса назар аударады. Мұғалімнің қызметі табысқа жету үшін оқыту көмек көрсетуге бағытталуы керек. Білім беру жүйесі білім алушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруда маңызы зор. Заңнамалық деңгейде тиісті бағдарламалар мен бұйрықтар пайда болды, олар мектептер мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын балаларымыздың шынымен заманауи ортада өсуі және олар үшін қызықты түрде өзекті білім алуы үшін барлық қажеттіліктермен жабдықтауға міндеттейді.

Сандық білім беру ресурстарының интерактивтілігі оқу үдерісін оңтайландыру, оны барынша дараландыру мүмкіндігін көздейді. Сандық білім беру ресурсы материалдарының гипермәтіндік белгілерінің болуы оқушыларға өздерінің қызығушылықтарына, қабілеттеріне, дайындық деңгейіне қарай оқу материалының көлемін, зерттеу қарқынын, оқу қызметінің режимін және т.с.с. өз еркімен реттеуге мүмкіндік ашады.

Білім алушылардың инновациялық қызметі биологиялық білім беру үдерісінде белсенді оқытудың тиімді әдістемелерімен тығыз байланысты. Биологиядан белсенді оқытудың тиімділігінің теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеуші ресейлік ғалымдар Н.М.Верзилин, В.М.Корсунская және т.б. Биологиялық білім мен тәрбие берудің әдістемелік мәселелері отандық биолог-әдіскер ғалымдар Қ.А. Аймағанбетова, Н. Торманов, Ж.Б. Чилдибаев, К.Жүнісова, Р. Әлімқұлова, Қ.Ә. Жұмағұлова, С.Е. Қуанышеваның еңбектерінде жан-жақты зерттеліп, талданған. Биологиялық білім беру мәселелерімен айналысқан ғалымдардың еңбектеріне жасалған талдаулар биологияны оқытуды жетілдіруді, оқытудың инновациялық тәсілдерін қарастыруды қажет етеді. Дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үдерісіне ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Жалпы ақпараттандыру – білімді жүйелеуді қамтамасыз етеді және қазіргі ақпараттық-компьютерлік өзгеріс адамның интеллектуалды іс-әрекетінің негізіне айналып отыр.Білім беруді ақпараттандыруға байланысты үздіксіз білім беру, білім берудің ашықтығы, өз бетімен білім алу, білім беру үдерісін оңтайландыру, қашықтықтан оқыту және т.б. білім беру идеялары жүзеге асырылуда. Оқулық оқытудың басым әдісі болып табылады. Біз параграфты зерттей аламыз, білімді тексеретін сұрақтарды қарастыра аламыз. Бірақ тақырыпты зерттеуге үлкен қызығушылықты оқушылар оқу мәселелерін шешу дағдыларын дамытатын зертханалық жұмыстарды жүргізу кезінде танытады және өздерінің жұмысытарына деген қанағаттану сезімі пайда болады. Сандық зертхананы пайдалану – бұл өзара әрекеттесуді ынталандыратын тиімді әдіс.

*Сандық (компьютерлік) зертхана (ЦЛ)* – интерфейсі компьютермен байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өлшеу блогын және әртүрлі физикалық шамалардың: температура,сулы ерітіндінің pH, электр өткізгіштік, қысым, ылғалдылық мәндерін тіркейтін датчиктерді қамтитын оқу жабдықтарының жиынтығы.

Қазіргі уақытта әртүрлі критерийлер бойынша жіктелген цифрлық зертханалардың бірнеше түрі бар:

1. ғылыми бағыты бойынша: физика, химия, ОБЖ және басқа пәндер бойынша цифрлық зертхана;
2. білім алушылардың жасы бойынша: мектепке дейінгі, бастауыш және орта сынып оқушылары үшін;
3. блоктар саны бойынша.

Биологиядан цифрлы және виртуалды зертханалық жұмыстарды құрудың негізін ақпаратты-компьютерлік технологиялар құрайды. Осыған орай ЖОО ақпараттық-білім беру ортасын құру мен дамытудың біртұтас әдістемелік жүйесін жасау негіздерін қарастыру мәселелері туындады. Инновациялық, соның ішінде компьютерлік технологияларды оқу үдерісіне енгізу арқылы болашақ мамандардың дайындық сапасын арттыру мәселелерімен ресейлік ғалымдар А.Г. Абросимов [14] айналысқан, ал жалпы және жоғары білім беру жүйесінде қашықтықтан білім беру технологиялары және электронды білім беру ресурстарын дайындау және қолдануды И.Б. Готскаяның қашықтықтан оқыту технологияларын қолданудың педагогикалық және ұйымдастыру шарттарын Ю.И.Капустиннің зерттеулерінен көруге болады.

*Зерттеу материалдары және әдістері.*

Зерттеу жұмысымыздың барысында мен талдау, жинақтау, абстракциялау, нақтылау, контент-талдау сынды теориялық әдістерін пайдалану барысында сандық білім беру ресурстарын,соның ішінде цифрлық зертханаларды оқу үдерісінде қолданудың маңыздылығын анықтадым. Қазақстан мен басқа да елдердің цифрлық зертханаларды қолдануын зерделедім. Білім беру үдерісіне цифрлық білім беру ресурстарын қолдану оқушылардың пәндік құзыреттілігін арттыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінде жаңа әдістерін қолдануды талап етеді.

Күрделі эксперименттер жүргізу үшін сымсыз өлшеу құралдары мен интерактивті жабдықтардың болуымен мұғалімдер жаратылыстану ғылымдарының заңдарын көрнекі түрде көрсетуге немесе табиғи құбылыстарды түсіндіруге мүмкіндік беретін бірегей зертханалық және практикалық сабақтар жасай алады. Бұл жағдайда мұғалімнің уақыты экспериментке дайындық жасауға жұмсалмайды. Сандық зертхананың қажетті жұмыс режимін таңдап, эксперименттің бастапқы параметрлерін орнатып, датчиктердің көмегімен қорытынды өлшеулер жүргізу жеткілікті. Цифрлық зертханаларды қолдану мектептегі экспериментті жүргізудің дәстүрлі құралдарымен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие:

– эксперимент нәтижелерін графиктер, диаграммалар және кестелер түрінде көрнекі түрде ұсыну, сандық зертханалар ақпараттың үлкен ағынын оңай қабылданатын визуалды түрге айналдырады;

– эксперимент нәтижелерін, өлшеу деректерін сақтау және компьютерлік өңдеу;

– әртүрлі эксперименттер арқылы алынған деректерді салыстыру, экспериментті бірнеше рет қайталау мүмкіндігі;

– зерттелетін құбылыстың динамикасын бақылау; жылдам жүретін процестерді зерттеудің қол жетімділігі;

– эксперимент уақытын қысқарту; нәтиже алу жылдамдығы;

– оқуды даралау, әр оқушының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін есепке алу; оқушылардың бірлескен шығармашылығын ұйымдастыру;

– оқушылардың танымдық қызығушылығының артуы.

Мұғалімдер атап өткендей, цифрлық зертхана оқушылардың практикалық іс-әрекетке деген қызығушылығын айтарлықтай арттырады. Жұмыс барысында білім алушылар қоршаған шындықты зерттеп қана қоймай, сонымен бірге заманауи технологиялармен жұмыс істеуді үйренеді. Тіркеушілерді қолданған кезде олардың қызметі енді сабақтың шеңберімен шектелмейді, студенттер өздері өлшемдер жасайды және эксперименттер жүргізеді, соңында толық қорытынды жасайды.

Шетелдік оқу орындарында, Ресей, Түркия, Иран, Батыс Еуропа елдерінде, АҚШ-та нақтылы және жаратылыстану ғылымдарын зерделеу бойынша физика, химия, биология және геологиядан жеке зертханалар бар. Соның ішінде биологиялық зертхана – ол биологиялық зерттеулерге қатысты барлық құрал-жабдықтармен жасақталған оқу-зерттеу зертханасы. Сонымен қатар зертхана қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдарымен (өрт сөндіргіш,алғашқы жәрдем көрсететін қобдиша), оқытушы мен білім алушыларға арналған зертханалық жұмыс жасау үстелдерімен қамтамасыз етіледі.Денсаулық үшін қауіпті болған жағдайда немесе тәжірибе жасау үдерісінде қымбат материалдар қолданылған жағдайда тәжірибе оқытушының зертханалық үстелінде жасалып, оқытушыларға көрсетіледі.

Әртүрлі дереккөздерді және ақпараттық құралдарды пайдалана отырып,қазіргі уақытта оқу жабдықтары нарығында ресейлік және шетелдік өндірушілердің цифрлық зертханалары қол жетімді екендігін анықтадық,ал Қазақстан бойынша цифрлық зертханаларға қолжетімділік тек Ресей және төменде кестеде көрсетілген елдердің өндіруі негізінде жүзеге асып отыр:

*Кесте 1. Цифрлық зертханаларды шетелдік өндірушілер және Ресейдегі дистрибьюторлары.*

| **Маркасы** | **Негізгі өндіруші** | **Ресейдегі дистрибьюторлар** |
|---|---|---|
| SenseDisc | Suweier Science&Technology Co., Китай, http://www.sensedisc.com | ASCREEN http://www.ascreen.ru |
| L-Микро | Лаборатория L-Микро*, Россия www.l-micro.ru | ТД «Школьный мир», www.td-school.ru |
| Архимед | Fourier systems, Израиль www.fourier-sys.com | Москва, ИНТ, www.int-edu.ru |
| AFS | Vernier, США, www.vernier.com | Все для школы www.afsedu.ru |
| Science Cube | Science Cube, Корея www.sciencecube.com | Московский учколлектор www.mos-uk1.ru |
| Cobra 4 | PHYWE, Германия,www.phywe.com), | *«Резонанс»* Москва, www.resonance-ed.com |
| PASCO | PASCO, США https://www.pasco.com/ | ЗАО «Polymedia» , http://www.polymedia.ru/oborudovanie/tsifrovye-laboratorii/ |
| ReLab | «Relab, Ltd. Россия (http://relab.ru/) | «Relab, Ltd. Россия (http://relab.ru/ ) |
| Радуга | ООО «НПП Учтехприбор», Россия uchtehpribor@yandex.ru | ТД «Школьный мир», www.td-school.ru |

Яғни, кестеден көріп отырғанымыздай сандық зертханаларды Кореяда, Ресей, Израиль, Германия, Қытай, Америка және т.б өндірумен айналысады. Ал Қазақстан осы аталған елдерден алу арқылы цифрлық зертханаларды жараталыстану ғылымдары саласында зерттеу жұмыстарын жасау үшін тиімді пайдалана алады. Әрбір цифрлық зертхананы қолданысқа алмас бұрын төмендегі талдау жасай отырып жинақталған ақпараттық кестені назарға алу қажет.

*Кесте 2. Сандық зертханалар параметрлерінің жиынтық кестесі.*

| **Атауы** | **Датчиктер саны және модификация** | **ПО** | **Деректерді тіркеуші** | **Әдістемелік нұсқаулық** |
|---|---|---|---|---|
| Архимед 4 | 46 датчик (физика, химия, биология, химия, география) | MultiLab WORD и EXCEL комлектісімен сай | регистратор USBLink | Бар |
| Эйнштейн (EinStein) | 46 датчик (биология, физика, химия, физиология, география) | ПО бірнеше нұсқалы (MiLab/MultiLab) ОС Android/ iOS (iPad) жүйелеріен сәйкес. Windows – | Планшет «Einstein™»екі түрлі регистратормен ПК (Tablet или LabMate) арналған | Бар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | пен жұмыс жасауға болады. | | |
| SenseDisc | 60 датчик (физика, химия, биология, география, қоршаған орта) | iLab комплект құрамында ОС Windows/ Android/ iOS сәйкес | Мультисенсорлық дерек тіркеуші комплект құрамында | Орыс тілде де бар |
| Relab | 40 датчик (химия, физика, биология, экология, география, қоршаған орта) | KidzLab/Relab Lite комплект құрамында. ОС Windows/ Android/ iOS (iPad)/ сәйкес. | Регистратора жоқ, датчиктер компьютерге бірден қосылады. USB датчиктер жеке алынады. | Орыс тілінде бар |
| LabDisc | 40 датчик (физика, химия, биология, физиология, табиғаттану) | GlobiLab Комплект құрамында. «Android», iOS, Windows, Linux сәйкес жұмыс жасайды. | Сенсорлық дерек тіркеуші | Орыс тілінде бар |
| Pasco | 70 датчик (физика, химия, биология, география, экология, бастауыш сыныптағы жүниетану) | Бірнеше нұсқалы ПО SPARK SLS. ОС Windows/ Android/ iOS (iPad)сәйкес,жеке алады. | Дерек тіркеушінің бірнеше түрі бар,жеке алынады. | Орыс тілінде бар edcommunity .ru сайтынан алуға болады. |

Жоғарыда келтірілген кестелерге қарай отырып, Қазақстан мен шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдайтын болсақ, цифрлық зертханаларды қолдануда шетелдік мемлекетттердің практикасы басым екенін өндірістік құрылымына қарай отырып білуге болады. Алайда өндірушілердің Қазақстанда жоқтығы біздің білім беру жүйемізде цифрлық зертханаларды жаратылыстану ғылымдарын, соның ішінде біз қарастырып отырған биологияны оқытуда қолданылмайды деген сөз емес. Яғни бұл талдауларды жасай келе байқайтынымыз,шетелдік тәжірибенің басымдығы.

Жалпы Қазақстан бойынша жоғарғы оқу орындарында және мектептерде «Verner»,» Pasco», «Архимед» сияқты цифрлық зертханалар қолданылады.

A B

*Сурет 1. Қазақстанда қолданылатын цифрлық зертханалар: А – Pasco; В – Архимед.*

Цифрлық зертханаларды қолдана отырып қазір биология бойынша әртүрлі тақырыптарда зерттеу жүргізіліп отырады.

*Негізгі мектеп бағдарламасы:*

– Оттегіге, көмірқышқыл газына, әк суына сапалы реакцияларды зерттеу.
– Кристалдық торлардың моделін құру және талдау.
– Гидролиз және гидратацияны бақылау.

*Толық (орта мектеп) бағдарламасы:*

– Тірі ұлпалардағы ферменттердің каталитикалық белсенділігі.
– Организмдердің тіршілік ету ортасына бейімделуі.

Әртүрлі ұзақтықтағы эксперименттік тапсырмалар, соның ішінде сабақтан тыс зерттеулер:

*«Ботаника» бөлімінде:*

– Өсімдік тамырларының суды сіңіруі.
– Тамыр қысымы. Тамырдың тынысы.
– Жапырақтардың CO2 жарыққа сіңуі және O2 бөлінуі.
– Жапырақтардың тыныс алуы.
– Өсімдіктердің судың булануы.
– Тұқымның тыныс алуы. Тұқымның өну шарттары.
– Термофильді және суыққа төзімді өсімдіктер.

*«Зоология» бөлімінде:*

– Су жануарлары.
– Жылы қанды және суық қанды жануарлар.

*«Адам және оның денсаулығы» бөлімінде:*

– Саусақты қатайту кезінде қан айналымының қиындауы.

– Өкпеде газ алмасу. Өкпенің тыныс алу механизмі. Өкпенің тіршілік сыйымдылығы.

– Дене белсенділігіне ДС реакциясы.

– Терінің экскреторлық, тыныс алу және терморегуляциялық қызметі.

*«Жалпы биология» бөлімінде:*

– Каталаза мысалында ферменттердің субстратқа әсері.

– H2O2 ыдырауы.

– Қоршаған ортаның pH-ның ферменттердің белсенділігіне әсері.

– Фотосинтез процесінің жылдамдығына әсер ететін факторлар.

*Нәтижелер және талқылау.*

Бұл зерттеу жұмысым теориялық талдау әдісі негізінде жүзеге асты. Қазіргі кездегі цифрлық зертханалардың шетелде және Қазақстанда қолданылуы және осы сандық ресурстарды биологияда қолданудың оқушыларға әсері туралы талдау жасалды. Зерттеу нәтижелері цифрлық зертханаларды биологияны оқытуда қолданудың шетелде басым екендігін, ал Қазақстанда әлі де даму үстінде екендігін көрсетті. Цифрлық зертханаларды биологияны оқытуда қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда,зерттеушілік қабілеттерінің дамуында, сонымен қатар пәндік қана емес,технологиялық құрылғыларды өз бетінше қолдана алу дағдысын жетілдіруде маңызы зор.

Қорыта келе, цифрлық зертханалардың көмегімен экспериментті жүйелі түрде жүргізу оқушылардың биологиядан үлгерімі мен сабаққа деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Алынған дағдылар мен біліктіліктерін оқушылар тек мектеп қабырғасында ғана пайдаланып қоймай, болашақта өздік ізденістерде, жоғары оқу орындарында да қолдана алады. Цифрлық зертханаларды Қазақстанда қолдану деңгейі қарқынды даму үстінде. Биологияны оқытуда сандық зертханаларды қолдана отырып, экспериментті жүйелі түрде өткізе білу фактілерді бақылауға, теориялық білімнің көмегіне сүйене отырып оларды түсіндіре білуге,эксперименттік біліктілік пен дағдыларды арттыра түсуге, жұмысты еркін түрде жоспарлай білуге, өз бетінше жұмыс істей білуге, жеке тұлға ретінде қалыптасуға, шығармашылық іскерлігін арттыруға,ақпараттық құрылғылармен жұмыс жасау қабілетінің дамуына үлес қосады.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Галчаский М.Ю. Эффективность использования цифровой лаборатории на уроках в специализированном биологическом классе. Современные подходы к работе с высокомотивированными старшеклассниками: материалы V Всерос. науч.-практ.конф. – Красноярск, 2016. – С. 46-49. URL: https://elibrary.ru/item.asp?id=27459886.

2 Герца А.В. Приёмы работы с цифровой лабораторией. Профессиональный дебют – 2012: сб. науч. ст. и практ.-ориентир. материалов. – Шадринск: ШГПИ, 2012. – С. 239-243.

3 Иванова А.Ю. Практическое моделирование. Компьютерный эксперимент. Лабораторный практикум: Учеб.пособие. – Томск: Том.гос. ун-т систем управления и радиоэлектроники, 2005. – 233 с.

4 Черемисина Е.Н., Антипов О.Е., Белов М.А. Роль виртуальной компьютерной лаборатории на основе технологии облачных вычислений в современном компьютерном образовании. Дистанционное и виртуальное обучение. – 2012, № 1. – С. 53-60.

5 Применение возможностей виртуальных лабораторий в учебном процессе технического вуза. Молодой ученый. – 2016, № 4 (108). – С. 71-74. URL: https://moluch.ru/archive/108/25945/.

6 Гущин Д.Д. Сдам ГИА. URL: https://bio-oge.sdamgia.ru/problem?id=12461.

7 Qazaqstan Respýblıkasynda bilim berýdi jáne ǵylymdy damytýdyń 2020-2025 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy, 2019 jylǵy 27 jeltoqsandaǵy № 988. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988.

8 Muhametjanova S.T. Interaktıvti jabdyóqtarmen jumys jasaýdyń ádis-tásilderi. Ádistemelik qural. – A.: Almatykitap, 2010. – 96 b.

9 Герца А.В., Шарыпова Н.В. Использование цифровых лабораторий в школьном курсе биологии.

10 Шутяева Е.А. Наураша в стране Наурандии: цифровая лаборатория для дошкольников и младших школьников: методическое руководство для педагогов. – Москва: Научные развлечения, 2018. – 75 с.

ҒТАМР 77.01

# 45-50 ЖАСТАҒЫ АДАМДАРДЫҢ ДЕНЕ ҚАСИЕТТЕРІН КИНЕЗОТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

**Ж.Қ. Төлеубекова**
*Магистрант, Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ.*
**Б.З. Зауренбеков**
*Аға оқытушы, PhD-доктор, Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ.*

Мақала 45-50 жас аралығындағы адамдардың денсаулығын сақтау, қалпына келтіру және жақсарту шараларының бір әдістемесі болып табылатын кинезотерапияның мүмкіндіктерін саралауға бағытталған. 45-50 жас аралығындағы адамдарда атрофия процестері дененің барлық тіндеріне, мүшелеріне және жүйелеріне әсер етеді. Белсенділік төмендейді, денсаулық жағдайы депрессияға ұшырайды, созылмалы аурулардың көбеюі байқалады. Дене жаттығуларын қолдануға негізделген көптеген сауықтыру бағдарламалары ересек жастағы адамдардың тән, дене ерекшеліктері мен бұрыннан болған ауруларын толық ескере бермейді. Кинезитерапия құралдарын қолданудың әдістемелік және мазмұнды аспектілері дамудың физикалық ерекшеліктерін, яғни морфофункционалды көрсеткіштердің конъюгациясын ескере отырып, ересек жастағы адамдар үшін маңызды екенін атап өткен жөн.

***Түйін сөздер:*** кинезотерапия, сауықтыру бағдарламалары, таңдау басымдылықтары, физикалық қасиеттер, дене шынықтыру-сауықтыру технологиялары.

Бүгінгі күні адамдардың денсаулығы сауықтыру әдістері мен арнайы бағдарламалардың дамуына тәуелді. Өткен ғасырда сауықтыру шараларында медициналық құралдарға басымдылық берілген болса, қазіргі ғылым мен қалыптасқан тәжірибеде қозғалыс және дене белсенділігін сауықтырудың кинезотеорапия саласы ерекше қарқын алуда.

Адам өмірінің негізі – қозғалыс. Қозғалыстың аздығы немесе мүлде жоқ болуы көптеген аурулардың бастамасы болары анық. Бұған жас ерекшелігіне қарамастан, пассивті, аз қозғалысты өмір сүруге мәжбүр болғандардың барлығы куәлік ете алады. Дене қозғалысының тоқтауы ағзадағы зат алмасу үрдісінің бәсеңдеуіне, бұлшық еттердің босаңсуына, буындардың

қозғалғыштық қасиеттерінің төмендеуіне алып келеді. Ал ұзақ ауырғаннан кейін адам таңғы жаттығулардан бастап, серуендеу, таза ауада жүру арқылы қозғалыс белсенділігін арттыра отырып, арнайы жаттығуларды жасап жүктемені біртіндеп арттыра беретін болса, онда адамның жұмысқа қабілеті артады, көңіл-күйі жақсарады, күш-қуаты жоғарылай түседі. Кинезотерапия осындай жағдайды жасайтын бірден-бір емдік сауықтыру бағдарламасы болып табылады.

Кинезотерапия терминіне келетін болсақ, грек тілінен аударғанда қозғалыс арқылы емдеу деген мағына береді. Бұл емдік дене шынықтыру әдісі, табиғи жолмен адам ағзасының мүшелеріне, әсіресе буындарына, бұлшық еттеріне жақсы әсер ете отырып оның ішкі резервтерін ашуға бағытталған емдік сауықтыру бағдарламасы.

Әрине, қозғалыстың әртүрлі нысандарын пайдалану арқылы өзін-өзі сауықтыру шараларымен адамдар бұрыннан таныс және оны өз білгендері бойынша қолданып-ақ келеді. Халық емшілері тарапынан да осындай емдеу-сауықтыру амалдарының қолданылғаны белгілі. Олардың басым бөлігі емдік гинастика, тынысалу жаттығуларын қамтитын және денеге емдік қасиеті бар деп саналатын арнайы өсімдік және жануар негізді әртүрлі майларды жағумен, арнайы диетаға отыру немесе суға түсу сияқты амалдарды біріктеретін. Бұл амалдардың жалпы адамға залалы болмағанымен, нақты аурып отырған адамды түбегейлі сауықтырудағы үлесі төмен екенідігі де анық. Ғылымның дамуымен осы амалдарға ғылыми негіздеме жасалынып, жетілідіріле түсті.

Кинезотерапия тек анатомия ғылымна ғана сүйенбейді, ол психология, биохимия, биомеханика, физиология және дене шынықтыру ғылымдарын біріктіреді. Бастапқыда кинезотерапия көбінесе тірек-қимыл аппратына қатысты ауруларды сауықтыру әдістемесі ретінде дамыды. Тірек-қимыл аппаратының әртүрлі паталогияларын емдеуде, профилактикалық мақсатта, жалпы денені, ағзаны нығайту, күйзеліс және оның салдарымен күресу мақсатында қолданылып бастаған болатын.

Бүгінгі күні де кинезотерапия көмегімен келесі мүмкіндіктер даму барысында:

– бұлшықет кернеуін азайту;
– қан айналымын қалпына келтіру;
– қабынуды азайту;
– бұлшықеттер мен сіңірлердің серпімділігін қалпына келтіру;
– буындардың, омыртқаның қозғалғыштығын жақсарту;
– қозғалыс амплитудасын арттыру;
– бұзылған қозғалтқыш функциясын қалпына келтіру;
– тыныс алу, жүрек-қан тамырлары және тыныс алу, жүрек-қан тамырлары және басқа дене жүйелерін жаттықтыру.

Осылайша адамның қалпына келу үрдісі жүзеге асады, адам жаңа жағдайларға бейімделіп, толыққанды өміріне қайта оралады. Кинезотерапияның екі түрін ажыратуға болады, оларды белсенді және пассивті

немесе белсенді емес деп бөледі. Осы екі түріне қатысты негізгі сипаттамалар келесі суретте келтірілді (1-сурет).




*Сурет 1. Кинезотерапия түрлерінің салыстырмалы сипаттамасы.*

Белсенді кинезотерапияны жүзеге асыру келесі әдістер арқылы мүмкін болады:

1. Емдік дене шынықтыру: емдік дене шынықтыру (тыныс алу, түзету, қалпына келтіру, босаңсыту гимнастикасы; қозғалмалы, отырықшы немесе спорттық ойындар, сайттағы ойындар; спорт элементтері – есу, коньки тебу және шаңғы тебу, велосипед тебу, жүзу);

2. Жаяу жүру (терренкур, жаяу серуендеу, кедергілермен жүру, скандинавиялық серуендеу);

3. Еңбек терапиясы (науқасты әлеуметтік бейімделу, психикалық функцияларды қалпына келтіру және аурумен бұзылған физикалық жағдай үшін жасанды түрде құрылған еңбек қызметіне тарту);

4. Мамандандырылған әдістер(Бобат, Вольт, Клапп, Кабот жүйелері, йога және т.б.).

Ал, пассивті кинезотерапия арнайы маманның көмегін ғана емес, соынмен бірге әртүрлі құралдар мен құрылғыларды, жабдықтарды да қажет етеді. Пассивті кинезотерапияны жүзеге асыру амалдарына келесі әдістерді жатқызуға болады:

– массаж (емдік, спорттық, профилактикалық, механомассаж);
– мануалды терапия (буындарды манипуляциялау, вертебротерапия);
– механотерапия (арнайы үстел үстінде тарту; аппараттардың көмегімен орындалатын жаттығулар);
– электрлік ынталандыру;
– акупунктура (ине салу).

Елімізде кинезотерапия саласы 2015 жылдан бастап ерекше қарқынмен дами бастады, кешенді қызметтер түрлерін көрсететін көптеген орталықтар ашылды, тіпті жеке дәрігерлер арнайы сауықтыру бағдарламаларын дайындап, қолданысқа ұсынды.

Kinesio Doctor клиникасы 2015 жылдан бері, ал Rekinetix орталығы 2016 жылдан бері Алматы қаласында қызмет көрсетуде.

Еліміздегі кинезотерапия агрессивті фармокотерапиясыз өзін-өзі емдеудің табиғи механизмдерін іске қосуды көздейді. Қалыптасқан кинезотерапияны келесі сипаттамалары арқылы бейнелеуге болады:

1) ол бірнеше ғылымдарды біріктірген деп есептеуге болады, оның ішінде реабилитология, травматология, вертебрология, ортопедия, спорттық медицина мануалды терапия, дене терапиясы, психология, остеопатия, кинезиология, нутрициология;

2) емдеу үшін елдегі теңдесі жоқ ең заманауи технологияларды қолдану, сапалы көмек көрсету үшін ең жақсы жабдықтармен жарақтандырылуы;

3) ауру белгілерін уақытша жеңілдетуге емес, ауруға әкелген факторларды анықтау және жоюға бағытталған;

4) фармокотерапия орнына дененің табиғи процесстерін ынталандыру, дамыту;

5) ауруды жеңу барысында зат алмасу мүмкіндіктері есепке алынады;

6) клиентке деген ерекше көзқарас, толықтай нәтижеге жұмыс істеу;

7) емдегеннен кейінгі нәтижеге көз жеткізу, осы мақсатта МРТ пайдалану.

Кинезотерапияның танымал әдістері келесі кестеде жинақталды (1-кесте).

*Кесте 1. Кинезотерапияның танымал әдістерінің сипаттары.*

| **Кинезотерапия әдістері** | **Жүзеге асыру тәсілі** | **Беретін негізгі мүмкіндіктері** | **Қолдану көрсеткіштері** |
|---|---|---|---|
| Гидрокинезотерапия | емдік жүзу, аквагимнастика, бассейнде серуендеу жасанды сарқырамалар астында тұру немесе қарсы ағым жағдайында жату, т.с.с. | - қан айналымын қалыпқа келтіреді,<br>- тіндердегі трофиканы жақсартады,<br>- бұлшықеттер мен байламдарды күшейтеді,<br>- буындардағы қаттылықты, бұлшықет контрактураларын алдын алады немесе жоюға көмектеседі,<br>- қозғалыстарды үйлестіруді қалпына келтіреді,<br>- метаболизмді ынталандырады,<br>- ауырсынуды басады;<br>- бұлшықет кернеуін жеңілдетеді | инсульт, бас миының жарақаттары, жүрек-қан тамырлары аурулары және тірек-қимыл аппаратының аурулары, жарақаттардың салдары |
| Детензорлық терапия | әртүрлі биіктіктегі көлденең | бұлшықеттердің релаксациясы (ең алдымен паротидтер) және | дене бітімінің бұзылуы, сколиоз, омыртқаның жедел |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | серпімді қабырғалары бар арнайы төсенішпен немесе матрацпен жүзеге асырылады | науқастың өз салмағының әсерінен омыртқаның жұмсақ тартылуы (тартылуы) | немесе созылмалы аурулары, остеопороз, асқынған қысым, бас ауруы, тыныс алу проблемалары, демікпе |
| Тепе-теңдік дискісіндегі немесе сенсоримоторлы жастықтағы жаттығулар. | ауа толтырылған резеңке диск | арқа бұлшықеттерін жаттықтыратын, олардың өзара әрекеттесуін реттейтін тепе-теңдікті сақтау ұлғаяды. Осылайша, қалып күшейеді, тепе-теңдікті сақтау қабілеті қалпына келеді, реакция жақсарады, қозғалыстар үйлестіріледі. | бұлшықеттер мен байламдарды күшейтеді, тіндердегі қанның микроциркуляциясын жақсартады, стрессті жеңілдетеді, ұйқыны қалыпқа келтіреді, жалпы әл-ауқатқа жағымды әсер етеді. |

Бұл әдістердің ересек жастағы адамдар үшін әдеттегі сауықтыру шаралары ретінде ғана емес, хирургиялық операциялардан өткен адамдар үшін де қолдану мүмкіндіктерінің болуы пайдалану шеңберін кеңейтеді. Мұндай емдік сауықтыру бағдарламасын тіпті балалар үшін қолдану мүмкіндігінің болуы кинезотерапияның басты артықшылықтарын атап көрсету мүмкіндігін береді:

1) Жеке көзқарас. Емдеу, Оңалту немесе алдын алу бағдарламасы белгілі бір пациенттің ерекшеліктерін – оның жасын, жынысын, аурудың ерекшелігін, дене шынықтыру деңгейін ескере отырып құрылады.

2) Жүктеменің біртіндеп артуы. Барлығы көп күш жұмсамайтын қарапайым қозғалыстардан басталады. Денеге бейімделуге уақыт қажет. Біртіндеп жаттығулар күрделене түседі, жүктемелер артады. Жаттығулар арасында демалу және тыныс алуды қалпына келтіру үшін үзілістер қажет.

3) Сабақтың жүйелілігі. Дене шынықтыру жаттығуларын жүйелі түрде орындау арқылы ғана оң динамикаға қол жеткізуге болады – бұзылған мотор функцияларын қалпына келтіру.

4) Дұрыс тыныс алу. Жаттығу кезінде тыныс алуды ұмытпау өте маңызды. Бұл зейінді ауырсынудан тыныс алуға ауыстыруға көмектеседі, терең бұлшықеттерді тартады.

5) Көрнекі мысал және сезімтал бақылау. Максималды нәтижеге жету үшін жаттығуларды дұрыс орындау маңызды. Дәрігер немесе жаттығу терапиясының нұсқаушысы үйретеді, егер пациент бірдеңе дұрыс емес болса, қозғалыстарды бақылайды, терапияның зиян емес, пайда әкелетінін қадағалайды. Егер жаттығулар үйде өткізілсе, алдын-ала дайындықтан өту өте маңызды.

Әрине, ең басты артықшылығы ретінде арнайы медициналық препараттарды қабылдаудың қажеті болмайтындығында немесе олардың мүмкіндігінше азайтылуында болып табылады.

Кинезотерапиядағы бүгінгі күнгі жетістік тірек-қимыл мүшелерінің ауыруының себептерін іздеу барысында оларды асқазан ішек жолдарының ауруларымен байланыстырунда болып табылады. Ғалымдар тек тәжірибе тұрғысында жұмыс істеп қана емес, ғылымды да ары қарай дамыта түсуде. Дененің жарақаттануынан және созылмалы аурулардан кейін қалпына келуінің баяулау себептерінің 90%-ы ағзаның сүт қышқылымен қышқылдануы – ортаның pH төмендеуімен байланысты екендігі анықталды. Сүт қышқылы – АТФ энергиясының түзілуінің анаэробты фазасындағы энергия көзі – гликогеннің ыдырау өнімі. Қарапайым сөзбен айтқанда, ағзаның детоксикация жүйесі жұмысын тоқтатады, ол «пайдаланылған» заттарды: метаболиттерді, токсиндерді шығарумен айналысады, бұл аурудың қабыну фазасының баяулауына әкеледі. Дененің негізгі детоксикация жүйесі-лимфа жүйесі. Кинезотерапия токсиндердің табиғи шығарылуын ынталандырады және оның бұзылуының себебін табады. Бұған қосымша тірек-қимыл аппаратының жарақатын немесе созылмалы ауруын емдеуді жеделдетуге арналған заманауи жабдықтар көмегімен физиотерапияны жүргізу. Осындай кешенді шаралар ғана жеке емдік сауықтыру бағдарламаларының құндылығын арттыра түседі. Дегенмен, ары қарай зерттеулер жүргізу, академиялық ойлар мен пікірлерді тәжірибемен ұштастыру қажеттілігі әлі де басым.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Пирогова Л.А., Улащик В.С. Кинезотерапия и массаж в системе медицинской реабилитации: Учеб. пособие. – Гродно, 2004. – 242 с.

2 Бубновский С.М. Адаптивная физкультура с основами кинезитерапии [Текст]: Основные положения программы. – М., 2008. – 96 с.

3 Петрище И.П. Лечебная физическая культура и массаж. Учебное пособие. – Орёл, ФГБОУ ВПО «ОГУ», 2013. – 242 с.

4 Цой Л.В. Значение занятий физическими упражнениями в повышении качества жизни лиц пожилого и старческого возраста. Лечебная физическая культура: достижения и перспективы развития: материалы V Всероссийской научно-практической конференции с международным участием 25-26 мая 2016 г. Под общей редакцией Н.Л. Ивановой, О.В. Козыревой. – М.: РГУФКСМиТ, 2016. – 318 с.

# МАЗМҰНЫ
# СОДЕРЖАНИЕ
# CONTENT

## Гуманитарлық ғылымдар
## Гуманитарные науки
## Humanities

**Масек Н.М.** Абай шығармаларындағы мотивациялық дискурстың психолингвистикалық сипаты ..... 5
**Султанмуратова Р.Ж.** Ағылшын тілі сабағында оқушылардың жұмысын бағалау жолдары ..... 9
**Уралбаева Д.Т.** Ертегілердің ерекшелігі және педагогикалық маңызы ..... 18
**Ахметкалиев Р.Б.** Консервация артефактов из водонасыщенной древесины курганов Берель ..... 22
**Елшибаева К.З., Абылгазина Б.Ш.** Қазақ тілін оқытуда қолданылатын интерактивті әдістер ..... 29
**Жұмабек Д.Е.** Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті аутентті материалдар арқылы дамыту ..... 34
**Әбілда Ұ., Ерғожина Ш.** Мәтін арқылы білім алушылардың мәденитанымдық құзыреттілігін қалыптастыру ..... 44
**Ахметкалиев Р.Б., Алтынбеков К.** Укрепление ветхой бумаги и определение ее механической прочности ..... 49

## Әлеуметтік ғылымдар және экономика
## Социальные науки и экономика
## Social sciences and economics

**Мірсәді Ж., Тәжібек Г., Сақбек М.** Әлеуметтік медиадағы жарнама науқандарының ерекше сипаттары ..... 56
**Сарбасова Р.С., Нұрымов А.А.** Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қаржылық сауықтырудың теориялық аспектілері ..... 61
**Базарханова М.Б.** Индекс счастья как показатель экономического благосостояния общества ..... 68
**Абенов А.К., Байбосынов А.У., Карашев А.С.** Маржинальный анализ как основа принятия управленческих решений ..... 73
**Мырзабекова А.Б.** Пандемия кезіндегі жағажай туризмі (Алакөл ауданы мысалында) ..... 78
**Оразғалиева Ш.Ө., Тажиева С.К.** Перспективы использования современных информационных технологий в государственном управлении в условиях вызовов пандемии COVID-19 ..... 83
**Төкенова Ж.Ж.** Шығыс Қазақстан облысының туристік-рекреациялық ресурстарын оңтайландыру ..... 95

**Кажетов Б.** Оценка применения практики экологического менеджмента 100

## Құқық қорғау, әскери іс және қауіпсіздік салалары
## Юриспруденция, военное дело и безопасность
## Law enforcement, military and security

**Бошыбаев Т.Б.** Құқықтық сананың кейбір мәселелері ..... 106
**Шаймергенов Р.Л.** Механизмы борьбы с коррупцией в Европейских странах ..... 110
**Танов И.А.** Нотариальные действия в системе юридических фактов в гражданском праве Республики Казахстан ..... 114

## Жаратылыстану ғылымдары
## Естественные науки
## Natural science

**Хамзина Ш.Ш., Назарова Г.А., Бахтиярқызы А.** «Өсімдіктер физиологиясы» курсын оқытуда ақпараттық және компьютерлік технологияның рөлі ..... 119
**Мейрамхан А.Р.** Жоғары оқу орындарындағы генетика пәнінің басқа биологиялық ғылымдармен сабақтастығы және оның маңыздылығы ..... 126
**Байкенжеева А.Т., Назарова Г.А., Ауминова Ә.** Использование цифрового учебного контента по дисциплине «Морфология и анатомия растений» ..... 133
**Байсеркеева Л.С., Бескемпірова Ә.М.** Климаттың өзгеруіне ықпал етуші факторларды талдау ..... 140
**Ернұр Ұ.** Математикалық есептерді шығаруда геометриялық алмастыруды қолдану ..... 146
**Ибрагимов Р.І., Орынбасарова А.Ж.** Мектеп оқушыларын математикадан ғылыми-зерттеушілік қызметін дамыту әдістемесі ..... 150
**Тукашев Ж.Б., Есендосов Т.Н.** Оқу орнындағы өрт қауіпсіздігі және оның алдын алу шаралары ..... 155
**Голушко А.В.** Роль озеленения в локальном тепловом охлаждении городской инфраструктуры ..... 162
**Айдарбеков Е.С.** Функциялардың графигін салудың кейбір элементар әдістері ..... 166

## Ауыл шаруашылығы ғылымдары
## Сельскохозяйственные науки
## Agricultural science

**Джилкайдаров Р.Т.** Испытание бычков казахской белоголовой породы по собственной продуктивности в условиях Акмолинской области, Астраханского района ..... 173
**Халдарбекова Л.Н., Турсунбаев Х.И.** Некоторые предпосылки регулирования энергетических связей в ризосфере почвенной экосистемы деградированных земель ..... 179
**Сагалбеков Е.У., Тлеппаева А.А.** Результаты экологического сортоиспытания зернового и кормового сорго в условиях жесткой богары Северного Казахстана ..... 191

## Техникалық ғылымдар және технологиялар
## Технические науки и отрасль технологии
## Technical sciences and technologies of the industry

**Каратаев Н.Н., Мусабаев Т.Т.** Бөлінген іргетастар үшін Eurocode 7-де белгіленген қауіпсіздік шектерінің ықтималдық бағалары ..... 198
**Канибекова М.Ә., Серіков С.А.** Информационно-коммуникационные технологии (ИКТ) в процессах распространения и использования мягких навыков в высших учебных заведениях ..... 215
**Абытова А.С., Жарылғапов С.М.** Қызылорда қаласының Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жасанды негіздіктегі топырақтың орнықтылығы мен құрылымдық геотехникалық массивтің заңдылықтары . 221
**Лютикова В.С.** Метод распознавания и визуализации роев землетрясений 228

## Педагогика және білім беру
## Педагогика и образование
## Field of pedagogy and education

**Жандавлетова Р.Б., Избасарова Ж.Ж.** «Оқушылардың өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтары» тақырыбы бойынша практикалық сабақты өткізу әдістемесі ..... 234
**Зинадин А.Ж.** 10-11 жастағы балаларда сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктері ..... 241
**Тусупова М.М., Жалмагамбетова А.Е.** Балаларды ерте дамытудың психологиялық аспектілері ..... 246
**Аяған Е.С., Амангелдина А.Б.** Бастауыш сынып оқушыларының технологиялық біліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары ..... 250
**Жетібаева А.Н., Құрманбаев Р.Х., Назарова Г.А.** Биология пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың дербестігін қалыптастыру ..... 256

**Қанат У.Е.** Биология пәнін оқытуда виртуалды зертханалық жұмыстардың маңызы ..... 261
**Хамзина Ш.Ш., Молдашова Ж.Б.** Биологияны эксперименттік-практикаға бағдарлап оқыту ..... 270
**Науқанова А.Е., Бекетова А.К.** Білім алушыларда биологиялық білімді қалыптастыруда әртүрлі ойын әдістерін қолдану арқылы танымдық қабілетін дамыту тиімділігі ..... 274
**Тохтарова А.Б., Бекетова А.К.** Білім беру үрдісінде денсаулық сақтау технологиялары арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру ..... 281
**Ермахан Т.Е., Назарова Г.А., Курманбаева М.С.** Білім беруде жүзеге асырылатын гибридтік бірлескен оқыту технологиясының мәні ..... 292
**Имангалиева Ш.Д., Имангалиева К.Д.** Болашақ мұғалімдердің тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда интербелсенді педагогикалық технологияларды пайдалану ..... 296
**Бахытова А.Б., Ерік Ш.Е., Есенкелді Э.Т., Назарова Г.А.** Болашақ педагогтардың креативтілігін қалыптастыруда жаңартылған білім беру реформасы аясындағы оқыту технологияларын меңгерудің маңызы ..... 302
**Әмитова Ж.Т., Қабылбекова Б.Ж.** Ғылыми зерттеу әдістерін биология сабақтарында тиімді қолдану арқылы оқушылардың таным әдістерін қалыптастыру ..... 307
**Нысанбайқызы Н.** Қазақстан флорасындағы жасаңшөптер тұқымдасының өкілдері жайлы студенттердің білім деңгейін анықтау ..... 314
**Майкупова А.А., Кабылбекова Б.Ж.** Қазақстанда өсетін розагүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктерге оқушылардың қызығушылық деңгейін анықтау ..... 318
**Бекмұрза Д.С.** Мектепке дейінгі білім беру саласындағы инновациялық жүйелер: экономикалық тәрбиелеу ..... 325
**Сәмет Ұ.С., Иманалиева М.Т., Әминова А.С., Мағзумова Ф.Т.** Мектепте биология пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тиімділігін зерттеу ..... 331
**Долганина О.Л.** Методы арт-терапии используемые для развития творческого потенциала у детей с нарушениями в развитии ..... 340
**Жунусова К.С.** Оқу процесінде және қашықтықтан оқытуда инновациялық технологияларды қолдану жағдайында телеграм – мессенджер желісін пайдалану перспективалары ..... 344
**Шәкірбек С.Ә., Жумагулова К.А., Назарова Г.А.** Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын сыныптан тыс іс-әрекет үдерісінде қалыптастыру (биологиялық пәндер материалында) ..... 350
**Мүзапбарқызы Н., Курманбаев Р.Х., Назарова Г.А.** Оқушылардың экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы ..... 355
**Айданақ Ә., Садықова Р.А.** Пәнаралық интеграция негізінде биология пәнін оқыту тиімділігі ..... 360
**Сулейменова У.К.** Стратегии и приемы на уроках русского языка и литературы для формирования функциональной грамотности учащихся .... 364

**Дарибаева С.Қ., Камербаева А.Н.** Студенттің іс-әрекетінің мотивтерін қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері ..... 369
**Косымова Д.М., Бекетова А.Қ.** Топта оқыту арқылы жоғары сынып оқушыларының командалық жұмыс жасау қабілетін арттыру мәселелері ... 374
**Есенбекова Қ.С.** Биология сабағында интерактивті құрал ретінде геймификация элементтерін пайдаланудың әдістемелік негіздемесі әлемдік және отандық тәжірибелер ..... 381
**Жалғасбек А.Қ.** Биологияны оқытуда цифрлық зертхананы тиімді пайдалану: Қазақстан және шетелдік тәжірибеге талдау ..... 386
**Төлеубекова Ж.Қ., Зауренбеков Б.З.** 45-50 жастағы адамдардың дене қасиеттерін кинезотерапия арқылы дамыту бағдарламасының артықшылықтары ..... 395

Scientific publication
proceedings of the international scientific conference
**«Models and methods for improving the effectiveness of innovative research»**
26-27 December 2022
Turkestan, Kazakhstan

**Responsible editor – A. Amangeldiyev**

Signed to the press on 29.12.2022
Circulation of 50 copies. 60X90/8 format
Offset paper font «Times New Roman»
Order no. 15258

ISBN 978-601-08-2965-7

Published in the printing house of the «Bilim Innovations Group».
Uly Dala avenue 38/494, Astana city, Republic of Kazakhstan,010000
Phone: +77074929322; e-mail: info@kazconf. com

*Ескертпелер үшін*